



№90 (28568)
16 МАМЫР
СЕНБІ
2015 ЖЫЛ



Бүгінгі нөмірде:

Біз бағындырар биіктер

3-бет

Ұлт перзенті

5-бет

Ұсақ қожалықтар бірігуге неге құлықты емес?

6-бет

Көршінің ісі керемет еді...

7-бет



Нақты тапсырмалар берді

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-Министр Кәрім Мәсімовті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында К.Мәсімов Қазақстан Президентіне негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, маңызды мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ, Жанғырту жөніндегі ұлттық комиссияның қазіргі қызметі туралы баяндады.

қойылған міндеттерді уақытында жүзеге асыруға оң ықпал етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті көптемі егіс жұмыстарын сапалы атқару ісіне атсалысу, елдің әрі қарай индустриялық-инновациялық дамуын, сондай-ақ, оның негізгі экономикалық көрсеткіштерінің орнықтылығын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

Суретті түсіргендер С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.

Президент поштасынан

Жарқын жеңісімен құттықтады

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атына мемлекет, үкімет басшыларынан, халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен сайлаудағы жеңісіне байланысты құттықтаулар әлі де келіп жатыр

Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Джейкоб Зумадан Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлануына байланысты құттықтаған жеделхат келді, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Д.Зума Оңтүстік Африка үкіметі мен халқының атынан шынайы құттықтауын жолдады.

«Елдеріміз бен халықтарымыздың арасындағы орныққан қарым-қатынастарға қанағаттанатынымды айтып келеді. Біздің ұзақ мерзімді қарым-қатынасымыз Сіздің білікті басшылығыңызбен бұдан әрі дамып, өркендей беретініне сенімдімін», – делінген жеделхатта.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Бразилия Федеративтік Республикасының Президенті Дилма Русефтен құттықтау жеделхаты келді, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Д.Русеф құттықтауын бүкіл Бразилия халқының және жеке өзінің атынан жолдаған.

«Екіжақты ынтымақтастығымызды нығайту және Қазақстан мен Бразилия арасындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін іздестіру үшін мен Сізбен жұмысымызды жалғастыруды қалайтынымды тағы да атап өткім келеді», – делінген құттықтауда.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Жаңа Зеландия Премьер-министрі Джон Киден құттықтау жеделхаты келді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Д.Ки Қазақстан мен Жаңа Зеландия әлемдік қоғамдастықтың белсенді мүшелері екенін атап өткен.

«Біздің көптеген салаға, соның ішінде ядролық қарусыздануға, жаңғыртылатын энергияға, сондай-ақ, климаттық өзгерістер ықпалына қатысты ортақ мүдделеріміз бар», – делінген хатта.

Жаңа Зеландия Премьер-министрі Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік лауазымына, сонымен қатар, Қазақстанға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануына қатысты науқанға орай табыс тіледі.

(Соңы 2-бетте).

Ауғанстан Президенті көңіл айтуын білдірді

Ауғанстан Президенті Мохаммад Ашраф Ғани Қазақстанның азаматшасы А.Абдулаеваның лаңкестердің қолынан қаза табуына байланысты Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа көңіл айтуын білдірді, деп хабарлады Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі.

Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Мохаммад Ашраф Ғани Қазақстанның Ауғанстандағы елшісі Әміртай Бітімұлымен телефон арқылы сұхбатында, 2015 жылғы 13 мамырда Қабыл қаласындағы қонақүйге жасалған қарулы шабуыл салдарынан Қазақстан Республикасының азаматшасы Әйгерім Абдулаеваның қаза болуына байланысты Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа, Қазақстан халқына және марқұмның отбасы мен жақындарына көңіл айтуын білдірді.

Ауғанстан басшысы Қазақстан азаматшасының қайтыс болғаны туралы жайсыз хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын, сондай-ақ елде лаңкестікті жою бойынша Ислам Республикасы басшылығы барлық шараларды қолданып отырғанын мәлімдеді.

Ауған тарапы «Ауғанстанның үлкен әрі жақсы досы» болып отырған Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін де айрықша атап өтті.

Ұйым талаптарымен үйлесімділік керек

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетекшілік етуімен палатаның кезекті жалпы отырысында үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау шараларын қарастыратын заң жобасы қаралды. Сондай-ақ, депутаттар сумен жабдықтау және су бұру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты кредиттеу мен субсидиялау мәселелеріне қатысты өзгерістерді көздейтін заң жобаларын да талқыға салды.

Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ, «Егемен Қазақстан».

Алдымен депутаттар «Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы» заң жобасын қызу талқылады. Заңдық құжат арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану саласындағы бірыңғай сауда саясатын қалыптастыруға бағытталған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес ұлттық заңнама нормаларын біріздендіруді көздейді. Және отандық заңнама нормаларын Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес келтіру қарастырылып отыр. Бұл

еліміздің ДСҰ-ға қосылуы процесіне ықпал етуі тиіс.

Жалпы, заңдық құжатта Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылымында тергеп-тексеру жүргізетін органның тергеп-тексеру жүргізу тәртібі; ДСҰ келісімдеріне сәйкес тергеп-тексеру жүргізу рәсімін регламенттеу; ЕЭК-тің арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын енгізу туралы шешімдер қабылдауы; Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ЕЭК-тің тергеп-тексеру жүргізетін органы арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері де көрініс тапқан.

(Соңы 2-бетте).

Түрікменстан делегациясымен кездесті

Мәжіліс Төрағасы Қабилла Жақыпов Түрікменстан Межлісі төрағасының орынбасары Гурбангуль Байрамова бастаған делегация өкілдерімен кездесті, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Аталған ел парламентшілері біздің елімізге Түрікменстанның бейтарап ел атануының 20 жылдығына арналған шараларға қатысуға шақыру үшін келді.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықты дамытудың ауқымды мәселелерін талқылап, жанар-жағармай, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация салаларына баса көңіл бөлді.

Қабилла Жақыпов Түрікменстанның Қазақстан үшін Орталық Азиядағы бауырлас ел, тату көрші, стратегиялық әріптес екенін атап өтті.

Біздің ел басшыларының саликалы саясатының арқасында Қазақстан мен Түрікменстан екіжақты тиімді қарым-қатынастың үлгісін көрсетіп келеді, – деді Қ.Жақыпов. Мәжіліс Төрағасының айтуынша, «Түрікменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» газ құбыры, «Қазақстан – Түрікменстан – Қытай» теміржол құрылысы сияқты ірі жобалар аясында ықпалдастықтың маңыздылығы өте зор.

Кездесу барысында тауар айналымының өсіміне де көңіл бөлінді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымының көлемі 475 млн. долларды құраған.

Өз кезегінде Гурбангуль Байрамова жүзеге асырылып жатқан жобалар Қазақстан мен Түрікменстан ғана емес, аймақтағы көптеген елдердің дамуына ықпал етіп жатқандығын атап өтті. Одан әрі Г.Байрамова қазақстандық әріптестерін өздерінің көппартиялы парламенттерінің қызметінен хабардар етті.

Кездесу иелері парламентаралық байланыстарды нығайту жағдайын да назардан тыс қалдырмады. Ол заңнамалық салада тәжірибе алмасуға жол ашумен қатар, қос мемлекет арасындағы достықтың тереңдей түсуіне мүмкіндік береді.

Меймандар қазақстандық әріптестерін осы жылдың желтоқсан айында Ашгабадта өтетін мерекелік шараларға қатысуға шақырды.

Шешімдер қабылданып, ұсынымдар берілді

Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Рашид Түсіпбековтің басшылығымен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Отырыста сот жүйесін жетілдіру жөніндегі Мемлекет басшысының «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде берген тапсырмаларын іске асыру мәселелері талқыланды, сондай-ақ сот жүйесінің ұйымдастыру-кадрлық мәселелері қарастырылды.

Отырыс қорытындысы бойынша Жоғары Сот Кеңесінің тиісті шешімдері қабылданып және ұсынымдары берілді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі.

Жоғарғы Рада өкілдерімен жүздесті

Мәжілісте Палата Төрағасының орынбасары Сергей Дьяченко мен Украина Жоғарғы Радасының ынтымақтастық жөніндегі топ мүшелері парламентаралық іс-қимыл мен жалпы Қазақстан – Украина қарым-қатынасын дамытудың маңызды мәселелерін талқылады, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Тараптар Қазақстан мен Украина арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды нығайтуға қызығушылық білдірді. С.Дьяченко Украинадағы қоғамдық-саяси жағдайды алға тарта келіп, аталған елде орын алған дағдарысты реттеу жолын іздестіруде біздің еліміздің көптеген шараларға қатысуына тоқталды. Осы ретте Мәжіліс Төрағасының орынбасары Елбасының жанжалды реттеуге ықпал ету үшін барлық тараптармен белсенді жұмыс жүргізіп келе жатқанын айрықша атап өтті. С.Дьяченконың пікірінше, Қазақстан ең алдымен, екі ел басшыларының

экономикалық өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған келісімдерін жүзеге асыруға ерекше маңыз береді.

Өз кезегінде ынтымақтастық жөніндегі топ жетекшісі, Жоғарғы Раданың қаржы саясаты және банк қызметі мәселелері бойынша комитет төрағасының орынбасары Руслан Демчак Қазақстан мен Украина арасында екіжақты қарым-қатынасты кеңейтудің, әсіресе, экономика саласында оларды табысты дамытудың, сондай-ақ, инвестициялық әлеуетті арттырудың мүмкіндігі зор екендігіне сенім білдірді. Сондай-ақ, ол Қазақстанға гуманитарлық көмек үшін алғысын жеткізді.

Сергей Дьяченконың атап өткеніндей, мәжілісмендер украиндық әріптестерімен өзара іс-қимыл қарқынды артыруға қанағана дайын. Ал парламентаралық ұнақтасуды одан әрі нығайту мәселелері ынтымақтастық жөніндегі топ өкілдерінің бейінді комитеттер төрағаларымен кездесуінде одан әрі жалғасты.

Үйренетін үрдіс

Жылыжайда – жүз мың түп гүл



Думан АНАШ, «Егемен Қазақстан».

Соңғы жылдары тарбағатайлықтар төрт түлікпен ғана емес, бау-бақша, егістік шаруашылығымен де дендеп айналыса бастады. Аудан әкімі Ділдібек Оразбаев тиімді түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде, тау бөктерінде бұған дейін мал шаруашылығын кәсіп қылған елдің енді егін егуге, бақша өсіруге, жылыжаймен шұғылдануға да құлшынысы ояна бастағанын айтады. Таяуда аудандағы шағын елді мекендердегі бірінен саналатын Шыбынды ауылында болдық. Шыбындыда – шыбынсыз жаз. Бұрын қарапайым қыстақ болған елді мекенде кішігірім жылыжай бой көтеріпті. Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әсет Ақанжановтың айтуынша, бүгінде ауылға оралып жатқан тұрғындар қатары көбейіп келеді. Олардың басым бөлігі кәсіптің көзі ауылда

екенін түсіне бастады. Солардың бірі – Марат Құсайынов есімді азамат.

Марат өткен жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 3 млн. теңге жеңілдетілген несиесіне алды. Алматы қаласында 10 жыл бойы гүл өсірумен шұғылданған ол өзі қыр-сырын жетік білетін шаруаны ауылда да өркендетуге болатынын түсінді. Бұлттыр көшіп келе салысымен жылыжай құрылысын салып, биыл сол жылыжайда гүл өсіруге. Мараттың жылыжайында 5 адам жұмыс істейді. 600 шаршы метрлік жабық нысанның ішіне кірсек, қайнап тұр. Ақпанның ақтөек боранында да мұнда 40 градусық ыстық болады екен. Жағармай отынымен оңай жылытатынын жылыжайда кәсіпкер 100 мың түп гүл өсіріп отыр. Каталогпен жылыжайда шыбынсалы, барқытгүл, нарғызгүл, қашқаргүл сияқты 12 түрлі гүл өсіретінін көрдік.

– Бізге аудандағы түрлі мемлекеттік және жеке кәсіпорындар



мен мекемелер тапсырыс берді. Сәтін салса, барлығын қамтимыз деген ойымыз бар. Сондай-ақ, көпжылдық раушан гүлдерін өсіруді жоспарлап отырмыз, – дейді Марат.

Бір қызығы, Марат бірнеше тіл білетін полиглот екен. Алайда, ол өзіне гүл өсіру ұнайтынын айтады. Қаладан ауылға оралған кәсіпкердің қазір шағын шаруа қожалығы, аудан орталығы – Ақсуат ауылында сәулелік салоны бар. Сонымен бірге, сауда орталығын салуда.

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы.

Сүйінші!

Тоқсан бестің тағылымды тарихы қалың оқырманның қолына тиді

Астанадағы «PRINTING-HAUS» ЖШС-нан «Бас басылым» атты фотоальбом жарық көрді. Ол осыдан 5 ай бұрын 95 жылдығын атап өткен «Егемен Қазақстан» газетінің арғы-бергі тарихынан сыр шертеді. Оқырмандар назарына ұсынылып отырған бұл шежіре-жинақта былайғы күнде байқалмай, өз қазанында бұрқ-сарқ қайнап жататын газет тіршілігінің қайталанбас сәттері көне және жаңа суреттерде сәтті көрініс тапқан. Сондай-ақ, мұнда оқырман кеңірек мәлімет алыс деген ниетпен басылымды әр кезеңдерде басқарған басшылардың, қоғам қайраткерлерінің, ардагерлердің, бұрынғы қызметкерлердің ой-пікірлері, естеліктері де ұсынылып отыр. Кітап газет тарихына қатысты сирек суреттерді, деректерді жариялауымен де құнды.



Сауда министрімен салиқалы әңгіме

Астанада Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов Сауд Арабиясы Корольдігінің Сауда және индустрия министрі Тауфик ар-Рабиамен кездесу өткізді, деп хабарлады Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі.

Тараптар екіжақты қатынастар мен халықаралық күн тәртібінің кең ауқымды мәселелерін талқылады. Сұхбаттастар сауда-экономикалық, ядролық және жаңғыртылмалы энергетика, мұнай химиясы, көлік салаларында екіжақты байланыстарды дамытуға және инвестициялық ынтымақтастықты белсенділендіруге мүдделілігін білдірді.

Е.Ыдырысов Сауд Арабиясының Араб мемлекеттер лигасының, Орталық Азия елдері мен Әзербайжанның экономикалық форумын өткізу

бастамасын жоғары бағалап, өңірлер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтудағы бұл шараның зор маңызын атап өтті. Сұхбаттастар Кәсіпкерлер кеңесінің бірлескен жұмысын қайта жаңғырту қажеттілігін растап, екіжақты кеңес отырысын биыл өткізуге келісті.

Е.Ыдырысов Қазақстан Сауд Арабиясын араб және мұсылман әлемінде маңызды серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

(Соңы 2-бетте).



• Президент поштасынан

Жарқын жеңісімен құттықтады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына әлемнің түрлі елдерінің белді саясаткерлерінен, халықаралық ұйымдар басшыларынан, компаниялар мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің жетекшілерінен, сондай-ақ, еліміздің азаматтарынан құттықтаулар келіп түсті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, Сирия Араб Республикасының Президенті Башар Әл-Асад Нұрсұлтан Назарбаевты президенттік сайлаудағы жеңісімен Сирия халқының және жеке өзінің атынан құттықтады.

«Қазақстан халқының Сізді Президент ретінде сайлаудағы таңдауы – тұрақтылық, даму және тұтастық бағдарының жалғасуының көрсеткіші, сондай-ақ бүкіл елдің Сізге деген сенімінің айғағы, бұл халықтың бірлігін көрсетеді», – делінген құттықтауда.

Бутан Корольдігінің Премьер-министрі Тшеринг Тогбай ел халқының және жеке өзінің атынан Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

«Сіздің жеңісіңіз соңғы жиырма жылда қойылған міндеттерге уақытында қол жеткізілгендігіңіз айғағы, сондай-ақ халық тарапынан Сіздің көшбасшылығыңызға деген сенім мен қолдаудың көрсеткіші», – делінген құттықтауда.

Т.Тогбай Нұрсұлтан Назарбаевқа сарқылмас қуат, ал Қазақстан халқына бұл әрі дамуына және өркендеуіне тілектестік білдірді.

БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры Жозе Граниано Да Силва өзі басқаратын құрылым мен жеке өзінің атынан Нұрсұлтан Назарбаевты мемлекеттің жоғары лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, мықты денсаулық және маңызды қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бақ-береке тіледі.

«Жібек жолының бейбітшілік сыйлығы» қорының өкілдері Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамуда табысқа жеткенін, сонымен бірге әлем назарын аударғанын атап өткен.

«Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл әлемде мойындалған көрнекті Мемлекет басшысы болып табылады. Оның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті және Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі бастамалары тиісті елдер арасындағы диалог пен консультацияларға, өзара сенімді нығайтуға, өңірдегі бейбітшілік

пен тұрақтылықты сақтауға қосылған қомақты үлес болып саналады. Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен ешқандай күмәнсіз бұдан да зор табыстарға жететініне сенімдіміз», – деп жазады авторлар.

АҚШ Солтүстік Дакота штатының губернаторы Д.Дэришл Қазақстанмен ынтымақтастықтың көптеген ортақ бағыттары бар екеніне тоқталып, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласын айрықша атаған.

Д.Дэришл, сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаевқа ізгі тілегін жолдай отырып, Қазақстан мен Солтүстік Дакота арасындағы сауда мүмкіндіктері әрі қарай дами берерінен үмітті екенін білдірген.

АҚШ сенаторы Д.Ховен өзара ықпалдастық қарқыны артып келе жатқанына назар аударған.

«Елдеріміздің арасында ауыл шаруашылығы саласындағы сауда қатынастарына демеу жасау өте маңызды, соған орай Сіздің қайта сайлануыңызға байланысты мен жемісті ынтымақтастық жұмыстарын бұдан әрі жалғастыруды тағатсыздана күтемін», – делінген хатта.

Ұлыбритания Парламенті Лордтар палатасының мүшесі М.Доббс Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік сайлаудағы жеңісі бұдан әрі де Қазақстан халқының бақуатты өмірін қамтамасыз етіп, еліміздің өркендеуі мен жаңа жетістіктерінің дәуірін бастайтынына деген үмігін білдірген.

«Сіздің қайта сайлануыңыз Сіздің ел мен Біріккен Корольдік арасында беки түскен достықты нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін», – деп жазады автор.

Ресей Федерациясы Президентінің халықаралық мәдени ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі М.Швядкой өз құттықтауында сайлаудағы айқын жеңіс елдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын нығайту және халықаралық беделін арттыру ісіндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың енебегін Қазақстан халқының мойындауының жарқын айғағы екенін атап өткен.

«Өмірдің барлық саласындағы Қазақстанның табыстары дау тудырмайды. Республика халықаралық гуманитарлық ынтымақтастық саласында да барған сайын маңызды әрі айқын рөл атқаруда, бұл ретте ол төл ұлттық дәстүрлерін де сақтап отыр», – деп жазады автор.

«Чалык Холдинг» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы А.Чалык Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік сайлаудағы жеңісінің елдің тыныштығы мен тұрақтылығы үшін маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, А.Чалык Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстанның жан-жақты дамып келе жатқанына, соның арқасында Орталық Азиядағы экономикасы

ең ірі ел болып отырғанына назар аударды.

«Фон Ротге қайырымдылық қорының» негізін салушы О.Игалс-Ротге Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан Президенті лауазымына сайлануымен құттықтап, еліміздің әрі қарай дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жолын жалғастыруына тілектестік білдірген.

Бірқатар қоғамдық қорлардың басшылары, Алматының жас белсенділері, сондай-ақ, Қазақстанның мәдениет қайраткерлері өз хаттарында қала жастары атынан Нұрсұлтан Назарбаевты өткен президенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтады.

«Қазақстан халқына «Нұрлы Жол» атты Жолдауыңызда сіз барлық саланы қамтитын, сондай-ақ, елдің ұдайы дамуын қамтамасыз ететін жаңғырту жолын көрсететін ауқымды өзгерістерді атап бердіңіз. Соған қарап, біз алдымызда тұрған барлық міндеттердің қаншалықты ауырлығын сезінеміз. Кез келген қазақстандық «Мәңгілік Елдің» азаматы болуға лайық деп сенеміз», – делінген хатта.

«Менің балалық шағымның аспаны» фильмінде бозбала Нұрсұлтан рөлін ойнаған Е.Әлиев Мемлекет басшысын Қазақстанның дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтып, Президентке мықты денсаулық, ал елімізге бейбітшілік пен тыныштық тіледі.

Нұрсұлтан Назарбаевтың Президент сайлауындағы жеңісіне байланысты құттықтауларын, сондай-ақ, Алматы облысы Қаракемер ауылынан Ұлы Отан соғысының ардагері К.Қосақов, Орал қаласынан Ардагер мұғалімдер кеңесінің төрағасы С.Иманғалиева, Қарағанды облысы Теміртау қаласынан В.Хомякова, Қызылорда қаласының тұрғындары Х.Құнанқарев пен С.Шамырқұлов, Жамбыл облысы Сарыкемер ауылынан Ө.Әбдірейімов, Жамбыл облысы Үлгілі ауылынан Е.Серікбайұлы және Мойынқұм ауылы мектебінің оқушысы А.Мүслімова, Оңтүстік Қазақстан облысы Жаңа тұрмыс ауылындағы М.Ғабдуллин атындағы №53 мектептің 7-сынып оқушысы Ө.Ұлжабаева, Қарағанды облысы Саран қаласындағы №17 мектептің 6-сынып оқушысы У.Серікбаева, Алматы облысы Сарқан қаласындағы Н.Островский атындағы мектеп-лицейдің 4-сынып оқушысы Т.Өнербаева жолдады.

Өлең жолдары арқылы өрнектелген өзгеше тілек-лебіз Алматы қаласының тұрғыны Г.Өтеғалиеван және Алматы облысы Ұзынағаш ауылындағы С.Бердіқұлов атындағы мектептің 11-сынып оқушысы З.Ысқақовадан келіп түсті.

Соңғы апталарда келген хат-хабарлармен мұқият танысып шыққан Мемлекет басшысы барлық хаттар мен жеделхаттардың авторларына құттықтаулары үшін шынайы алғысын білдірді.

Келелі міндеттер жүктейді

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы жұмысына Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық менгерушісі Ералы Тоғжанов қатысып, ел тұрақтылығын қамтамасыз етудегі саяси құрылымның рөліне Елбасының жоғары баға бергенін атап өтті.

Өмір ЕСҚАЛИ, «Егемен Қазақстан».

Барлық деңгейдегі этномәдени бірлестіктер жетекшілері, діни конфессия өкілдері, мемлекеттік орган басшылары алдында облыстық Ассамблеяның төрағасы, аймақ басшысы Ерік Сұлтанов баяндама жасап, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына арналған XXII сессиясында сөйлеген сөзінен туындайтын міндеттерге жан-жақты тоқталды. Ел егемендігін алған күннен бастап Президент тұрақтылықтың негізі етіп халықтың татулығын қойды. Осы жылдары құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім мен бірлік институтына айналды. Этносаралық татулықтың арқасында елімізде экономикалық, әлеуметтік-саяси бағдарламалар табысты жүзеге асырылып келеді. Алдымызда 5 халықтық реформаны орындау сияқты келелі міндеттер тұр, дей келіп, шешен жергілікті жерлерде атқарылып

жатқан іс-шаралармен таныстырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық менгерушісі Е.Тоғжанов Мәңгілік Ел идеясы арқауына негіз болған құндылықтарымызды өскелең ұрпақ бойына дарыту мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Елбасының бастамалары мен тапсырмалары Қызылжар өңірінде ойдағыдай орындалатынына сенім білдірді.

Бұдан кейін ел бірлігін нығайтуға, мәдениетаралық ұнқатысуды дамытуға және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға елеулі үлес қосқан бір топ солтүстік-қазақстандыққа «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын белгісі» мен «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл» мерекелік медальін салтанатты жағдайда табыс етті.

Этномәдени бірлестіктер облыс әкімінің арнайы гранттарына ие болды.

Облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары болып «Лад» славян қоғамының жетекшісі Александр Курленя сайланды.

Солтүстік Қазақстан облысы.

Сауда министрiмен салиқалы әңгіме

(Соңы. Басы 1-бетте).


«Қазақстан мен Сауд Арабиясының халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер бойынша ұстанымдары ортақ немесе ұқсас. Жанандық қауіпсіздікті нығайтуға, лакеңдікпен күресуге, өркениеттер ұнқатысуы үрдісін дамытуға бағытталған екі ел бастамалары арқашан да үндес келеді», – деп мәлімдеді Е.Ыдырысов.

Екі мемлекет тарапынан қарусыздану, қауіпсіздікті нығайту, өркениеттер ұнқатысуы және т.б. мәселелер бойынша БҰҰ және

өзге халықаралық, өңірлік ұйымдар шеңберінде тығыз ықпалдасуға мүдделілік білдірілді.

Е.Ыдырысов Қазақстан Президентінің Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының сөзін шақыру жөніндегі бастамасын, 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне кандидатурасын және Астанада халықаралық мандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесін қолдағаны үшін Сауд Арабиясына алғысын білдірді.

«Егемен-ақпарат».



Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қыркүйек айында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ құқығы мен билер сотының төрелігі – қазақ мемлекеттілігінің феномені» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өткізуді жоспарлап отыр. Адағы басқосу қарсаңында аймақтық шаралар басталып та кетті. Міне, соның айғағындай, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Есім ханның ескі жолы – ауызша қағидалар жиынтығының озық үлгілері» тақырыбында конференция болып өтті.

Дала демократиясы – сот игілігінде

Бақтияр ТАЙЖАН, «Егемен Қазақстан».

Форумға Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстық соттарының төрағалары мен судьялары, ардагерлері, қоғам қайраткерлері, тарихшылар, әдебиетшілер, ғалымдар, қоғамдық бірлестіктердің, БАҚ өкілдері қатысты.

Аймақтық ғылыми конференцияда Жоғарғы Соттың судьясы Бағлан Мақұлбеков сөз сөйлеп, ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы Қайрат Мемидің қатысушыларға арнаған құттықтауын оқып, соныңан «Киелі жерім, қасиетті елім» тақырыбында баяндама жасады.

Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Айтханов құттықтау сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасының құрметті судьясы, заң ғылымдарының докторы Бекет Тұрғарев «Дала даналары билер институтының тарихи маңызы. Есім ханның ескі жолы» баяндамасында Моңғолия мемлекеттік мұрағаттарында қазақ елінің заңдарының толық нұсқасы табылғанын айтты.

Филология ғылымдарының докторлары Құлбек Ерғөбек «Билер шешендік пен ақындықтың алтын арқауы», Мекемтас Мырзахметов «Дәстүрлі құқықтағы би таңдау жолы», ОҚМПИ оқу ісі жөніндегі проректоры, доцент Баршағұл Исабек «Билердің келер заманды болжай білуі және ел бірлігін сақтаудағы өсиеттері» тақырыптарында сөз сөйледі.

Ертеректе бабаларымыздан «Елге бай құт емес, би құт» деген аталы сөз қалған. Расын айтқанда, ханның өзі билік кесігіне тұрады. Мәселен, Жиенбек секілді би, Бұқар сияқты жыраулардың хан шешіміне көңіл толмаған жағдайда өтір сөйлеуі сарғайған тарих парактарынан белгілі. Бүгінгі сот саласының қызметкерлеріне біліктіліктен қатар туралық, шешен сөйлей білу қасиеті де керек. Конференцияда осы мәселеге айрықша көңіл бөлінді.

Жиынды ОҚО сотының төрағасы Нұрсерік Шәріпов қорытындылап, форумда тиісті қарар қабылданды.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

Ұйым талаптарымен үйлесімділік керек

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сенатор Икрам Адырбековтің қазіргі санкциялар енгізу жағдайында аталған заңдық нормалар қаншалықты жүзеге асырылады деген сауалына берген жауабында Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев негізінен бұл нормалардың іс жүзінде жұмыс істеп жатқандығын, мәселе соларды ДСҰ талаптарымен үйлесімділікке қатысты екендігін алға тартты. Министрдің сөзіндей бұл бағыттағы заңдардың бәрі орындалып жатқандығын да ортаға салды. Сондай-ақ, сумен жабдықтау және су бұзу саласындағы суды тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Заң жобасында ауыз сумен жабдықтау мәселелері регламенттерін, сондай-ақ, елді мекендерді және оларды құрайтын элементтерді ауыз сумен жабдықтау және су бұзу жүйелерін несіз жүйелерге жатқызу тәртібі мен оларды тіркеу айқындарын да ортаға салды. Сондай-ақ, сумен жабдықтау және су бұзу саласындағы суды тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Заң жобасында ауыз сумен жабдықтау мәселелері регламенттерін, сондай-ақ, елді мекендерді және оларды құрайтын элементтерді ауыз сумен жабдықтау және су бұзу жүйелерін несіз жүйелерге жатқызу тәртібі мен оларды тіркеу айқындарын да ортаға салды. Сондай-ақ, сумен жабдықтау және су бұзу саласындағы суды тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Заң жобасында ауыз сумен жабдықтау мәселелері регламенттерін, сондай-ақ, елді мекендерді және оларды құрайтын элементтерді ауыз сумен жабдықтау және су бұзу жүйелерін несіз жүйелерге жатқызу тәртібі мен оларды тіркеу айқындарын да ортаға салды.

Талқылай келе, депутаттар ішкі нарыққа залал келтіретін тауарлар импорттан қорғау үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін заңды қабылдады.

Сонымен қатар, палата «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына қолдау білдірді. Заңдық құжат құқықтық оқалықтарды жою мақсатында әзірленген. Бұл ретте Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мемлекеттік органдардың, басқа мемлекеттік органдардан алынған ұлттық органдардан жоғары тұратын органдармен және халықаралық ұйымдармен құпия ақпаратпен алмасу, оны беру мәселелерін реттеу ұсынылады.

Бұдан басқа, сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы өтемақы шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда қарап, мақұлдады. Заң жобасы сумен жабдықтау және су бұзу, жылумен жабдықтау салаларын мемлекеттік реттеу жүйесін

жетілдіру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты қаржылық қолдау мақсатында әзірленген.

Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев елді мекендерді сумен жабдықтау және су жүйелерін ұйымдастыру мәселелері регламенттерін, сондай-ақ, елді мекендерді және оларды құрайтын элементтерді ауыз сумен жабдықтау және су бұзу жүйелерін несіз жүйелерге жатқызу тәртібі мен оларды тіркеу айқындарын да ортаға салды. Сондай-ақ, сумен жабдықтау және су бұзу саласындағы суды тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Заң жобасында ауыз сумен жабдықтау мәселелері регламенттерін, сондай-ақ, елді мекендерді және оларды құрайтын элементтерді ауыз сумен жабдықтау және су бұзу жүйелерін несіз жүйелерге жатқызу тәртібі мен оларды тіркеу айқындарын да ортаға салды. Сондай-ақ, сумен жабдықтау және су бұзу саласындағы суды тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған. Заң жобасында ауыз сумен жабдықтау мәселелері регламенттерін, сондай-ақ, елді мекендерді және оларды құрайтын элементтерді ауыз сумен жабдықтау және су бұзу жүйелерін несіз жүйелерге жатқызу тәртібі мен оларды тіркеу айқындарын да ортаға салды.

Заң жобасында Жер кодексіне объектілер салу үшін жер учаскесін таңдау актісін реттеу кезінде тұрғын бар инженерлік коммуникацияларды берілетін жер учаскесінің шекарасының тиіс жерге ауыстыру жөніндегі нормалар да қарастырылған. Және де Экологиялық кодекске елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұзу жүйелеріне асырған кезде қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттеу бөлігінде өзгерістер көзделіп отыр.

Ал Бюджет кодексіне ұзақ мерзімді және жеңілдікті бюджеттік кредиттеу, сондай-ақ, сумен жабдықтау мен су бұруды және жылумен жабдықтаудың дамуының экономикалық ынталандыру ретінде субсидиялауды жүзеге асыру тәртібін мемлекеттік қолдау нысандарын көздейтін нормалар енгізіледі. Сумен жабдықтау және су бұзу жүйелері қосылған жерлерде халықты ауыз сумен қамтамасыз етудің кепілдігі бар екенін алға тартқан сенатор Әлі Бектаев ауылдық жерлердегі проблемаларға кеңінен тоқталды.

Депутаттың мәліметіне қарағанда, қазіргі кезде қалалардағы орталықтандырылған су жүйелеріне қосылу 86 пайыз болса, ауылдық жерлерде оның көлемі 50 пайызға да жетпейді екен. Бұл орайда, депутат кейбір елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесінің көрсеткіші 11 пайыз ғана екендігіне де назар аударды. Министр «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша 2020 жылға қарай сумен қамтамасыз ету толық шешімін табуына, ал енгізіліп отырған нормалар таза ауыз сумен қамтамасыз етуге негіз қалайтындығына сендірді.

Сонымен қатар, Ерболат Досаев сенатор Құлман Оразалиннің сұрағына берген жауабында Астана қаласын таза ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы қала әкімдігімен бірлесіп жасалып жатқандығын алға тартты. Бұрын бұл мәселе тариф арқылы шешімін тауып келсе, енді сумен жабдықтауды шешу 1,5-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет арқылы қарастырылып отырғаны белгілі болды. Жалпы еліміздегі елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге 1,5 триллион теңге қаржы қажет екендігін алға тартқан министр бұл мәселелерді шешу үшін бюджет қаржысымен қоса, халықаралық қаржы ұйымдарының қаржыларын да тарту қарастырылғандығын жеткізді.

Отырыс соңында Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл» мерейтойлық медалін Асқар Бейсенбаев пен Тағат Абайдіндинге табыс етті. Бұдан бөлек, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің «Содружество» орденімен сенаторлар Тағат Абайдіндин және Мұхтар Алтынбаев марапатталды. «Парламентаралық ынтымақтастықты нығайтқаны үшін» медалі Владимир Редкокашин мен Леззат Владимирова тапсырылса, Людмила Полторабатько ТМД ПАА Кеңесінің құрмет грамотасын алды.

Жұмыспен қамту саласындағы жетістіктер

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасын іске асыруға 2015 жылы 37,3 млрд. теңге қарастырылды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасын іске асыру барысы туралы» тақырыбында өткен брифингте Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Дәулет АРҒЫНДЫҚОВ мәлімдеді.

Берік САДЫР, «Егемен Қазақстан».

Вице-министр баяндамасының басында халықты жұмыспен қамту саласында Қазақстанда нақты жетістіктер бар екенін атап көрсетті. Жұмыссыздық деңгейі 2008 жылы 6,6% болса, 2014 жылдың қорытындысында 5%-ға төмендеген. Осы кезең ішінде экономикалық белсенді тұрғындар саны 500 мың адамға артып, 9 млн. адамға, жұмыспен қамтылған тұрғындар саны 7,8 млн.-нан 8,5 млн. адамға жетті. «Біздің ұлттық еңбек нарығымызда да белгілі бір проблемалар мен қиындықтар бар. Оң көрсеткіштерге қарамастан, тиімсіз жұмыстың үлес салмағы жоғары болып қалауда. Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарына негізделген еңбек нарығындағы көрсеткіштерді статистикалық бағалау әдістемесіне сәйкес, Қазақстанда 2,4 млн. адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына жатады. Бұл мәліметтер бойынша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар арасында мемлекеттік қолдауға мұқтаж 700 мыңдай адам бар», – деді вице-министр.

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы

аясында жұмыспен қамту: инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бастамашылықты ынталандыру, жұмыс берушілердің нақты сұранысын ескере отырып, оқыту және жұмыспен қамту мен көшуге көмектесу сияқты үш бағыт бойынша іске асырылады. Бірінші бағыт бойынша бағдарлама іске асырыла бастағалы ауылдық жерлердегі 4 мыңнан астам инфрақұрылымдық жобаларда 55 мың жұмыс орны ашылды. Екінші бағыт бойынша азаматтарға пайыздық мөлшерлемесі 6%-дан аспайтын, мөлшері 3 млн. Оң көрсеткіштерге қарамастан, тиімсіз жұмыстың үлес салмағы жоғары болып қалауда. Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарына негізделген еңбек нарығындағы көрсеткіштерді статистикалық бағалау әдістемесіне сәйкес, Қазақстанда 2,4 млн. адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына жатады. Бұл мәліметтер бойынша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар арасында мемлекеттік қолдауға мұқтаж 700 мыңдай адам бар», – деді вице-министр.

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы аясында жұмыспен қамту: инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бастамашылықты ынталандыру, жұмыс берушілердің нақты сұранысын ескере отырып, оқыту және жұмыспен қамту мен көшуге көмектесу сияқты үш бағыт бойынша іске асырылады. Бірінші бағыт бойынша бағдарлама іске асырыла бастағалы ауылдық жерлердегі 4 мыңнан астам инфрақұрылымдық жобаларда 55 мың жұмыс орны ашылды. Екінші бағыт бойынша азаматтарға пайыздық мөлшерлемесі 6%-дан аспайтын, мөлшері 3 млн. Оң көрсеткіштерге қарамастан, тиімсіз жұмыстың үлес салмағы жоғары болып қалауда. Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарына негізделген еңбек нарығындағы көрсеткіштерді статистикалық бағалау әдістемесіне сәйкес, Қазақстанда 2,4 млн. адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына жатады. Бұл мәліметтер бойынша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар арасында мемлекеттік қолдауға мұқтаж 700 мыңдай адам бар», – деді вице-министр

ҰЛТ ЖОСПАРЫ. 5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

Адамзат үшін әр алуан, сан килі оқиғаларға толы XX ғасырдың соңында тәуелсіздік алған Қазақ елі XXI ғасырда өзінің көшін түзеп, өркендеу бағыттарын айқындап, мынау жалпақ әлемнің ең алдыңғы қатарлы елдерінің сапына қосылу үшін өзінің алдына үлкен мақсаттар қояды. Осындай дәуірлік мақсаттар Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVI съезіндегі «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институттық реформа» атты сөзінде баршамыздың алдымызға қойылды. Елбасының жолдауларында болсын, партия съездеріндегі сөздерінде болсын

саяси реформалардың кез келгені сол халықтың бірігуін, әлеуметтің жұдырықтай жұмылуын қажет етеді. Егемендігіміздің алғашқы сәтінен бастап қоғамдық тұрақтылық пен келісімге басты назарын аударып келе жатқан Елбасы сол шақта: «Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз», деп осы ойын өз ұстанымында үнемі басшылыққа алып келеді. Оны өзінің Мәңгілік Ел стратегиясында да толықтырып, тұжырымдап жеткізді. Оны осы жолы: «Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйіштілік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер

сапырылысқан, жаһандану лебі күнделікті тұрмысымызға дейін енген заманда ұлттық мемлекеттік бейнелі сақтап қалу онайшылыққа түспейді. Ойланбасақ, сактанбасақ, әрекеттенбесек болмайды. Елбасының бұл «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институттық реформа» атты бағдарламалық сөзінде және бір керемет ой айтылды. Оның керемет әсері, тамаша тағылымы жалпықазақстандық оқу ұстаным мен діл қалыптастырудың «Қазақстан Республикасы» атты мемлекетіміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болмағанын шынайы моделін көрсетуге. Дәл осыны Президент былай деп айқындады: «Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтар

философияның көрнекті өкілі Людвиг Витгенштейн: «Менің тілімнің шекарасы – менің әлемімнің шекарасы», дегті. Өте орайлы сөз, дәл анықтама. Қазақстанның рухани шекарасының көкжиегін айқындайтын меже – мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілі. Елбасы «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институттық реформа» сөзінде тағы да үш тілді келістік жөнінде айтты. XXI ғасырдың сұраныстары және елімізде қалыптасқан тілдік ахуал осыны қажет етеді. Дәл осы арада біз Елбасының өзінің осы бастамасын таратыпқырап: «Қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі», деп айтқанын кейде ескере бермейміз. Осыны орыс тілді БАҚ айтуы, жазуы және насихаттауы керек деп ойлаймын.

Баянды болашағын бағдарлаған ел

Жандар АСАН,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты баспасөз қызметінің жетекшісі.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кірісу рәсімінде өзінің Ұлт жоспары ретінде алдағы 5 институттық реформаны жұртшылыққа түсіндіріп берді. Әлқиссаны Елбасының сөзімен бастасaq: «Әлемдік экономиканың турбуленттілігіне жауап ретінде біз «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясатын дайындадық. Оның басты мақсаты жаңа жұмыс орындарын құру мен жаңа экономикалық өсім үшін іргетасты нығайтуда батыл да жедел іс-қимыл таныту болып табылады. Алайда, сыртқы кәсіпкерлер өз ісін орындарын түсіну маңызды. Сыртқы кәсіпкерлермен күресте шамамыз жету үшін бізге ішкі жағымды нығайту қажет. Осы жылдары қол жеткізілген таңғалдырарлық табыстарымыз бен игіліктеріміз мызғаймайды деп есептеу – үлкен қателік. Мен ел алдындағы тұрған бес ауқымды ішкі міндеттерді көріп тұрмын. Біріншіден, бізге тұрақтылығымыздың тірегі ретіндегі орта таптың үлесін ұлғайтып, бизнесті дамыту және елге орта табысы бар тұрғындарының саны басым мемлекет болуға көмектесу керек. Екіншіден, біз – ұлан-ғайыр елміз. Сондықтан, бізге біртұтас ішкі нарықты дамыту және бүкіл елді теңдестіріп дамыту керек. Үшіншіден, жемқорлықпен күрес біздің жұмысымыздың басты басымдықтарының бірі болып табылады. Төртіншіден, жаңа жұмыс орындарын құру, ол үшін индустриялық бағдарлама жүзеге асырылып, бизнес дамытылуы. Бесіншіден, тарихтың жаңа белесінде ұлттың бірлігін нығайту. Осының барлығы біздің мемлекеттілігіміздің XXI ғасырдағы сын-қатерлері».

Халықаралық климаттық жағдай екенін атап өтті. Ол үшін еліміз әлемнің алпауыт мемлекеттері – Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа одағы, Ислам әлемі елдерімен қарым-қатынасын одан әрі жалғастырып, халықаралық ұйымдарда белсенді жұмыс атқаратын болады. Сонымен қатар, Орталық Азияның қошбасшысы ретінде Қазақстан өңірдің экономикалық дамуын, қауіпсіздігін қолдауға һәм сақтауға күш салатын болады.

Мәселені мәнісіне байлап қарайтын болсақ, жаңа реформа сарабал саясаттың жаңа бастауы деуге болады. Елбасының бес институттық реформаны халықтық деп атауы жайдан-жай емес. Өйткені, бұл – көпшілік қауым «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жаппай атсалысуға тиісті, мазмұны терең, маңызы зор шара. Бірінші кезекте, шағын және орта бизнес өкілдері белсенділік танытуы тиіс. Себебі, «2050» Стратегиясы ұлт алдына жаңа асақ міндет: әлемдегі аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу міндетін қойып отыр. Ал мемлекетіміздің қарышты дамуы қарымды кәсіпкерлердің істерінің нәтижесінде ғана мүмкін болмақ. Кәсіпкерлік – ел экономикасының тамырына қал жуіретін, көсегесін көгертетін аса қажетті сала.

Мәселен, Еуропа елдері мен АҚШ-ты алсақ, оларда орта және шағын кәсіпкерлік 90-80 пайыз үлесін алады. Ал елімізде жоғарыдағы көрсеткішке қол жеткізу жолында түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылдап, қарымды жұмыстар жүргізілуі. Атап айтқанда, Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында кәсіпкерлерді тиімді шарттармен несиелендіріп қолдау, бұл үшін алдағы үш жылда 155 миллиард теңге бөлуі тапсырылды. Мұның үстіне, жаңа экономикалық саясат іске асып, инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған шаралар қолға алынбақшы. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында жанданып, кең қанат жайған кәсіпорындар күн санап артып келеді. Бағдарлама шеңберінде 2010 жылдан бері 34 мың жұмыс орыны ашылған. Ал 2014 жылға дейін 8 мың жаңа жұмыс ошағы өз қызметін бастады. Мұның барлығы отандық бизнестің дамуына қолайлы жағдай туғызып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға негіз болатындығы рас.

Елбасы бес халықтық реформаның ішінде тарихтың жаңа белесінде ұлттың бірлігін нығайтуға да тілге тиек етті. «Біздің қоғамымыздың көпжүзділігі – біздің әлсіздігіміз емес, күшіміз. Барлық азамат құқықтың бірдей көлемін пайдаланып, жауапкершіліктің бірдей жүгін арқалап және түрлі мүмкіндіктерге бірдей қол жеткізуге тиіс. Біздің қоғамымыз неғұрлым қуатты және біртұтас бола отырып, тарихи тұрғыда көптеген тілдерден және мәдениеттерден қалыптасты. Бүгінде біз «Мәңгілік Ел» құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйіштілік, адалдық, оқымыстылық, культі, толеранттылық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді», деді Президент.

Расында да, бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырызылығы мол. Татулықтан асқан құндылық жоқ. Еліміз осынау баға жетпес байлығымен мақтана алады. Қазіргі таңда Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілі тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олардың ішінде қазақ ұлтының үлесі 63,6 пайызды, орыстар – 23,3, өзбектер – 2,9, украиндар – 2, ұйғырлар – 1,4, татарлар – 1,2,

немістер – 1,1, басқа ұлыстар 4,5 пайызды құрайды. Президент «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да ұлттардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды», деп атап өтті. Бұл – тарихи шындық. Себебі, қазіргі таңда елімізде тұрып жатқан кез келген ұлт өкілі өздерінің салт-дәстүрлері мен ұлттық мәдениетін дәріптеп және кенінен насихаттай алады. Мұндай мүмкіндіктер қазақтардың кеңпейлділігі мен қонақжайлығын, сонмен қатар, өзге ұлттардың әдет-ғұрыпына құрметпен қарауын білдіреді.

Жалпы, Қазақстан неге көп ұлтты ел болып қалыптасты? Бұл сұраққа жауапты тарихты тереннен зерттеп, өткенге ыждағаттылықпен қарау арқылы таба аламыз. XV ғасырдың екінші жартысында Әбілхайыр хандығынан бөлініп шыққан Жәнібек пен Керей Қазақ хандығын құрды. Кейін елді қолбасшылық өнері мен тарихта өшпес ізін қалдырған Қасым хан, Тәуке хан, Есім хан, Абылай хан, тағы басқа көптеген тұлғалар биледі. Ата-бабаларымыздың арқасында халқымыз дүниежүзі бойынша ең бай да құнарлы ұлан-байтақ жердің иесі атанып отыр бүгінгі таңда.

Дегенмен, қандар билеп тұрған заманның өзінде қиын сәттер мен ел басына қауіп төнген кездер аз болмады. Осының салдарынан қазақ халқы басқа алпауыт елдердің қол астына кіруге мәжбүр болғанын тарихтан білеміз. 1731 жылы Ресейге қосылдық. Сол кезден бастап біздің жерге орыс ұлттың өкілдері қоныс аудара бастады. Кейін, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы репрессия мен екінші жартысынан бастап тың игеру кезінде де қазақ жеріне өзге ұлт өкілдерінің көшіп келуі толастамады. Тыңайған жерлерді игеру жұмыстарына Ресей, Украина, сол кездегі Кенес өкіметіне қараған өзге де республикалардан келген адамдар қазіргі күнге дейін қазақ жерінде тату-тәтті өмір сүріп келе жатыр.

Елбасы өз Жолдауында: «Тек бірлесуіміз ғана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ», деп атап өтті. Қазақстан бүгінде өз тәуелсіздігін алып, егемен ел атанды. Экономикасы мен әлеуметтік жағдайы өрге жүзіп, дүниежүзі бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттердің сапынан орын алып отыр. Мұның бәрі де Елбасымыз жүргізіп отырған сарабал саясаттың жемісі. Мемлекет басшысының тікелей ықпалымен өмірге келген Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде татулықтың талбесігіне гана емес, әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың темірқазығына айналды. Бұл – әлемде теңдесі жоқ құрылымның жиырма жылдағы жарқын жемісі һәм жемісі. Сондықтан да болар, Президент Жарлығымен биылғы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды.

Ұлт жоспары – әлеуметтік әлеуетін арттыратын реформа, мемлекетті одан әрі дамытып, тәуелсіздік тұғырын бекіте түсетін нақты қадамдар екені даусыз. Ұлт жоспары – әлемдегі бүгінгі тұрақсыздық жағдайында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін елдік құжат. Ұлт жоспары – ұлттың ерік-жігерін ұштап, заманның жаңа талаптарын қабылдап отырып, алға ұмтылуға жетелейді. Ұлт жоспары – ортақ жауапкершілік жүктеп, ұлы істерге бастайтын маңызды шара. Сондықтан да болашағымызды бағдарлап, кемел келешегіміздің көкжиегін айқындайтын ілімді іске әрқайсымыз жұдырықтай жұмылып, өз үлесімізді қоса берейік.

Жамбыл облысы.

Біз бағындырар биіктер

Оразкүл АСАНҒАЗЫ,
Парламент Мәжілісінің депутаты.



үнемі осындай бағдарламалық мақсаттар айқындалып, жас мемлекетіміздің жасампаздық биігіне көтерілуіне пәрменді ықпал ететін міндеттері белгіленеді. «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институттық реформа» деп аталатын Елбасы сөзі бір жағынан біздің жеткен жетістіктерімізді саралаған, екінші жағынан бағындырар биіктерімізді баяндаған сөз болды.

Бүкіл өмірдің мәні қозғалыс, ілгерілеу десек, онда Президенттің бұл сөзі елдің барлық тіршілігін ілгерілеуге бастайтын, экономикамызды алып тегершегін бұрынғыдан да қарқынды қозғалысқа жетелейтін болашағымыздың байыпты бола-ны, ертеңіміздің еселігі баяны қамтамасыз етуді көздеген аса тиянақты тұжырымды десе де боларлық. Тәуелсіздік таңында «Тәуелсіздік – тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: анғал болмағанымыз абзал», деген Президент, егемендігіміздің онжылдығында: «Біле білесек, осы он жылдағы еңбегіміздің ең басты қорытындысы – ел болғанымыз. Ел бола алғанымыз. Біз мемлекет құрдық. Құрғанда да, аты бар да заты жоқ мемлекет емес, бүкіл адамзат танытын, танып қана қоймай, мойындайтын, құрметтейтін мемлекет құра алдық», деген Нұрсұлтан Әбішұлы, енді еліміз өркендеу жолына түскен бүгінгі таңда тұтас мемлекет алдына бұрынғыдан да орасан міндеттер қойып отыр.

Иә, дәл қазіргідей барша әлем алға ұмтылған, экономикалық, саяси бәсекелестік шырға түскен заманда Қазақ елі сияқты жас мемлекетке тоқтап қалуға мүлдем болмайды. Кезінде Американың белгілі мемлекет қайраткері Уоллес Генри: «Берік тұрақты өмірге жетудің бір ғана жолы – тоқтаусыз ілгерілеу», депті. Сондықтан, Елбасымыз өзіне тән қайраткерлік максимализммен, сұңғыла саясаткерлік сарабалдықпен бес институттық реформа жасау бастамасын көтеріп отыр. Олар: «Экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыру және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, кәсіби және автономиялы мемлекеттік аппарат қалыптастыру», «Меншік құқығына кепілдік беретін, кәсіпкерлік қызмет үшін, келісімшарттық міндеттемелерді қорғау үшін жағдай жасайтын, түптеп келгенде экономикалық өсім үшін негіз болатын заңның үстемдігін қамтамасыз ету», «Индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім», «Болашағы біртұтас ұлт», «Транспарентті және есеп беруші мемлекет». Байқап қарасақ, бұлардың баршасы да біздің қоғамымызды өркендететін, заманауи талаптарға сай қайта құруға негіз болатын, сөйтіп жалпы қоғамдық, әлеуметтік жаңғыруды жүзеге асыратын жайттар.

Елбасы белгілеген осы бес институттық реформаның қай-қайсысы да маңызды десек те, осылардың ішінде «Болашағы біртұтас ұлт» делінген саланың маңызы жасампаздыққа жол ашқан жас мемлекет үшін аса айрықша. Себебі, қоғамдағы қандай да болсын реформаны жүзеге асыратын жалпы әлеумет, тұтас мемлекет халқы. Осы орайдан келгенде, барлық экономикалық, әлеуметтік,

жаңа жалпыұлттық құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтарды – өздерінің этностық мінез-құлық моделдерінен жоғары қоюлары керек. Барлық қазақстандықтар үшін қазақстандықтың бойында азиялықтың да, еуропалықтың да озық сапаларын шынайы сүзгіден өткізетін еуразиялық идеясы біріктіруші болып табылады», деді. Шын ұғына білесек, санамыздың санылауынан, жүрегіміздің түкпірінен өткізе білесек, бұл – қағидалы тұжырым, қанатты сөз. Егер Елбасының осы қағидасын күнделікті өмірімізге енгізе берсек, белгілі бір кезеңдерден кейін біз ұлттына қарамай барша қазақстандықтардың өздерін этностық атаумен емес, азаматтық мәртебесімен атайтынна қол жеткіземіз. Бұл – қоғамда нағыз мемлекетшілдікті, елшілдікті қалыптастыратын құбылыс.

Кез келген мемлекетшілдік тұтасу мен бірлесуді тілдің орны орасан. Мемлекеттегі барлық адамдардың негізгі біртіндеуліеуі – азаматтық ынтымақтастықтың кепілі. Өйткені, адам баласының ең басты, ең маңызды рухани құралы әрі қазынасы болып табылатын тіл – жеке адамның, адамдардан тұратын әлеуметтік ортаның, одан да кеңірек келсек, жалпы мемлекеттің ең мықты тұғыры мен ұстыны. Лингвистикалық

**ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЛАУАЗИМІНА КІРІСУ
САЛТАНАТЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

29 сәуір, 2015 ж.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ

**«МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ОДАН АРҒЫ
НАҚТЫ 100 ҚАДАМЫ»**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САТЫЛАРЫ

РЕФОРМАЛАР ЖОСПАРЫ

- БІРІНШІДЕН, БЕЙМАЗА ӘЛЕМДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН,
- ЕКІНШІДЕН, ИНКАЮЗИВТІ, ЖАППАЙ ҚАМТЫҒАН ЖАНҒЫРТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

1

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ
ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ.
БҰЛА МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ БІРІНШІ САТЫСЫ БОЛАТЫН

2

КЕЙІН, НЫҒАЙҒАН СОҢ, ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАРАЙ
ҚАДАМ ЖАСАДЫ.
БҰЛА ЕКІНШІ САТЫ БОЛАТЫН

3

ҚАЗІР, ҰЛЫ РЕФОРМАЛАРДЫ БАСТАЙ ОТЫРЫП,
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ МӘҢГІЛІК ЕЛГЕ ЖОЛ САЛУДА.

**БҰЛА МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ
ҮШІНШІ САТЫСЫ БОЛМАҚ**

Еуразиялық интеграция институты әзірлеген.



ПАРЛАМЕНТ

«Егемен Қазақстанның» арнаулы беті

• Әріптестік әлеуеті

Дипломатпен дидастары

Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Икрам Адырбеков Румыния Сыртқы істер министрлігі Стратегиялық мәселелер жөніндегі мемлекеттік хатшысы Даниэль Ионицанды кездесті.

И.Адырбеков Румыния Қазақстанның Шығыс Еуропа мен Балқандағы негізгі әріптесі екенін және біздің еліміздің парламенттік ынтымақтастықтағы үнқатысуды тереңдетуге баса назар аударып отырғанын атап өтті.

Тараптар кездесуде әсіресе және экономика салаларындағы екіжақты қатынастарды дамытудың келешегін де талқылады.

Д.Ионица екі ел арасындағы сауда-экономикалық, атап айтқанда, энергетика, машина жасау, металлургия, көлік және логистика, сондай-ақ, жеңіл өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын туралы айтты, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының баспасөз қызметі.

• Тұрақты комитеттер тынысы

Үкіметтің есебі таныстырылды

Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Гүлжан Қарақұсованың жетекшілігімен Үкіметтің 2014 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі таныстырылды, деп хабарлады осы палатаның баспасөз қызметі.

Құжат бойынша Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов пен Есеп комитетінің мүшесі Жансейіт Сәрсенқұлов баяндама жасады.

Республикалық бюджетке 2014 жылда 5 988,5 млрд.тенге, яғни жоспарланғанның 99,4%-ы түскен. Негізгі бөлік немесе түсімдердің жалпы көлемінде 98,7% кірістерге тура келді, ол 5 908,8 млрд. тенгені құрады (жоспардың 99,3%-ы), оның ішінде салықтық түсімдер 3 666,1 млрд.тенге немесе 98,2%, салықтық емес түсімдер – 131,7 млрд.тенге немесе 110,4%, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7,7 млрд.тенге немесе 99,1% және трансферттер 2 103,3 млрд.тенге немесе 100,5% құрады.

Ұлттық қордың активтері 2014 жылда 5 459,6 млрд.тенге толықтырылды және 2015 жылғы 1 қаңтарда 16 522,1 млрд.тенгені құрады, оның ішінде инвестициялық кіріс 1 955,0 млрд.тенге сомасында болды. Негізгі үлесті (63,5%) мұнай секторынан түсетін тікелей салықтар құрады.

2014 жылғы республикалық бюджеттің шығыстары 99,3% немесе 7 069,7 млрд.тенге сомасында атқарылды. 2013 жылмен салыстырғанда шығыстар 1 079,2 млрд.тенгеге өскен.

Шығыстар саласында бюджет саясатының басымдығы әлеуметтік міндеттемелерді бірінші кезекте қаржыландыру болды. 2014 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген зейнетақыларды, әлеуметтік жәрдемақылар мен бюджеттік сала қызметкерлеріне жақалы төлеу уақыты және толық көлемде жүзеге асырылды.

• Сауал салмағы

Медицина – коммерциялық құрылым емес

Соңғы кездері Мәжілістің жалпы отырыстарында депутаттық сауалдар жолдау кемеі түскен еді. Бұл соңғы кездері қызу жүрген саяси науқанға да байланысты болса керек. Дей тұрғанмен, ара-арасында бірер сауалдар да жарияланып қалып жатты. Соның бірі Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенованың атына депутат Төлеш Кенжиннің жолдаған сауалы болатын.

Асқар ТҰРАПАЙҰЛЫ, «Егемен Қазақстан»

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеулеріне жүргізілген мәжілістен әлемдегі ең дени сау ұлт ретінде жапондықтар, сингапурлықтар, швейцарлықтар мен испандықтар екендігін атап кетті. Осылай дей келе, депутат министр Тамара Дүйсенованың қаперіне Қазақстанда әрбір азамат тегін медициналық көмектің кепілдендірілген мөлшерін ала алатынын да еске сала кетуді дұрыс деп тапқан. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы №2136 «Тегін медициналық көмек ауқымның кепілді тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, алдын алу, диагностикалық және емдеу медициналық қызметтерін қоса алғанда, ел азаматтары мен

оралмандарға көрсетілетін тегін медициналық көмек бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру 6 есеге өсіп, 2004 жылғы 131 миллиард теңгеден 2013 жылғы 838,2 миллиард теңгеге дейін арқан екен. Бұл ретте 2013 жылы бөлінген қаржы ДЖӨ-нің 2,4 пайызын құрағандығына да реті келгенде айта кеткен жөн. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығын ДЖӨ-нің кем дегенде 4 пайызын құрауы тиіс көрінеді. «Тегін медициналық көмек ауқымның кепілдендірілген көлемі 2013 жылы 607,9 миллиард теңге болса, бұл қаржыны еліміздің әрбір азаматына бөлгенде 35,4 мың теңгеден келеді. Дей тұрғанмен, қажетті қаржылық қолдау көлемі

• Әлеуметтік қорғаудың әлеуеті

Жаңа енгізілімдер жария етілді

Базалық зейнетақы тағайындау тәртібіндегі өзгерістер туралы

Парламентте Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының таныстырылымын өткізді.

Тақырып бойынша баяндама жасаған Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жақыпованың аударатын қызметкерлер зейнетақы жүйесінің қатысушылары болып табылады. Қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткен және қатысу өтілі бес жылдан кем болмаған жағдайда шартты-жинақтаушы құрамдауышынан берілетін зейнетақы мөлшері шартты зейнетақы шотында қалыптасқан зейнетақы міндеттемелері және күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты айқындалады.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 1 шілденден бастап базалық зейнетақы тағайындау тәртібі өзгереді. Базалық зейнетақы азаматтар зейнеткерлік жасқа жеткен кезде

зейнетақы шоттарына жұмыс берушілер пайдасына олардың табыстарынан міндетті 5%-дық зейнетақы жарналарын аударатын қызметкерлер зейнетақы жүйесінің қатысушылары болып табылады. Қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткен және қатысу өтілі бес жылдан кем болмаған жағдайда шартты-жинақтаушы құрамдауышынан берілетін зейнетақы мөлшері шартты зейнетақы шотында қалыптасқан зейнетақы міндеттемелері және күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты айқындалады.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 1 шілденден бастап базалық зейнетақы тағайындау тәртібі өзгереді. Базалық зейнетақы азаматтар зейнеткерлік жасқа жеткен кезде

ғана және зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты (зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі және міндетті зейнетақы жарналарын төлеудегі нақты өтілі) тағайындалады. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл болған жағдайда, базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50%-ын құрайды, 10 жылдан артық әрбір жыл үшін оның мөлшері 2%-ға арттырылып отырады, қатысу өтілі 35 және одан көп болған жағдайда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100%-ына тең болады. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан кем зейнеткерлер үшін төлемнің мөлшері базалық зейнетақының қазіргі мөлшерінен төмен болмайды.

Сонымен қатар, әлеуетті құрылымдардың барлық қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік

бюджет есебінен жүзеге асырылады. Олардың зейнетақы мөлшері еңбек сіндірген жылдарына және қызметтен босатылған сәттегі ақшалай қамтылымына байланысты есептеледі.

Сондай-ақ, қызмет өткерудің тең шарттарында әртүрлі уақыт кезеңдерінде запаса шығарылған әлеуетті құрылым зейнеткерлерінің зейнетақы төлемдерінің мөлшеріндегі сәйкессіздікті жою үшін 2016 жылы бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшеріне, зейнетақы ісінің материалдары бойынша қызметтен босатылған күнге еңбек сіндірген жылы, еңбек өтілі, ақшалай қамтылымы есепке қабылданып, оларды толық мөлшерге дейін жеткізу ескеріле отырып, толық емес көлемде біржолғы қайта есептеу жүзеге асырылады.

Заң жобасы зейнетақымен қамтамасыз ету заңына, Салық кодексіне, «Қазақстан Республикасына мүгедектігі бойынша,

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың бірінші кезеңінде бірінші жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс берушінің есебінен 5 пайыздық МКЖЗ енгізілді, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыстағы әйелдерге міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау жүзеге асырылды.

Мәжіліс депутаты С.Романовская, А.Самакова, Г.Исімбаева, О.Киколенко, Н.Сабилянов, М.Қазбекова, А.Пепенин, Г.Сейтмағанбетова, А.Смайыл, М.Тінікеев, т.б. аталған мәселенің олқы тұстарына қатысты өткір сұрақтарды алға тартып, нақты ұсыныстар айтты.

Оның барлығы алдағы уақытта Мәжіліс депутаты Светлана Ферхо жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында есепке алынбақ.

Сәулбек БИЖАН.

• Фотокүнделік



Суреттерді түсірген Ерлан ОМАРОВ.

• Талбесік

Ұсынымдар әзірленді

Парламент Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен, еліміздің Энергетика министрлігі және «Жасыл академия» ғылыми-білім беру орталығымен бірлесіп отырып, «жасыл» экономикаға өту кезіндегі заңнама аясын жетілдіру: қалдықтарды басқару мен шығарындыларды реттеу» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Отырысқа төрағалық еткен Александр Милотин: «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашу кезінде «Жасыл экономикаға» өту, жарналынды энергетикаға негізделген экологиялық таза технологияларға құқықтық негіздеме жасау заң шығару жұмысының маңызды ошындарының бірі екенін атап өткен болатын», – дей келіп, өзі басшылық етіп отырған комитеттің парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту және оларды бақылау жолында кешенді жұмыстар атқарып келе жатқанын алға тартты. 2013 жылдың қаңтар

айынан бастап Қазақстанда заңды түрде парниктік газдар шығарындыларын саудалау мен квоталау жүйесі енгізілді.

Қазіргі уақытта бір бөлігінде парниктік газдар қалдықтарын реттеуге қатысты өзгерістерді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», сондай-ақ «жасыл экономика» мәселелері бойынша өзгерістерге қатысты заң жобалары комитет қарауына берілді. Осы құжаттарды қабылдау Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуінің тағы бір кезеңі болары сөзсіз.

Осы жолда шешуді қажет ететін өзекті мәселелерге назар аударған А.Милотин проблемалық жайттарды атап өтті.

Одан әрі Энергетика министрі Владимир Школьник пен Астана қаласындағы ЕҚЫҰ Кеңесінің басшысы Наталия Зарудна және «Жасыл академия» ҒБО директоры Бақыт Есекина сөз сөйлеп, Жоғары экономика мектебінің Қоршаған орта және табиғи ресурстар экономикасы орталығының директоры Георгий Сафонов, БҰҰДБ жобасының менеджері, ISWA қалдықтар бойынша халықаралық қауымдастықтың мүшесі Нина Гор баяндама жасады.

Талқылау қорытындысы бойынша елімізде қалдықтарды басқару мен парниктік газдар шығарындыларын реттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірленді. Атап айтқанда, 2020 жылға қарай шығарындыларды азайту бойынша іс-қимылдар жоспарын әзірлеу ұсынылды, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

• Сізді не толғандырады?

Кесенеге тәуелсіз комиссия керек

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Қазақстан және Орталық Азия тарихындағы таңдаулы жәдігерлердің бірі. Кесене – «ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне» енген Қазақстанның алғашқы мәдени нысаны. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында «Қазақ халқының ұлы перзенттерінің мүрдeleri осы жерде жатыр. Сондықтан осынау тамаша ескерткішті қалпына келтіріп, бас біріктіреп ортақ кіндікке бүкіл ұлттың назарын аударып отырғанымыз дұрыс», деп атап көрсеткен болатын.

Розақұл ХАЛМҰРАДОВ, Мәжіліс депутаты.


Түркі дүниесінің тұмарына, мемлекетіміздің мақтанышына айналған осы ұлы ғимараттың жай-күйі бүгінгі күнде нашарлап, апатты жағдайға жетіп отыр. Үкіметке осы мәселені көтеріп Парламент Мәжілісінің депутаттары тарапынан бұған дейін бірнеше депутаттық сауалдар жолданған болатын. Мемлекет тарапынан да кесенені қалпына келтіру жұмыстарына қажетті қаржы бөлініп келеді.

Соңғы бес жылда кесененің жағдайын тексеру мақсатында бес рет ведомстволық комиссия құрылып, тексеру жұмыстары жүргізілген. Бірақ одан тиісті нәтиже жоқ. Себебі, кесенені қалпына келтіру жұмыстары «Қазақтандық» РМК-ге тапсырылады. Ал бұл ұйым ғылыми-зерттеу мамандары өзі жасайды әрі оны жүзеге асырады және атқарылған жұмыстарды өздері қабылдап алады. Тәуелсіз ғалымдардың жүргізген сараптамасы бойынша, бұл

ұйымның атқарған жұмыстары тиісті талаптарға сай келмейді екен. Кесененің өн бойында ылғандан, тұздану процесі жүріп жатқандығы қалпына келтіру жұмыстарының ғылыми негізсіз

жүргізілгендігінен деп саналады. Бұл жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Кесененің күрделі күйі», «Киелі кесене сынақ алаңына айналмауы тиіс» деп аталған мақалаларда баяндалған.

Осыған байланысты Ясауи кесенесіне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сараптама жасау үшін еліміздің білікті сәулетшілері мен құрылысшыларын және Ясауи кесенесі сияқты ғимараттары бар Әзербайжан, Мысыр, Өзбекстан, Түркия, тағы да басқа мемлекеттерден шетелдік сәулетшілерді, ғалымдарды, реставрация мамандарын тартып, тәуелсіз комиссия құру қажет деп санаймын. Сол комиссияның қорытындысы бойынша жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін болса, қазіргі апаттық жағдайдан құтылар едік.





Тұлға

Осы бір жүзі жарқын, маңдайы ашық, жолы сара перзентін барша халық біледі. Кеше кеңес заманында, бүгін егемендіктің тұсында жанкешті еңбегіне, ала білген асуларына, болашақ жолындағы арманы мен күресіне қарап Қуаныш Сұлтановты біздің заманымыздағы шоқтығы биік азамат, бірегей тұлға, қажырлы қайраткер деуге толық негізіміз бар.

Жасынан ат жалын тартып мінгеннен бастап ел ісіне белсене араласты. Жастар тәрбиесімен айналысатын, ізгілігі мол комсомол баспалдақтарында сатылап көтеріліп, іскерлігімен көптің көзіне ерте түсті. Өтүрлі мінбелерден жалынды сөзін естіп, заман талабын сезіне білген, ойы ұшқыр, құлашын кеңінен сермей алатын жас екен деп сыртынан сүйсініп жүрдік. Солай болды да. Үлкен еңбекқорлығымен, жастар арасындағы ұлағатты істерімен сол уақыттарда Қазақстан комсомолының бірінші басшысы дәрежесіне көтеріле білді.

Осы комсомол ұйымы жаңа заманда, егемендігіміздің тұсында жұмысын жалғастыра алмағанын өз басым осы күнге дейін түсінбеймін.



Көп ұзамай ол Қазақстан Үкіметі басшысының, одан кейін еліміздегі Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасары болып, бұрынғыдан да жауапты қызмет орындарына тағайындалды. Ел басшыларының бірі ретінде оның алдында мемлекеттік құрылыстың жаңа арналарын құру, ескіден бой тартып, қатарын жаңадан түзеп жатқан қоғамның өзекті мәселелерін дұрыс шешудің жолын табу міндеті тұрды. Халық құлағын түріп, шешуін күтіп отырған өзекті, өткір мәселелер сол кезде баршылық болатын.

Сонау 80-ші жылдардың басында тек Қазақстанда ғана емес, бұрынғы одақтық республикалардың көбінде ұлттық сана буырқана көтеріліп, ұлттық қозғалыс күшейіп тұрған кез еді. Ал төксаныншы жылдардың басындағы Қазақстан көкшене жаңа саяси және экономикалық жүйе жағдайында ескі үміт-қиылардан бас тарту керектігі көптеген адамдарды үлкен қиындыққа тіреді. Сонымен қатар, тоталитарлық жүйенің зардабын тартып, одан бірден арылу керек деген саяси топтар да белсенділік танытып жатты. Басқасын айтпағанда, төл тарихыңды бұрмалаудан арылту, тіл мәселесі, мәдениет, идеология, білім беру, осыларды ұлттық мүдде негізінде жанарту, нарық экономикасына көшу, заман талабына сай мемлекеттің саяси жүйесін құру – осының бәрі ел

пен ынтымақтастық ұйымын реформалау мәселесі көтерілді. Осы реформалардың бағыт-бағдарын белгілеу үшін Еуропаның көрнекті саяси қайраткерлерінен 7 адам іріктеліп, арнайы кеңес құрылды.

Осы кеңеске жеті ақылманның (Семь мудрецов) біреуі болып Қуаныш Сұлтанов енді, ол да оның халықаралық беделінің айқын айғағы. Дипломатиялық қызмет ел мен елді таныстыруға, мына жаһандану заманында олардың бірін-бірі біліп, жан-жақты байланыс жасауына, әсіресе, бұрын әлем елдері бел бермейтін Қазақстан үшін маңызы өте зор. Қазақстан мемлекеті, қазақ деген халық бар екенін әлем елдерінің жақсы білуі Елбасының ашық саясатының, оның өзінің жеке басының, халықаралық саясат әлемінде жоғары орыны бар осы қайраткердің еңбегі десек артық болмас. Жылдан-жылға әлемдегі катинастарының ауқымы мен сапасын өсіріп келе жатқан сыртқы істер министрлігінің де, әрине, еңбегі бар. Осыларды айта келіп, өз ортамыздан Қасым-Жомарт Тоқаев, Қуаныш Сұлтанов сияқты әлем қауымдастығына өздерін таныта білген азаматтардың шыққанын да мақтаншымен айтуымыз керек. Өр жылда олардың шетелдерге жиі-жиі шығып, еліміздің жоғын жоқтап жүргенін көрмейіз. Ал елде болса, көптеген лауазымы биік шетел өкілдері келіп, олармен пікір алысып жатады.

Заманымыздың көрнекті саяси қайраткері ретінде Сұлтанов осы саладағы мемлекеттік іс-шаралардың бәріне белсене қатынасып жүр. Ең басты саяси оқиғалар – конституциялық реформалар хақында оның тұжырымды пікірлерін естідік. «СНЕК», артынан «ПНЕК» атты саяси топтарды ұйымдастырудың басында да Қуаныш Сұлтанов тұрды. Осының негізінде еліміздегі басшы саяси ұйым – «Нұр Отан» партиясы құрылды. Осы партияның Саяси Кеңесінің бюро мүшесі ретінде Қуаныш Сұлтанов оның жарғысын, даму бағдарламаларын, стратегиялық бағыттарын анықтауға өзінің бай тәжірибесін арнап жүрген азамат.

Осы азаматты халық сегіз қырлы, бір сырлы деп бекер айтады, ол қайраткер, депутат, дипломат қана емес, қаламы ұшқыр жазушы, журналист, публицист. Қуаныштың ойы терең, тілі жатық, мағынасы мәжікті шығармалары сүйсіне оқимыз. Және де олардың көбі жаңа заман тынысын, оның күңейі мен көлеңкесін, көздейтін көкжиегін әдеби хикая ретінде сомдаған. Қоғамдағы келелі құбылыстарға автордың пайым-пікірін аша алған оның саяси-публицистикалық макалалары баспасөз бетінде жиі шығады. Олардан оның әмбебап дайындығын көрмейіз, елімізде, тіпті, әлемде болып жатқан құбылыстарға бейжай қарап қоймай, олар туралы толғаныстарын ортаға салады.

Біздер, зиялы қауым өкілдері, Қуанышты өз азаматымыз дейміз. Ғалым, ғылым докторы. Саяси ғылымдар докторы атағына ие азаматтар бізде баршылық, әсіресе, әкім-қаралардың ішінде. Осы саланың шынайы маманын біз Қуаныш Сұлтановтан көреміз. Ол осы ғылымның теориясын тиянақты іске айналыдыра білетін саясаткер, саяси қайраткер. Оның ғылымдағы еңбегін, жалпы азаматтық тұлғасын академиктер Салық Зиманов, Манаш Қожабаев, Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев, Әбдулли Қайдаров, Жабайхан Әбділдин жоғары бағалады. Ғалымдар ортасында өзінің заман, кеңістік, уақыт туралы терең танымдарын ортаға сала білді. Олардың құрметіне ие болды. Академик Зимановтың әрбір бес жылда өзінің ең жақсы көріп, құрметтейтін 5-6 азаматты өзіне арнайы шақырып, олармен суретке түсетін дәстүрі бар еді. Сол арнайы шақырылған фотосессиялардың бәрінде де Қуаныш Сұлтанов болатын. Осылайша бүгін ортамызда жоқ, тоқсанға келген абыз жасында дүниеден өткен кеменгер Сәкен Қуаныш інісінің еңбегі мен азаматтығына ризашылығын көрсететін еді.

Осы күндері Қуаныш Сұлтанов, жоғарыда айтқанымыдай, жетпіс жасын игеріп, жеті асудан өтіп отыр. Зұлқарнай деген атамыз өзі тоқсанға келіп отырғын: «Елу ер жігітке бел екен, алыс – көштен қайтқан ел екен, жетпіс – дәулетті болса, сәулеті болса қонырқай құт екен», деген екен. Ертеде айтылған өмірдің, жастың сыры ғой. Қазір заман өзгерді, өмірдің шуағы көбейді. Қуаныш ініміз бүгін аттың үстінде нық отырған, көпті көріп, біліп отырған, артындағыларға үлгі бола біліп, алдында елі де алатын асқаралы асулары бар азамат. Алдағы өміріне сәттілік тілейік. Айтқан сөзі, жасаған еңбегі – елдің құты. Оның сөзіне қалың жұртшылық құлағын түреді әрі сенеді. Ел сені ескіні біріне келе бермейді. Қуаныш сияқты ары таза, пенделілігі жоқ, жанашырлығы мол ел азаматына беріледі.

Кешегі жекешелендіру, мемлекеттік меншік талан-таражға түскен уақытта оның, кейбір іс басында жүрген әріптестері, басшылар сияқты, дүние-мал жинауына болатын еді. Бірақ, ол оған бармады, ар тазалығын сақтап білді. Мансап қумады, қарапайым қалпын берік ұстап жүр. Ол осындай тазалығымен мына былық-шылығы көбінің кеткен заманда жеке-дара жүрген лауазымы биік азаматтардың бірі. Халқына осындай жан тазалығымен, ар тазалығымен қымбат.

Осы сөздерді жазып отырғанымда есіме қазақтың біртуар, кеменгер азаматы Ілияс Омаров түседі. Бірер жыл бұрын 100 жылдығын атап өттік. Қайраткер, ғалым, мәдениеттің аса көрнекті жанашыры, кемел ой иесі еді ғой Ілияс ағамыз. Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов сияқты даналарымыз оның еліне деген қадір-қасиетін, жасампаздығын жоғары бағалап, «Сегіз қырлы, бір сырлы» азаматымыз деуші еді. Осы Ілекең өмірден өткенде ол туралы естеліктердің басын құрап (Тағылым. Раздумья) атты жинақты шығарушылардың бірі, оған арнайы кіріспе сөз жазған інісі Қуаныш Сұлтанов еді. Осы інісінің өмірінде Ілияс Омаров ағасының өмір жолымен көптеген ұқсастық бар. Екеуі де партияның жауапты қызметкерлері, мәдениет жанашыры, халқына адал қызметін жасай білді, жасап та келе жатыр. Ең бастысы, адамгершілікке, әділетке, достыққа кір жүйтпаған жандар. Кеше осы туды Ілияс Омаров көтерсе, бүгін оның ізбасары Қуаныш Сұлтанов берік ұстап отыр. Қазақ әлемінде осындай ізбасарлық лайым көбейе бергей.

АЛМАТЫ.

ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.

Мен де комсомол қатарында болдым, сондықтан білемін. Ол жастарды Отанды суюге, әділдікке шақырды, қоғам жұмысында белсенділікке үйретті, шынайы достықты мадақтады, ой, мінез, ар тазалығына, әділетсіздікпен, ұсқа да кемшіліктермен күресуге шақырды. Осындай шаралармен мақсатты түрде айналысатын, кешенді түрде ұйымдастыра алатын бүгінгі қоғамымызда соған ұқсас ұйым, қозғалыс не ұжым, не қызмет саласы көрінбейді. Ал жастар тәрбиесіндегі әттегенайлар орын алған кемшіліктер туралы өкінішті әңгімелерді осы күндері жиі естиміз.

Комсомол ұйымының басшылығынан халқына еңбегі сіңген біршама азаматтардың қайраткерлік жолы басталып еді. Мерейітің ісінесе үлгі бола білген осы азаматтардың есімін еске алғанымыз да дұрыс болар. Ғалым, идеолог, Отан соғысынан есеніреп қалған елдің жастарын қажырлы еңбекке ұйымдастыра білген марқұм Әмір Қанапін, кешегі тың игеру науқанында елімізге жүздеп, мыңдап келіп жатқандардың ішінде маскүнемдер мен бұзақылар көбейіп кетті деп Мәскеудің жымысқы саясатын үлкен мінбеден сынаған, сол үшін орнынан қуылған бүгінгі абыз ағамыз Сағындық Кенжебаев, ел мәдениеті мен тарихының шынайы жанашыры, ғалым, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков, біртуар азаматтар Серік Әбдірахманов, Кеңес Аухадиев, егемен елдің сан алуан жүгін абыроймен аркалап жүрген Иманғали Тасмағамбетов – халқына адалдығымен, жанашырлығымен, ар тазалығымен өскелең ұрпаққа үлгі бола білген басшылар. Есімдерін құрметпен атайтын қыздарымыз Ғайникен Бибағырова, Мәнұра Ахметова, Бірғаным Әйтімованың да қайраткерлік келбеті осы комсомолда сомдалып еді.

Міне, осылардың қатарында Қуаныш Сұлтанов та бар. Қай іске болса да жігермен араласып, халқының алдындағы парызы мен қарызын абыроймен атқарып келе жатқан азамат. Тәжірибе жинаған, білімі терең, іскер азаматты комсомолдан кейін партияның жауапты қызметтерін тарту да орындай болды. Басшы партияның Орталық комитетінің мәдениет бөлімін, одан кейін ұйымдастыру бөлімін басқару Қуаныштың халыққа арналған қызметінің арнасын кеңейтіп, жауапкершілігін өсірді. Басшы партияның жауапты қызметкері ретінде елдің мәдени-әлеуметтік дамуына белсене араласты, таланты жетіп, терін төкті. Оның еңбектері қарымды серпініне, мемлекеттік деңгейдегі пайымына қарап өресі биік, мәртебесі жоғары азамат, қайраткер екендігін баршаңыз көріп, біліп жүрдік. Президенттің қолдауымен ЮНЕСКО 1995 жылды Абай жылы деп арнайы еске алатын оқиғалар тізбесіне кіргізіп еді. Ғылым академиясының президенті ретінде сол жылы Абай тойы тек Қазақстанда ғана емес, Парижде, ЮНЕСКО-ның өзінде аталып өтуінің басы-қасында болып еді. Осыны білетін азаматтар әлем мәдениетінің ширақшысы болып отырған ЮНЕСКО сияқты құрметті ұжымға елімізден бірінші болып жол ашқан Қуаныш Сұлтанов еді деп мақтаншыпен айтады.

Ол айналысқан партияның кадрларды іріктеу саясаты үлкен жауаптылығымен қатар құпия, жабық астары бар қызмет саласы еді. Жауапты қызметтерге үміткерлерді ұсынғанда олар туралы пікірталас болмады емес, болды ғой. Кімнің пікірі жеңіп, кімдікі өтпей қалды, оны біз білмейміз. Білетініміз, лауазымы биік кейбір басшылардың не ана, не мына қырларынан олыққы, бұрмалаушылық, пенделшіл табылып, ел арасында айтылып жүретін. Ондай хикаяларды естіп те жүрдік. Ал Қуаныш Сұлтанов туралы бөтен әңгіме болмады. Ол қандай биік қызметте де адалдығынан, ақындығынан айнымады. Сондықтан да халқы оны азамат деп бағалайды және бұл бүгінде екінің біріне айтылатын жайдақ қошемет емес, Қуаныш Сұлтанов сияқты ата-ананың, туған халқының үмітін ақтаған, Отан сенімін берік сақтаған, достыққа берік, жамандық жолын баспаған, адамгершіліктің туын берік ұстаған, ары таза ұлына берген ақиқат бағасы. Қуаныштың сын сағатына тірелген кездері де болды. Сонау 1986 жылы Қазақстанда партия басшысы ауысып, бұрынғы жүрген жолдың соқпағы мен бұрмасы көп болған екен деген әңгімелер әртүрлі деңгейде айтыла бастады. Айтылған сындардың бір шеті біздің азаматқа да тіреліп жатты. Осындай

қийн кезеңде Қуаныш Сұлтанов өткен жолына топырақ шашпады, ешкімді сатпады, рухы биік азаматтық қалпын сақтап, өмірінің жаңа жолын таба білді. Ар, рух, мінез тек бір қиын сәттерде сыналып, оның беттердесін сол кезде аша алады ғой. Сондай сын сағатында оның өзінің тіккен азаматтық туына берік екенін көріп, сүйсініп те едік.

Сол оқиғалардан кейін қызметі төмендеп, партияның Қарағанды облыстық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып сайланды. Менің осы азамат інімімен тығыз араласа бастауым сол кезде басталып еді. Мен Целиноградта Ауыл шаруашылығы институтының реторы, ол Қарағандыда партия басшыларының бірі ретінде М.Горбачев бастаған жариялық, бетбұрыс, қайта құру кезеңіндегі осы өңірдегі сансыз көп жиналыстарда кездесіп, пікір алысып жүрдік. Жариялықтың арқасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, жалпы Алаштың ардақтыларының есімдері жарыққа шығып, олардың ерен еңбектерін, болашақ үшін күресін халыққа тарату қамында жүрген кез ғой. Идеолог-хатшы ретінде, ұлттына жанашыр перзент ретінде Қуаныш осы шараларды ауқымды жүргізсе алды. Сол кезде Қарағанды қаласында көп жылдар «халық жауы» деген жаламен айдауда болып, елге оралған қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі, жазушы, көне тарихтың білгірі, Алаш арыстарының көзін көрген, Әлімхан Ермековпен көп жылдар пікірлес болған абыз ақсақал Жайық Бектұров тұратын еді. Жиналыстардың бірінен қалмайтын. Қуаныш Сұлтановтың жоғарыдағы мәселелерге арналған жиындарында болып, баяндамасын тыңдап, үйіне қайтарда: «Биыл арыстар жылы ғой. Қайырымы жоқ, жаласы көп заманда өмір сүріп, ұлылықтарын таныта білді ғой олар. Осыны жиналғандарға тамаша түсіндіре білген обком хатшысы Сұлтановтың дайындығы жан-жақты, тарихи зердесі мықты екен», дегені есімде.

Идеолог-хатшы халықтың көп уақыт бойы көз жазып қалған тарихи, мәдени тамырларын жаңғырту керек екенін жақсы түсіне білді. Оның ұйымдастыруымен Орталық Қазақстанда туып, бүкіл қазақ елінің мақтанышына айналған Бұқар жырау, Тәттімбет, Мәдіді еске алу шаралары өтуі – соның айғағы. Жол түсіп Қарқаралыда болып, Құнанбай қажы салдырған мешітке тәу еткенімде, осы мешітті күрделі жөндеуден өткізуге қаржы тауып, ұйымдастырған обком хатшысы Қуаныш Сұлтанов деп еді мешіт шырақшылары.

Қарағанды қаласы, облысы еліміздегі ең ірі өндіріс ошағы. Халқының көбі шахтер, металлург, кеншілер, яғни сол заманда көңіл күйіне, тұрмысына ерекше көңіл бөлінетін жалпы жұмысшы табы. Әрбір кемшілікті жоюға, олықлықтың орнын толтыруға батыл талап қоятын да солар. Әсіресе, Қарағанды шахтерлері егер қойған талаптары орындалмаса, ұйымдаққан түрде ереуілге шығатынын да білдіріп жүрді. Қуаныш Сұлтанов бұрын осындай ортада жұмыс тәжірибесі жоқ азамат қой, жаңағыдай ауыр еңбек иелерімен жұмыс істеуі, олардың тілін табуы қалай болады екен деген күдігіміз де болып жүрді. Ал біздің жігіттіміз болса олардың ортасына еркін кіріп, айтқан мұң-мұқтаждарын түсініп қана қоймай, оларды жеңілдетуге тиянақты шаралар ұйымдастыра алатын қайраткер екенін де көрсете білді.

Ол үш жылдан кейін партияның Орталық комитетіне идеология бөлімінің меңгерушісі болып қайта шақырылғанда еліміз күрделі өзгерістердің қарсаңында еді. Коммунистік партия, оның басқару жүйесі, ұстанымдары сыңға алынып жатты. Әсіресе, осы партия жүргізген саяси идеология жоққа шығарылып, «адамдық сипаты бар социализм» құрамыз деп әуреге түстік. Бірақ, оған апарат тиянақты жолдар қандай, оны құратын тетіктер неден тұрады? Оны не М.Горбачев, не басқалар айтып, дұрыс түсіндіре алмады. Идеология дегеніміз халықтың, әлеуметтік топтардың іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі ғой. Идеология керек емес, ол билік басындағылардың халық алдында өздерін жақсы көрсету үшін жасалған амал-айласының құралы деген пікірлер ашық та өктем түрде айтыла бастады. Сол кездерде идеология жағымсыз, күдікпен айтылатын сөз болып бара жатты. Жетпіс жыл қакқан қазықтай қағидаларымен

дамып отырған осы жүйенің құлдырауы кімге болса да, әсіресе идеология қызметкерлеріне оңай тиген жоқ. Қуаныш Сұлтанов үшін де осы өтпелі кезеңнің қиындығы болмай қалмады. Олардан өзін тазарта алған – Сұлтановтың халқына адалдығы, жанашырлығы, елім үшін не жаксы, не жаман деп көкірегіне мықтап түйген дүниетанымы, оны қай уақытта да берік сақтай білген зердесі еді. Осы жайлар оның азаматтық болмысы адамзаттық, ұлттық құндылықтармен сусындағанын көрсетеді.

Сонымен, ескі жүйе тарих қойнауына кетті, егемен ел үлкен ауызбіршілікпен Нұрсұлтан Назарбаевты Тұңғыш Президенті етіп сайлады, ел азаматтары оның туының астына жинала бастады. Солардың ішінде алғашқы қатарда Қуаныш Сұлтанов та болды. Міне, ол осыдан кейінгі ширек ғасырға жуық уақыт ішінде Елбасының сенімді серігі ретінде жаңа Қазақстан мемлекетін құрып, оны дамытуға белсене араласып келе жатқан қайраткер. Тұңғыш ел Үкіметінің баспасөз және ақпарат министрі болып, осы жаңа саланың негізін салды. «Не керекті құрал-жабдық жоқ, не жүйелі баспасөз жоқ, жаңа мемлекеттің ақпараттық ұстанымы енді ғана қалыптаса бастаған кез. Осыларды шешеміз деп жоқтан бар жасағандай болып едік», – деп еді Қуаныш Сұлтанов кейінгі бір сөзінде.

*Қаламы – қуат,
Жүрегі – шуақ*

Жастық жігерін парасатымен тыңдаған, Жүректің жырын ақыл-ойымен тыңдаған. Жасампаз жылдар жанында оның тулаған, Жалыны лаулап, дауылы самғап, тынбаған, Жаксы ағам менің, қуатты ағам, нұрлы ағам.

Қуаныш ағам, шуақты ағам, нұрлы ағам, Құлагер-ойы қиянға шауып тұрмаған. Қиялы сонау ғарышқа самғап, зулаған, Қасында ылғи жаңа мен озық дұлаған, Қайраткер ағам, жаңашыл ағам, нұрлы ағам.

Қуаныш ағам, қуанған елі, нұрлы ағам, Қоғамның сөзін құлаққа құйса, сыр бағам. Қазақтың сөзін қалауын тауып қырнаған, Қапыда соққан қара дауылға сынбаған, Қарағай бойлы, данадай ойлы, нұрлы ағам.

Қаламы жүйрік, қадамы құтты нұрлы ағам, Қараулы сөзге қабағын әсте бұрмаған, Қанатты жылдар қадірін оның бұлдаған, Қалаулы жерде қазақтың ділін көрсеткен, Қашанда алда саптағы сардар, нұрлы ағам.

Қуаныш ағам, көңілі теңіз, нұрлы ағам, Қуатты сөзбен өмірі егіз, тыңдаған. Қайырып айтып, қуанып талай жырлаған, Қаламы – қуат, жүрегі – шуақ білгенге, Қазаққа біткен осындай адам, нұрлы ағам.

«Жетпісте» дейді, жетпісі несі, шұбәм бар, Жеріне жетпей төменге түспес қырандар. Жүрегінде оның айтылар әлі мың ән бар, Жігіттің жасын жұрттынан ғана сұрандар, Жанары әркез жарқылдап, жанып тұрғандар.

«Жетпісте» дейді, жетпісің деген осы-ақ па, Жүгенін салар, ерлерін ерттеп қос атқа. Жүйрікке құмар жігіттің жанын босатпа, Жарқылдап жүрген Қуаныш ағам, қарасам, Жүп отыз бесінді құрықтап алған қосаққа.

Жалауын тіксің жарқылдап жеткен армандар, Жапырақ жайсын жақсы бір жолға барғандар. Жүгіріп жетсін артынан оның қалғандар, Жалықпай тұрып, анықтай тұрып санайық, Жүзден кейін де жүрекке жақын сандар бар.

Арманшыл ойы алға да тартқан санасын, Адал боп сүйген кең-байтақ қазақ даласын, Адами істің уақытқа қаққан тағасын, Алланын берген жасына жеткін, жақсы аға, Алақан соғып, қуана берсін алашың.

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ.



• Көкейкесті



Ұсақ қожалықтар бірігуге неге құлықты емес?

Әлемдегі озық дамыған елдерде ауыл шаруашылығын қолдау арқылы өздерін азық-түлікпен толық қамтамасыз ету негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Алайда, жер, су ресурстарының шектеулілігіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге қажетті табиғи ресурстардың тапшылығы жылдан-жылға ұлғаяды.

Біздің елімізде егістік жерден тапшылық жоқ. Оның жалпы аумағы 272,5 миллион гектарды құрайды, оның ішінде, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі – 93,4 миллион гектар немесе барлық жер көлемінің 34,2 пайызын құрайды. Бұл қазақ елінің үлкен байлығы. Әсіресе, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға зор мүмкіншілік бар. Осы мүмкіншілікті ұтымды пайдаланып, еліміздің экономикасының өсуіне және халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағыттау маңызды мәселе.

Елбасы Н.Назарбаев Х Ислам экономикалық форумында «Қазақстан ауыл шаруашылығы мақсатындағы, жалпы ауданы 90 миллион гектарға жуық жерге ие бола отырып, азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық орталығына айнала алады», деген болатын. Елбасының тұжырымдамасы еліміздің экономикасының жоғары деңгейге көтеруге бағытталған. Сондықтан агроөнеркәсіп кешенін дамытуда осы бастаманы жүзеге асыру мәселелері өз шешімін табуы тиіс. Агроөнеркәсіп саласын қарқынды дамытып, жаһандық орталыққа айналдыру үшін бұл салада мемлекеттік, ұжымдық, өндірістік ұйымдар, шаруашылық қожалықтар, фермерлер, серіктестік және жеке кәсіпкерлік құрылымдарды қатар қалыптастырып, олардың тиімді жұмыс жасауына мемлекет тарапынан ауқымды іс-шаралар қарастыру қажет. Бұл іс-шараларды жүзеге асырудың негізгі жолы ауылшаруашылық құрылымдарды ірілендіру болып табылады.

Алайда, бүгінгі таңда жеке кәсіпкерлер өз еркімен ауылшаруашылық кооперацияларына бірігуге құлықты емес. Оның басты себебі – нормативтік-құқықтық базаның жетілмегені, қызметінің айқын болмауына байланысты кооператив мүшелерінің бір біріне сенімсіздігі. Шаруа қожалықтары мен фермерлердің иелігендегі жер алқаптарының шағын көлемі және олардың өндірістік әлеуетінің тиісті дәрежеде болмауы өндіріске озық технологиялар мен ғылым жетістіктерін өздерінен енгізуге мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан ауылшаруашылық дамытуға арналған субсидиялар және импортқа тәуелділікті қалыптастыруда.

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, ауылды дамытуға мемлекет тарапынан белгіленген қолдау іс-шараларына өзгерістер енгізген жөн сияқты. Ол бойынша ауылды қолдау бағдарламасына бөлінетін қаражаттар нақты мақсаттарға сәйкес жоспарланып, бөлінгені дұрыс. Бүгінде ауылдағы шағын, орта кәсіпкерлікті дамытуға бөлінетін мемлекеттік қаражаттар жұмыссыздықты және қажетті азық-түлік өнімдерін өндіру мәселелерін толық шеше алмайды. Осы орайда агроөнеркәсіп кешенінде атқарылатын іс-шараларды алды ала сараптап өткізіп, қандай өнімдер өндірілетінін, кімдер өндіретінін және оларды кімдер тұтынатынын анықтап алу қажет. Өсімдік, мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар және мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау нақты өндіріс орындарын ашуға мүмкіндігі бар құрылымдарға (агротехникалық шараларды енгізе алатын егістік жерлердің көлемі, материалдық-техникалық базасы, мамандармен қамтылуы) беріліп, күтілетін нәтижелер айқындалуы қажет. Себебі, ауылшаруашылық құрылымдарының материалдық-техникалық базасын жасамай, қажетті мамандармен қамтамасыз

етпей жеткілікті мөлшерде сапалы өнім өндіру және оларды дер кезінде өңдеп, тұтынушыларға ұсынудың мүмкіндігі төмен болатыны сөзсіз.

Жалпы, мемлекет тарапынан берілетін субсидиялар олардың жағдайын жақсартуға бағытталған. Алайда, оларды ресімдеу, алу кезінде шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер көптеген қиындықтарға кездесуде. Несие мен субсидия алуға тапсыратын құжаттардың саны көп және шаруашылықпен айналысып жүрген кәсіпкерлер ол құжаттарды тиісті заңдарға, ережелерге сай сауатты дайындап, тапсыруға дайын емес. Ауыл шаруашылығында жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдардың арасындағы субсидия мен жеңілдетілген несиедерді ресімдеуге байланысты қатынастарды жеңілдету, реттеу қызметтерін жүргізетін құрылымдар дамымаған. Оларды ресімдеу ауырталығы жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарына жүктелген. Шаруашылықты дамытуға қажетті субсидия мен басқа да мемлекеттік қолдау шаруа қожалықтары мен фермерлерге жеткілікті мөлшерде және қажетті мерзімде беріле бермейді. Бұл өз кезегінде берілген субсидиялардың нәтижелі де тиімді жұмсалынуы қамтамасыз етпейді. Сондықтан, осы айтылған мәселелерді болдырмауды жүзеге асыратын органдарды құру қажет немесе ол қызметтерді жүргізуді тиісті жергілікті атқару органдарының бөлімдерінің құзырына жүктеу керек. Ауыл шаруашылығы басқармалары мен аудандық ауылшаруашылық бөлімдердің қызметін кеңейтіп, олардың азық-түлікті өндірудегі жауапкершіліктерін күшейту керек. Олардың қызметінің нәтижелері ауылдық жерде қанша кәсіпорындар құрылып, қанша жұмыс орындары ашылғаны және қандай көлемде шикізат өнімдері өндіріліп, олардың қаншасы өңделуден өтіп тұтынушыларға ұсынылғанымен бағалануы тиіс. Ол үшін олардың құзырында жоғарыда айтылған қызметтерді толық атқаруына мүмкіндіктер беретін тиісті шаруашылық тетіктері болуы шарт. Сонымен қатар агроөнеркәсіп саласы органдары мен шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлердің арасындағы қатынастар толық реттелмеген. Олардың арасындағы тиісті қызмет қатынастары орындалмаған жағдайдағы жауапкершілік міндеттері қарастырылмаған. Қазіргі уақытта олардың қызметтері көп жағдайда ақпарат жинау мен және жоғары органдарға жауап дайындаумен шектеледі. Ауыл шаруашылығы өндірісінің даму көрсеткіштері мен олардың тиімділігі жөніндегі ақпараттың шынайылығы көп жағдайда күмән келтіреді.

Ауылшаруашылық өндіріс орындарын және олардың өнімдерін сақтайтын, өңдейтін кәсіпорындарды ашу үшін маңызды зор. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығында өндірілген астықты, көкөністі, басқа да дақылдарды сақтауды толық қамтамасыз ететін элеваторлар, қоймалар саны жетіспейді. Олардың көбі ескі, жаңа технологияға сай емес, жөндеуді қажет етеді. Ал оларды алуға ауылшаруашылық құрылымдарының жеткілікті қаражаттары жоқ. Мал шаруашылығы өнімдерін өңдейтін ет, сүт комбинаттары да жеткілікті емес. Осыған байланысты шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер өндірген өнімдерін дөңделділер немесе ірі холдингтерге төмен бағамен сатуға мәжбүр. Бұл жағдай шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлердің қажетті деңгейде табыс табуына және өндірісін тиімді жүргізуге мүмкіншілік бермейді. Сондықтан, осы мәселені шешуге мемлекет қаражатын лизинг желісінің қызметі арқылы тарту қажет. Қазіргі кезде еліміздегі лизингтік қызмет негізінен ауыл шаруашылығын техникамен және технологиялық жабдықтаумен қамтамасыз етумен айналысады. Әлемнің дамыған елдері тәжірибесінде лизингтік қызмет техникамен, технологиялық жабдықтаумен қамтамасыз етумен қатар, аса қажетті озық технологияны инфрақұрылым нысандары құрылысын лизингтік желімен салу, одан сон оларды қаржы нарығында немесе ипотека, лизинг арқылы тапсырушыларға

тиімді ұзақ мерзімді несиеге сату жақсы дамыған. Осы тәжірибені бізде де енгізудің пайдасы зор.

Жалпы, еліміз аумағының кең екенін және олардың толық игерілмей жатқанын ескерсек, ауыл тұрғындарының қала төңірегіне жаппай шоғырлануы қолайлы жағдай деп айтуға болмайды. Агломерация саясатынан бас тартуға болмайды, тек оны қай жерлерде, қандай көлемде жүргізуді анықтап алған жөн. Еліміздегі ауыл тұрғындарының бәрін қалаға шоғырландырып жағдайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді игеру және халықты қажетті сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі қиындайды. Еліміздің аудандық жерлердегі шағын қалалардың жағдайын жақсарту басты мәселе болу керек. Қажет болған жағдайда тың, игерілмей жатқан аймақтарда шағын қалаларды немесе қала үлгісіндегі жаңа кенттерді салуға инвестиция тартудың маңызы зор.

Еуропада, кейбір Азия, Америка елдерінде халықтың қалаларда шоғырлануы қажеттіліктер туындаған. Оларда біздің еліміздегідей кең территориясы, яғни ауыл шаруашылығы дамытуға қолайлы жерлері жоқ, сондықтан да, халықтың көбі қалаға шоғырланған. Біздің елдің жағдайында бұл жаппай орын алмауы тиіс. Астана, Алматы және басқа ірі қалаларда халықтың шоғырлануының шегі болу керек. Үлкен қалалардың тұрғындарын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етудің де өз проблемалары бар. Қала тұрғындарын қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлер азық-түлік өнімдерін шетелдің арзан азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етіп, отандық өнімдердің тұтыну қабілеттілігін төмендетуі ықтимал.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерді шешу өз кезегінде еліміз аумағының тұтастығын сақтауда да мән зор саяси мәселе болмақ. Игерілмей жатқан территориямызда жаңа шағын қалалар немесе ірі кенттер салынып, оларда жаңа жұмыс орындары ашылғаны болса жастарға, шет елдерден келетін қандастарымызға тұрғын үй, жұмыс орындары көптеп табылған болар еді. Бірінші кезекте аудандар аумағында осындай нысандардың санын анықтап, олардың құрылысына шетелдік, отандық инвестицияларды мол тартуды жоспарға енгізу қажет. Ауылдық жерде өндіріс орындары көптеп ашылған жағдайда ауыл шаруашылығының, өнеркәсіп, құрылыс мамандарының ауылға барып қызмет істеуіне жол ашылады. Бұл өз кезегінде жұмыссыз жүргендер мен тұрғын-жайлары жоқтарға төленіп жатқан жәрдемақылар көлемін азайтуға мүмкіндіктер берер еді.

Агроөнеркәсіп саласында мемлекеттік меншікті дамыту арқылы жетістіктерге жетуге болатынын дамыған елдердің тәжірибелері де көрсетуде. Көп елдерде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру іс-шаралары негізінен шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Бұл жағдай ол елдердегі жер ресурстарының көлеміне және соған сәйкес халықтарының тығыз орналасуына байланысты орын алған. Ал біздің елдің ерекшеліктерін ескеретін болсақ (табиғат, ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің көлемі мен орналасу жағдайлары) жер, су ресурстарын толық игеріп, пайдалану, жеткілікті мөлшерде сапалы өнім өндіру мен оларды өңдеу шараларын ауыл шаруашылығындағы ірі кооперациялар мен мемлекеттік кәсіпорындар тиімді жүргізе алады. Себебі, шағын және орта шаруа қожалықтарының өндірістік әлеуеттері, қуаты бүгінде жеткілікті деңгейде емес. Олардың тәжірибесінде шаруашылық мәселелерімен өздерінің отбасылары ғана айналысып, ауылдағы жұмыссыздықты жою алмайды және табыстары ауылдағы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталмаған, өндірісі ұсақ тауарлы сипатта қалады. Жол, ауызсумен қамтамасыз ету, мәдени іс-шаралар және ауылға қажетті басқа мәселелерді шешуге олар мүдделі емес. Бұл айтылған мәселелер қазіргі кезде мемлекет тарапынан шешілуде. Мемлекеттің бағдарламаларында шаруа қожалықтарына жол салу, электр энергиясымен, газбен, ауызсумен қамтамасыз етуге қомақты

бюджет қаражаттары қарастырылған. Бұл шағын және орта бизнесті дамытуға қарастырылған көмек. Мемлекет тарапынан ондай көмектер алдағы уақытта да көрсетіле беруі тиіс. Бұл өз кезегінде ірі кәсіпорындар, шаруа қожалықтары мен жеке шаруашылықтардың қатар дамуына оң әсерін тигізеді.

Дегенмен, агроөнеркәсіп кешенін жоғары деңгейде дамыту үшін ауылшаруашылық өндірісінде озық технологияларды енгізе алатын және өнім өндірумен қатар оларды өңдеп, азық-түлік тауарларын дайындайтын ірі мемлекеттік кәсіпорындар ашу маңызды. Осы мәселені жүзеге асырудың ерекше маңыздылығы экономиканың дағдарысқа кезіккен кезінде, оның ауырталығын жеңілдету де арта түседі. Сонымен қатар, бұл мәселені оң шешілуі агроөнеркәсіп саласының тиімді дамуына және халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетуге мүмкіндік береді.

Ресей ғалымдарының тұжырымдамасы бойынша, экономиканың тұрақтылығы мен жаңа жұмыс орындарын ашу үшін мемлекеттік меншік түрлері экономикамыздың 55-60 пайызынан кем болмауы керек. Франция мен Германия және басқа да батыс еуропалық елдерде мемлекеттің ішкі Жалпы өнімдегі үлесі 50 пайызды құрайды. Статистика мәліметтері бойынша, 2012 жылы еліміздегі ауылшаруашылық құрылымдар санының 85,2 пайызы шаруашылық қожалықтары мен фермерлер үлесіне тиісілі және олардағы ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің көлемі 55,1 пайызды құрап, жалпы ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдердің 25,7 пайызын ғана өндіреді. Ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны 2,9 пайызды құрап, олардың үлесіндегі 44,6 пайыз жер көлемінен, жалпы ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдердің 29,3 пайызы өндірілген.

Бұл мәліметтер агроөнеркәсіп кешенінде мемлекеттік кәсіпорындардың үлес салмағының төмен екендігін көрсетеді. Сол себептен олардың басқа меншік түрлерімен қатар дамуын қамтамасыз ету қажет. Олар нарықтық экономиканың принциптеріне сай жұмыс жүргізетін құрылымдар болуы шарт. Ол құрылымдардың ішінде жеке меншіктегі шаруашылықтар өз жұмыстарын келісімшарт негізінде мемлекеттік тапсырыс бойынша тиімді жүргізуге толық мүмкіндік жасалуы тиіс. Бұл жағдай жеке кәсіпкерлердің шаруашылықтарын жүргізуде мемлекеттік кәсіпорындардың техникалары, басқа да көмектерін тиімді пайдаланып, өз өндіріс көлемдерін ірілендіріп, олардың дамуына зор мүмкіндіктер туғызады. Осы орайда ғылыми-зерттеу институттарына ірі мемлекеттік кәсіпорындар, өндірістік бірлестіктер, ауылшаруашылық кооперацияларын қандай негізде құру туралы, нарық жағдайында жұмыс істеу, қызмет көрсету ерекшеліктеріне сай онтайлы көлемін, шаруашылықты ұйымдастыру, басқару әдістерін айқындау туралы тапсырыс беріп және олардың ұсыныстарын тәжірибеге енгізуді жүзеге асыру қажет.

Жаңа индустриялық даму кезеңінде агроөнеркәсіп кешеніндегі олықлықтарды жою мақсатында мемлекет ірі өндіріс кешендерін дамытуға қомақты қаржы бөледі және шетел инвестициясын тартуды жедел өз қолына алып, оларды басқару, реттеу мәселесін жетілдіруге тиісті іс-шаралар қабылдап, оның жүзеге асуын қатаң қадағалауы қажет. Бұл ауылшаруашылық өнімдерін ғылыми жетістіктер мен жаңа технологияларды енгізу жолымен өндіруге және оларды өңдейтін өндірістерді құру арқылы азық-түлік өнімдерінің өзіндік құнының төмендеуіне және жаңа жұмыс орындарын ашуға, шағын және орта бизнес өкілдерін бәсекелестікке сай жұмыс істеуіне зор мүмкіншілік туғызар еді.

Мұрат ЖҰМАДІЛДАЕВ,
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты.

Жамбыл облысы.

• Жазылған жайдың жалғасы

Орталығы жоқ аудан ауылға қашан көшеді?..

Григорьевка, Ефремовка, Заря, Красноармейка, Луганск, Миучурин, Рождественка, Ольгинка, Черноярск, Черноярка, Сычевка, Розовка, Новочерноярка, Набережное, Богдановка, Березовка, Заозерное аталатын ауылдары бар Павлодар ауданының әкімдігі облыс орталығында орналасқан. Аудан қарамағына қазір 40-тай ауыл қарайды, бұл күндері осы ауылдарда 30 мыңдай халық тұрады. Ендігі мәселе неде? Осыған келейік.

Фарида БЫҚАЙ,
«Егемен Қазақстан».

2009 жылы 17 қаңтарда біз «Егемен Қазақстан» газетінде «Ай-тайын дегенім...» айдарымен «Орталығы жоқ аудан» деген шағын ғана ойсалар мақала жаздық. Содан бері 7 жылдай уақыт өтті. Павлодар ауданы әкімдігі әлі күнге дейін облыс орталығында, бірақ аудан орталығын ауылға көшіру жөнінде аздаған болса да қозғалыс байқалды. Кенес өкіметі жылдары Кенжекөл ауылы Павлодар ауданының орталығы болды. Кейіннен ауылды облыс орталығына қосып жіберді. Кезіндегі басшылар асығыс өзгеріс жа-самағанда Кенжекөл ауданы болып тұрар ма еді. Кенжекөлдің де, Мойылдың да, Ленин атындағы ауыл, Павлодар ауылдарының қалаға қосылған деген аты ғана, соншалықты бір өзгеріс жасалып, басқа ауылдардан артықшылық көріп отырғаны байқалмайды. Екіншіден, Павлодар ауданының тұрғандары – ауылдықтар, яғни ауылда, ал, аудан әкімдігі басшылары – қалада, аудандық әкімдік құрылымдары облыс орталығында орналасқан, қалада қызмет етеді.

Бір облыста Павлодар қаласы, Павлодар ауданы, Павлодар ауылы бар.

Біз 14 ақпан күні жазған «Ауыл да, мектеп те Красноармейка атында» деген ойсалар мақаламызда Шанды ауылының тарихын бекер қозғаған жоқпыз. Ауыл, аудан орталығының аттары дұрысталу үшін ономастика тәртібі бойынша тұрғындар жиыны, олардың пікірлері тыңдалып, дауыстары жиналады, ортақ дауыс дегендей, әрі қыруар құжат қажет екенін де білеміз.

Дегенмен, ойсалар ұсыныстардың соңы бір нәтижесін берер деп ойлаймыз. Өйткені, өмір өзгерді. Елге ел қосылды. Қала іргесіндегі аудан деп оралман ағайындарымыз, шалғайдағы ауылдардағы отбасылары бір-бірі сағалап келіп, жер алып, үй тұрғызда. Ауданың жері де, құсы да, малы да жетеді. Шаруашылықтары бүкіл облысты қысы-жазы көкөніспен және картоппен қамтамасыз етеді. Азық-түлік белдеуі, облыс орталығын көкөніспен, картоппен асырап отырған аудан орталығы ауылда болуы керек.

Егер аудан орталығы, мысалы, Красноармейка ауылына көшетін болса, біріншіден, жұрда біз жазғандай, ауыл өзінің бұрынғы атауы Шандыны қайтарып алар еді. Я, болмаса басқа мағыналы атау таңдар еді. Ауылдарына ел ірілігіне сай қандай атау беруді тұрғындардың өздері ұсынады. Екіншіден, аудан орталығы облыс орталығына жақын, үшіншіден, үлкен жолдың үсті, Шарбақты ауданы арқылы Ресейдің аудандарына баратын халықаралық маңыздағы жолға жағаласа. Аудан орталығына ауылдардан келетін халық жолдың қиындығын көрмейді. Автобустар да әрлі-берлі жүріп жатыр.

• Бір ауыз сөз

Көктем сайын құрылыс құлайтыны неліктен?

Қазақстанда көктем сайын құрылыс құлайтын әдетке айналып бара жатқандай. 2012 жылдың 6 сәуірінде Қарағандыдағы «Бесоба» кешеніндегі үй құлаған еді. Ондағы пәтерлердің құны 330 миллиондай болса, тұрғындар 545 миллион шамасындай шығынға ұшыраған болатын. Ал, биылғы көктемде екі құрылыс құлады. 2015 жылдың 25 наурызында Қызылордада мемлекеттік бағдарлама бойынша салынып жатқан үй құлады. БАҚ-тар бір жұмысын қаса тауып, 2 адам жаракат алды деп хабарлады. Тауада ғана, 2015 жылдың 24 сәуірі күні Алматының Рысқұлов даңғылы мен Архименко көшелерінің қиылысында салынып жатқан жолайық көпірі құлап қалды. Жұмыс уақытында еңбектеніп жатқан 52 жұмысшының 21-і зардап шегіп, 11 адам ауруханаға жатқызылып, бір адам опат болғаны хабарланды. Қарап тұрсақ, көктем сайын құрылыстар құлап жатыр. Тағы қай жерде қандай құрылыстың құлайтынын бір Құдайдың өзі біледі. Мүмкін, құрылысқа қатысты адамдар білетін шығар.

Әрине, құрылыстың құлауы біріншіден, оның сапасыз салынуынан екені белгілі. Екінші жағынан, тендер мен жекеорлық та әсер етіп жатқандай. Бір кезде Ғани Қасымов депутат болып жүргенде: «Тендерді ұтып алу үшін компаниялар сол ақшаның 40 пайызына дейінгі тендерді ұйымдастырушыларға береді» деген еді. Бөлінген ақшаның біраз бөлігі пара ретінде жоқ болса, қалған қаржы сапалы құрылыс салуға қайдан жетсін. Жоба бойынша қолданылуға тиісті материалдардың

Аудан әкімдігі бұған қуанбасақ, аудан орталығының Красноармейка ауылына көшуіне еш қарсылығымыз жоқ. Өзіңіз көргендей, жиын-кездесулердің денін қазірдің өзінде сол жерде өткізіп жүріңіз, дейді аудан әкімі Нұрлан Әуталпов.

Расында да, Нұрлан Қабыевті айтқандай, бұл аудан халқының Красноармейканың аудан орталығы болатынына дайын екендіктерін білдіреді. Ауылдың өзі, орналасқан жері аудан орталығы болуға сұранып-ақ тұр. Бұл жерде «Қаз-АгроИнновация» АҚ құрамындағы егіншілік және өсімдік шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ауыл шаруашылығы институты және Красноармейка атындағы агроколледж бар. Красноармейка аталатын мектептің 400-дей оқушысы бар. Колледж студенттері жатақханада тұрады. Күндізгі және сырттай оқитын-дарды қосқанда 540 студент оқиды. Жатақханада 150 бала тұрады. Олар мал дәрігері, агроном, ауыл шаруашылығы машина-техникаларының механигі және бүгінгі талапқа сай өз кәсіптері бағытында информатика, электронды техникаларды меңгеруде. Ал, Красноармейка агроколледжі, Красноармейка атындағы мектептің атаулары бүгінгі күн саясатына сай келмейді. Бала-армызға елдік мақсат-мүдде, патриоттық тақырыптарда тәрбие беру үшін мектептің, колледждің аты-жөндерінің мән-мағынасын дұрыстап берейік. Маңғлік Ел, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Елбасы Жолдауларынан туындайтын отансүйгіштік мақсат, «Қазақстан-2050» Стратегиясы мектеп, колледж оқытушылары мен мұғалімдерін, оқушылар мен студенттерді ойландырмағаны ма, сонда? Ауылдағы мектептің Красноармейка аталуы облыстық, аудандық білім басқармаларына мүдде ой салмағаны ма?

Қазір ауылда мешіт те бой көтерді. Жаңа пошта үйі де салынды. Осы заман үлгісіндегі емхана да тұрғызылды. Паштараз, тігін цехтары, 12 дүкен жұмыс жасайды. 3 мыңдай халық тұрады. Жоғарыда біз жазып отырған институт, колледж, жатақхана, басқа да орындардың бәрі де нақты жұмыс орындары, ауыл түгел жұмыспен қамтылған. Әрі қала да жақын, барып-келіп қызмет жасайтындырды қосынды. Бір сөзбен айтқанда, дайын тұрған аудан орталығы. Көк қақпалы, ауылдары толы ағаш, ақ шаңқан үйлері бар ауылдың үлкен жол үстіндегі қир-берісі көңіл көтереді. Ағылған көлік. Тынғымсыз тіршілік. Аудан орталығының Красноармейкаға көшуі экономикалық-әлеуметтік, әлеуеттік, рухани жағынан тиімді екенін ескеріп Үкімет назарына ұсынып, тұрғындардың өтініш тілектеріне назар салып, аудандық әкімдікті енді ауылға көшірген жөн деп ойлаймыз.

Павлодар облысы,
Павлодар ауданы.

Назрахмет ҚАЛИ,
зейнеткер.

АЛМАТЫ.

Біз – қазақстандықтармыз!



Тайқазан табысталды, игі істер жалғасады

Елордадағы Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында 18 мамыр – «Халықаралық мұражайлар күніне» орай ауқымды іс-шаралар орын алатын болады. Соның аясында кеше Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «ҚХА – 20 ізгі іс» эстафетасының нышаны болып табылатын Тайқазан салтанаты түрде мұражай қорына табыс етілді.

Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ, «Егемен Қазақстан».

Міне, осындай ауқымды шараның қорытындысында болған Ұлттық мұражай алдындағы алаңқайға кәсіби би ұжымдары мен еріктілерден және мөберлерден құралған 300-ден астам адамның қатысуымен флэшмоб орын алғандығы да айта кеткен жөн. Аталған шарада еліміздің қалыптасуы мен дамуы және мұражай ісінің өткені мен бүгінгі театрландырылған қойылым арқылы сахналанды. Қойылым кезінде Қазақ хандығының тарихынан сыр шертіліп, «Мәңгілік Ел» идеясы кеңінен насихатталды. Сак жауынгерлерінің киімдерін киген жастар сап тұзеіп, елге, жерге қорған болудың жарқын үлгісін паш етті. Ортаға Тайқазан әкелініп, тұғырына қондырылған сон құттықталуға ерек берілді.

Алдымен сөз алған Ұлттық мұражай директоры Дархан Мыңбай мұражай деген «ол біздің жадымыз» дегенді ерекше атады. «Қазіргі кезде Ұлттық мұражай қасиетті қазақтың бір қара шаңырағына айналды десек болады. Солай айтуға да барлық негіз бар. Өткенімізді түгендеп, ергенімізге деген сенімдімізді ұялататын заманда өмір сүріп отырмыз. Соның барлығы да Ұлттық музейдің ішіндегі көптеген экспонаттардан

көруге болады», деді Дархан Қамзабекұлы. «Елбасымыз айтқандай, биылғы жыл айтулы даталарға, биік белестерге қол жеткізгенімізді паш ететін даталарға толы жыл. Соның аясында біз ұлттық және дінаралық татулығымызды бүкіл әлемге паш ету үлгісін Ұлттық музей арқылы таныта білуіміз қажет», дегенді де баса атап кетті мұражай директоры.

Бұдан кейін сөз алған Қазақстан Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары Жанна Шаймұханбетова Тайқазанның 74 күн бойы ізгі істерге түрткі болғандығын жеткізді. Және де мұндай игі істер әлі де жалғасын таба беретін болады. Үстіміздегі жылдың 4 ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанында «Тайқазан – ізгі істер символы» атауымен айтулы шара өткізіліп, «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 ізгі іс» республикалық акциясының нышаны ретінде «Тайқазан» кәдесыйы ақ тілекпен шығарып салынған-ды. Содан бері ел өңірлерінде ізгі істерге бастау болған қамқорлық символы – Тайқазанды құтты орнына табыстау салтанаты театрландырылған көрініс түрінде өтті. Бұл ретте «ҚХА-20 ізгі іс»



республикалық акциясы аясында 35 мыңнан астам адамға көмек көрсетілгендігін айта кеткен жөн.

Ал жалпы алғанда, 2500-ден астам іс-шараға 620 мыңдай адам қатысқаны белгілі болып отыр. Бұл іс-шаралардан түскен қолдау халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын, Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, көпбалалы отбасыларды, балалар үйлерін және өзгелеріне де бағытталған болатын. Қолдау ретінде түскен 2 миллиард теңгеден астам қаржы да осындай игі істерге қарыштағаны аталмай қалмады. Сөз реті келгенде, әлеуметтік акцияны өткізу барысында әлеуметтік-мәдени мәні бар нысандар салынып, пайдалануға беріліпті. Бұдан басқа 2500-ден астам қоғам қызығушылығын, еліміздің барлық өңірлерінде патриоттық акциялар орын

алғаны да көлденең тартылды. Республикалық акция аясында ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктер су тасқынынан зардап шеккен Қарағанды облысының тұрғындарына көмек көрсеткені мәлім. Зардап шеккендер қорына 12 миллион 400 мың теңге аудардан бөлек, азық-түлік, дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия және өзге де қажетті заттарды қосқанда 102 тоннадан астам гуманитарлық көмек көрсеткені де атап көрсетілді. Директордың орынбасары игі шара қазақстандықтар арқашанда қолдауға әзір екендігін көрсеткендігін айта келіп, Тайқазанның бірлік пен қайырымдылықтың және жанашырлықтың символы болып қала беретіндігіне назар аударды. Сондықтан да Тайқазан «Мәңгілік Ел» қуатының символы да болып табылады.

«Бір шаңырақ астында»

Этноауылда Ассамблея сессиясы мен форум өтті

Кенді Алтайда Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойының аясында «Бір шаңырақ астында» атты этнофорум өтті. Аталған шарада өңір басшысы Даниал Ахметов 11 Достық үйінің жетекшілерін қоғамдағы тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайтуға, ұлттық-мәдени шығармашылықты дамытуға қосқан зор үлесі үшін марапаттады.

Думан АНАШ, «Егемен Қазақстан».

Еліміздегі бірегей кешендердің бірі саналатын этноауылдағы ақшаққан киіз үйде достық пейілдің жарқын үлгісімен өткен жиынға қатысушылар Елбасының Ассамблеяның XXII сессиясында жүктеген тапсырмалары мен міндеттерін талқылады. Форум шеңберіндегі өңірлік Ассамблеяның XXII сессиясына ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктер жетекшілері, Достық үйлерінің директоры, ардагерлер, мемлекеттік құрылым басшылары және жастар қатысты. Облыс әкімі сессия жамасында Президент жүктеген міндеттердің үдесінен шығу қажеттігін және 26 сауірде өткен сайлаудың ел ынтымағы мен бірлігін тағы бір айшықтағанын атап өтті.

– Президенттік сайлауға Шығыс Қазақстан облысындағы дауыс беру құқығы бар тұрғындардың 97,57 пайызы қатысып,

олардың 98,37 пайызы дауысын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа берді. Бұл – өңір халқының саяси белсенділігін, Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саяси бағдарына қолдау білдіретіндіктерін байқатады. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім моделін қалыптастыруда ауқымды жұмыс атқарды. Қазіргі кезде этномәдени бірлестіктердің әлеуетін одан әрі бекіте түсуге басымдық беріліп отыр. Осы орайда Аяғыз, Зайсан, Көкпекті, Ұржар аудандарында Достық үйлерін ашу жоспарланған, – деді Д.Ахметов.

Айта кету керек, өңірде еліміздегі алғашқы Достық үйі ашылып, «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы», «Достық керуені» сынды ауқымды жобалар тұңғыш рет жүзеге асырылған болатын. Соның бес жылдық көлемінде облыста татулықты ту еткен 2286 өңірлік және халықаралық іс-шара өтіп, оған 220 мыңнан астам адам қатысты, 7 мыңнан астам адамға 9,2



миллион теңгенің қайырымдылық көмегі көрсетілді. Сонымен бірге, биыл облыс ардагерлеріне 900 миллион теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілме.

– Тұрақтылық, бейбітшілік пен келісімде тұрып жатқан қазақстандық қоғамның бірегей құрылысына аз күш-қуат жұмсалған жоқ. Ассамблея қайырымдылық акциялары мен шаралардың орталығына айналды, деді облыстық ҚХА хатшылығының меңгерушісі Еркінбек Аязбаев. Шекаралық ынтымақтастық шеңберіндегі іс-шаралар ауқымы жыл санап кеңейіп келеді. Мәселен, былтыр Ресейдегі Алтай өлкесінің

бірқатар елді мекендерін су басқан кезде Бородулиха, Бесқарағай, Шемонайха және Зырян аудандары көрші өңірге 7 миллион теңгенің гуманитарлық көмегін жөнелтті. «20 ізгі іс» акциясы да белсенді атқарылуда. 27 ақпаннан бері облыста 490 іс-шара қолға алынып, 7600 мұқтаж жанға 5,4 миллион теңгенің жәрдемі жасалды. Өңірдегі ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының төрайымы, Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-ның кафедра меңгерушісі Нелли Краснобаеваны айтуынша, бүгінде 3 жоғары оқу орнында Ассамблея кафедралары жұмыс істейді. Жуырда Барнаулдағы

Өнер арқауы – халық достығы

Сатыбалды СӨУІРБАЙ, «Егемен Қазақстан».



Ақтөбе қаласындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғимаратында XVI «Қазақстан – достықтың мекені» атты халық достығының облыстық фестивалі өткізілді. Фестивальға облыстық Достық үйінің этномәдени бірлестіктерінің шығармашылық ұжымдары, ән-би ансамбльдері қатысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай он алтыншы рет өткізіліп отырған фестивальдің мақсаты – өңірде тұрып жатқан этностардың тілі мен салт-дәстүрін, жалпы, қазақстандық мәдениетті, рухани бірлікті, халықтар арасындағы достықты, ұлттық төл мәдениетті қалыптастыру мен дамыту, насихаттау болып табылады. Мәдени шараның шымалдығын «Достық сазы» халықтық-фольклорлық ансамблі «Ілме» күйімен ашты. Содан кейін сахнаға көтерілген әнші Гүлмарс Аманбаева Ғари-фолла Құрманғалиевтің «Сәлем» әнін сәнине келтіре шықпады.

Фестивальдің салтанаты ашылуында сөз алған облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Назира

Табылдинова өңірде тоқсаннан астам ұлттың өкілдері тату-тәтті тұрып жатқанын, олардың тілін, салт-дәстүрін және өнерін сақтауға және дамытуға жан-жақты жағдай жасалып отырғанын тілге тиек ете келіп, бүгінгі мәдени шараның маңызы зор екенін атап өтті. Фестивальға қатысушылардың өнер биігіне көтеріле берулеріне сәттілік тіледі.

Бұдан кейін сахнаға этномәдени бірлестіктердің өнерпаздары көтерілді. Осындағы «Славяне» орыс этномәдени бірлестігінің әншісі Виктория Сурай орындаған «Земля Казахстана» әні туған жерге деген сүйіспеншілік сезімге бөледі. Оған кейін орталықтың көркемөнерпаздар ұжымы бірнеше орыстың халық әндерін орындап, билерін биледі. Бабик Азизов жетекшілік ететін әзербайжандардың «Азери» биші жігіттер тобы қызқандылықпен шалт қимылмен орындаған «Кавказ

халқының билері» де көрермен көңілінен шықты. Ал, «Яра» болар этномәдени бірлестігінің төрайымы Анастасия Подольнова «Шаттығым – әнім» әнін қазақша төгілкенде сүйсінеген жан қалмады десе болады.

Бір қызығы – бұл әннің сөзі мен әнін жазған да болар ұлтының өкілі Наталья Бошкова. «Шаттық» татар башқұрт этномәдени бірлестігінің әншілер тобы орындаған татардың «Ай-жаным» және башқұрттың «Гүлнәзира» әндері де жүректерге жылы сөзім ұялатты. Одан кейін де облыстағы он тоғыз этномәдени бірлестіктердің өнерпаздары кезекпен сахна төріне көтеріліп, өнерлерін көрсетті. Бұл өңірде тұратын халықтардың өнері бір арнада тоғысқан салтанаты келіскен шара ретінде көпшіліктің көңілінде қалды. Сан тілде, алуан дауыста астақан мәдени шара қызығалықты өткені соншама көрермендер қатары концерттік бағдарлама аяқталғанша сиремеді.

Ақтөбе облысы.

Замандас

Біз сөз еткелі отырған облыстық кешенді жоғары спорт мектебі – Қазақстанға спорттық гимнастикадан екі дүркін Олимпия ойындарының алтынның сыйлаған Нелли Ким тәлім алған мектеп. Нелли Ким Шымкентке келген сайын өзін әлемдік биікке көтерген мектебіне соқпай кетпейді. Біз жақында осы мектептің директоры, Оңтүстік спорттың ойын алардай өз орны бар, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Балғабай ЕЛШИВПЕН жүздесіп, сауалдарымызға жауап алған едік.

Ынтымақ еліміздің ұпайын түгендейді

– Жарты ғасырдан астам тарихы бар кешенді спорт мектебінің өз атына лайық жеңістері бар, – деді Балғабай Тезекбайұлы бізбен әңгіме кезінде. – Мектеп қабырғасынан КСРО, әлем және Еуропа, Азия чемпионаттары мен ойындарының жеңімпаздары шықты. Яғни, жас ұрпақ үлгі алатындай ағалар салған қасқа жол бар. Әу баста, облыста тұңғыш рет «Жастар спорт мектебі» болып құрылып, спорттың 16 түрінен үйірмелер ашқан орталық 1975 жылы спорттағы жақсы жетістіктеріне орай, «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» болып атауын да, мазмұнын да өзгерткен. Осы мектептің түлегі Нелли Ким спорттық гимнастикадан 1976 жылы Монреаль Олимпиадасында, 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасында алтыннан алқа тағып, еліміздің даңқын шығарды.

Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері ауыр атлет Андрей Макаров деген шәкіртіміз Азия чемпионаттарында, Азия ойындарында алтын тұғырдан көрінді. Еуропадан екі дүркін чемпионы, КСРО біріншілігінің жеңімпазы, еліміз тәуелсіздік алғанда Қазақстан құрамасының алғашқы капитаны, бүгінде Олимп биігінің інілеріне асқар тау болып өңеге көрсеткен Нұржан Смановтың есімін ерекше айтуға болады.

Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Ольга Довгун Сидней және Афина Олимпиадаларына қатысты. Афина Олимпиадасында төртінші орын алды. Финляндияның Лахта қаласында өткен әлем чемпионатында әлем рекордын жаңартқан. Женіл атлетикадан Еуропа чемпионы, үш қарғып секіруден әлем рекордын жаңартқан Олег Сакиркин мен көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы велобағандоз Андрей Кашечкин, бокстан «Ізгі ниет ойындарының» жеңімпазы, Мұхамед Әли атындағы сыйлықтың лауреаты Еркін Жайлауов – біздің мектептің түлектері.

Ал Мұхтархан Ділдебеков пен көркем гимнастикадан прима-алаш жұрты біледі десек, қателеспесек керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев та екеуін ардақ тұтты, Сиднейдегі даңқты жеңісінен кейінгі қабалдауды «Мұхтархан, сен қазақша құлашпап ұрады екенсің», десе, Афина Олимпиадасында төрешілердің бұра тартуынан төртінші орын алған Әлия: «Әлия, сен жасыма, сенің жеңгендігіңді бәріміз көрдік», деп қайраттандырған. Елбасының тапсырмасына орай Әлия Жүсіповаға жеке көркем гимнастика залы салынып, еліміздің талантты гимнастшылары жаттығып жүр.

– Спорттық бай тұмыры бар кешенді спорт мектебінің әлемге әйгілі саилқатарын тәрбиелеген бапкерлер туралы айтқанымыз жөн болар. Қанша жерден дарынды, талантты болғанымен, ұстаз алдын көрмесен жетістік өздігін келмейді. Ауылда алаңсыз көкпар тартып жүрген Мұхтарханның бағына Нұрғали Сафиұлындай бапкер кездеспегенде тағдыры қалай өрлетіні белгісіз еді ғой. Жалпы, біздің бапкерлік мектеп туралы не айтасыз?

– Сурақты дұрыс қойдыңыз. Спорттың тағдыр талайы нақ бапкердің қолында. Мына қазақша күрес, самбода жұптары ажырамайтын қос дос, КСРО құрамасына талай талантты шоғырды дайындап берген Диханбай Битқозов пен Марат Жахитов деген қос ағам бар. Тонның ішкі бауындай араласамыз. 1970-жылдары Диханбай Битқозов қазіргі Қарағанды облысы Жанарқа ауданында «Жас Сұңқар» деген спорт мектебін ашып, жас балуандарды даярлады. Мектеп бітіргеннен кейін кім ауылда қалады, кім жоғары оқу орнына түседі, қай спортшының жұлдызы қалай жанары белгісіз.

Диханбай Битқозов талантты шәкірттерінің алдағы тағдыры ойлап, Жамбылдағы гидрометеорология институтында жаттықтырушы болып жұмыс жасайтын досы Марат Жахитовқа жіберіп отырды. Екі жаттықтырушының тәлімін көрген самбошы Қанат Байшолақов қазақ жастарына алғаш рет әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Жахитовтың қол астында жаттыққан Талғат Байшолақов КСРО құрамасына алты жыл мүше болып, Еуропа



биігін бағындырды. Бұл қатарға Айбатыр Махмұдов, Сергей Волобуев сынды халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін қосуға болады.

– Өңіміздің қисынына қарағанда, қазанатты жабынын ішінен жазбай танытын Толбай, Күребай сияқты сыншы, атсейістер спортта да бар дейсіз ғой...

– Өрине, үш дүркін Олимпиада чемпионы Бувайсар Сайтиевті алыңыз. Алғаш жаттығуға бір досым келіпті. Қасындағы досы шамдағай, қайратты, мінезді жігіт екен. Бәрін жеңе бастаған. Сонда білікті бір жаттықтырушы: «Түбі спорттағы ең мықты Бувайсар Сайтиев болады. Қалай байқамайсындар, аура-сы сыртқа ұрып тұр ғой», деген екен. Досы облыстан аса алмады, ал Бувайсар әлемдік спортқа есімін алтын әріппен жазды.

Немесе өзін айтқан Мұхтархан Ділдебеков. Боксқа 17 жасында келді. Бұл – өзім үшін деген адамға болмаса, өте кеш жас. Жас-өспірімдер, жастар құрамасын көрмеген, бірден ересектерге түскен Мұхтархан айналырған бөс-алты жылдың ішінде мықты спортшылардың түсіне де кірмейтін барлық жетістіктерге жетті. Ең тамашасы, аса ауыр салмақта Мұхтарханнан өзге қазақ баласы ондай биікке шыққан жоқ. Нұрғали Сафиұлы – өте талантты бапкер. Оның талантты шәкірттерінің бірі – Қазақстан бокс құрамасының бас бапкері Мырзағали Айтжанов. Мырзағали «Әлемдегі ең үздік бапкер» атағына АІВА тарапынан ие болғанын білесіздер. Бүгінде екеуі тізе қосып, қазақ боксын әлемге әйгілеп жүр. Айтқандай, Мырзағали Айтжанов біздің мектептің штабында, яғни бірге жұмыс жасап жатырмыз.

Менің айтқым келгені, әрі-бері тартпай, бапкерлік мектепті одан әрі жетілдіруіміз керек. Қызғаныш емес, ортақ іске қызығушылық керек. Бұл ретте спорт тарихын зерттеп жүрген ғалымдарымыз айтып шыққан бапкерлердің тәжірибесін ғылыми негіздеп қағазға түсірсек, оқулыққа айналырсақ, бәріміз үшін ең үлкен олжа болар еді.

– Шепағай айтқандай, алпыс – тал тұс. Тал тұс екен деп шалқайып жатпайтыныңызды білеміз. Елге не пайдам тиді деп есен беретін уақыт. Бүгінге дейін жасаған жұмыстарыңыз халықтың көз алдында, алдағы мақсат қандай? Мансапқа қызықпаған, адамгершілігі жоғары, досқа адал, сертіне берік, дейді достарыңыз. Бұл өмірден көңіле не түйдіңіз?

– Шүкіршілік керек. Ғасырдың басында әртүрлі нәубеттен қырлыққа ұшырап отырған жылдары өз елі, өз жеріңде 30 пайызға да жетпей қалған қазақтың бүгін асығы алышынан түсіп тұр. Қазақстанмен қазір дүниежүзі санасалы. Біз бұл биікке Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында жеттік. Санымыз өсті, сапамыз өтті, біз еліміз жамандама, жақсысын ешқайдан таппайсың.

Хакім Абай «адамзаттың бәрін сүй, бауырым дегі», деді ғой. Бірлік, ынтымақ керек. Сонда ғана қазақтың ұпайы түгенделеді. Әлемдегі ең мықты мемлекеттер санатындағы АҚШ, Ресей және Қытай Президенттері Қазақстанды әлемдік деңгейге көтерген Назарбаев деп мойындап отыр. Кеше өзге бодан болып, босағанда отыр еді, қазір қазақ баласы алашаң басып төрде жүр. Бүгінгі қазаққа тәубе керек. Менің көз жеткізген ақиқатым осы.

Әңгімелескен Бактыр ТАЙЖАН, «Егемен Қазақстан».

Оңтүстік Қазақстан облысы.



ЕР - ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Белгісіз – ол соғыстан аман оралып, соңғы демі біткенше ел үшін еңбек етті. Белгісіздігі – батырға сай ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанымен, Алтын Жұлдызды кеудесіне таға алған жоқ. Осылай мыңдаған белгісіз қаһарман қатарында мәңгіге қала берді.

Кейіпкер туралы кейіптеме: Әлеукеш Қорғанбекұлы Көбеков 1923 жылы дүниеге келген. 1942 жылы Ырғыз аудандық соғыс комиссариаты арқылы әскер қатарына алынып, Беларусь майданында ұрысқа кіріседі. Жастықтың жалынды шағы енді ғана есік ашқан жас жігіт нағыз қанды қырғын шайқасқа тап болады. Бойында қазаққа тән батылдық пен өрлік толы азамат талай рет жаумен кескілескен ұрыста осы қасиеттерін шарболаттай жанып, қарсыласқан дұшпанның жер құштырмай тынбады. Басшылық тарапынан тапсырылған әрбір әскери тапсырма мүлтіксіз және пайдалы мәліметтермен орындалып отырды. Гвардия ефрейторы Әлеукеш Қорғанбекұлы осы

өнерінің айнымас қағидасына айналып жататын. Шын мәнінде, жауды жеңу, басынан бақайшағына дейін қаруланған дұшпанның мысын сындырып, мығым тұру онайлықпен ұсысқа түскен олжа емес еді. Егер, осы ойлағанымыздай жеңіл жеңіс

мимырт тірлік әуенімен өмір зымырап өте берді. Ертерек қамданғанда, бәлкім мемлекеттің басты наградасына қол жеткізуге болар ма еді, кім білсін, ал енді сол қисынды қайта тіктеп, бар қазақтың қаперіне салса, өткеннің бір кемін түгендеу мүмкін бе деген ой қылаң береді. Кезінде жоғары жақ мән бермеген бұл жағдайды бүгін түзей аламыз ба? Ол үшін не істеу керек? Кезінде атақты батыр Баукеңнің өзі құрметті атаққа үш рет ұсынылып, алайда

подбив при этом два танка. А когда орудие вышло из строя от снаряда противника, он с оставшимся в живых одним орудийным номером из личного оружия и гранатами отразил несколько контратак немцев, наседавших на орудие. Из своего автомата и гранатами он лично уничтожил 17 гитлеровцев» Товарищ Кубеков достоин высшей Правительственной награды присвоения звания «ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА».



Белгісіз батырдың бірі



десек, онда ол осынша уақыт сағызша созылмас еді. Соның қыр-сырына қал-қадеріміз жеткенше біз де белгілі бір деңгейде ой жүгіртіп көрдік. Сондағы көкейге түйген алғашқы ой – Әлеукеш секілді ағалардың жанқиярлығы алға жетелемегенде, жекелеген жауынгерлердің кеудесіндегі намыс оты жасындай ойнамаса біздің бұл соғыста жеңіске жетіміз неғайбыл болатын. Соның бір мысалын жоғарыда тілге тиек еттік.

Аға өмірден өте қарапайым күйінде өтті. Сондықтан да мереке кезінде « Берлинді алғаны үшін» медалін ғана тағыпты. Әрине, балалары әкесінің басқа соғыс ардагерлерінедей кеудесінде орден, медальдардың жарқырап жүруін қалап, «Ордендеріңді неге түгел таппайсың?» десе: «Менің аман келгенімнің өзі үлкен марапат емес пе, ал қаншама нағыз ержүрек батырлармыз елі үшін кеуделерін оққа тосып, мұндай бейбіт өмірді тек армандап қана өтті. Сондықтан қосағы мен балаларынан айырылған карт эканалардың көңіліне кіреуке түсіргім келмейді», – дейтін.

соғыстағы ерлігі үшін бірқатар мемлекеттік марапаттарға ие болды. Әрбір награда туралы майданнан келген хабарламаны ағаның кейінгі ұрпақтары қастерлей сақтап отырғанын айта кету парыз. Әскери жазбалар қысқа мәліметтермен нақтыланып отырады. «Тов. Кубеков, работа старшим телефонистом батареи, в боях на западном берегу р.Одер и на улице Берлина проявил смелость, находчивость и отвагу. 15.04.1945 тов. Кубеков под огнем противника устранил 10 порывов телефонной линии. Это обеспечило батареи выполнение поставленной боевой задачи. В уличных боях за Берлин работал в расчете, который уничтожил 15 гитлеровцев. 23.04.45 огнем из карабина уничтожил двух автоматчиков противника. Достойн награждения ордена «Красная Звезда» деленгем тарихи құжаттарды екі бүктеп, бүгін тартпаға қайта салсақ, арымызға сын болар еді.

Міне, мемлекеттік марапаттың бірінің ғана жазбасы осындай ойға қалдырады. Үлкен марапатқа ұсынылған жазбадағы қысқаша жазу арқылы адам өмірінің өлшеусіз мұрасын тапқандай әлденіп қалды. Ал, мұның астарында қаншама ерлік үлгісі жатыр десенші. Қаңғыған оқтың кез келген секундта жауынгердің өмірін үзіп кетуі мүмкін еді ғой. «Аңдыған жау алмай қоймайды» демекші, қарсыластың да солдаттары осал емес еді. Соғыс дегеннің не екенін білмейтін біз сияқты қайғы-қасіретті көзбен көрмеген ұрпаққа ол кезеңнің ақиқаты тек кино тілімен ғана өрілгені мәлім. Оның өзі жартылай қиялға ерік берілген, кейіпкерлері фильмнің ең соңында фашистердің көзін жойып, «бақыты өмір сүріптімен» аяқталатын кісі нанғусыз жекелідегі туындар болып жататын. Жойқын күштің иесін еңселі, ал немістерді әлсіз, бейбақ етіп көрсету кино

барлығы кеудеге орден болып оралады екен. Оның қасында қарапайым жауынгерге не жорық деп қаларыңыз тағы рас. Алайда, Әлеукеш аға секілді награда үшін емес, намыс үшін, Отан үшін шайқасқан қаһарман ерлердің алапат ерлігін ұмытсақ, кейінгі жастардың тәрбиесіне түздікты, рухани ұшқынды қайдан табамыз? Награда туралы нақтылық: Батыр ағаның 9 баласы бар. Барлығы да қатарынан қалмай білім алды, отбасын құрды. Алды ата-әже болған жайы бар. Алайда, әкесінің көңіліндегі түйткіл барлығын тыныш таптырмады. Бұрын ауданымызда жауапты қызмет атқарған Сәлима Әлеукешқызы ізденісті тоқтатпады. Мектепте жүргенде де оқушыларға жеңістің қалай келгені туралы жаны езіле отырып әңгімелеп беретін. Өйткені, көңілінде әкесінің қан майдандағы қисапсыз ерлігі туралы әңгімелер жатталып қалған болатын. Тіпті, анасы Әлеукеш ағаның Мәскеуге талай рет офицерлік оқуға шақырылғанын, бірақ ауылды қимағандықтан еріксіз оқудан бас тартуға мәжбүр болғанын әңгімелейді.

Сұрапыл соғыстан кейінгі тұралап қалған ауылды қалпына келтіру жұмыстарына араласқан абзал ағаның бейбіт өмірдегі іздерінің өзі бір ғанибет. Бұл өз алдына бөлек қозғалуға тиіс тақырып. Біздің бүгінгі әңгіміміз – мыңдаған қазақтың белгісіз батырларының бірі ретінде Әлеукеш Көбеков ағамызға Кеңес Одағының Батыры атағы не себепті берілмей қалды деген мәселе. 1974 жылы дүниеден озған ардагерге батырлықпен мен жанқиярлық әрекеті, намысы мен өжет ерлігі үшін ең қымбат ақпарат еді. Бұл мәліметті әкесі қаншама жыл сарымалға күтті деп санады. Ол кісі наградасын таппағанмен, ерліктің мұндай бір ерен белгісіз кеудеде сақталып қалғанының өзі бір жеңіс екен-ау. Сәлима да сабырға бойын әзер жеңдіріп, награда туралы нақты ақпаратқа назарын тікті. Наградаға ұсынған полк командирі, подполковник Бахалдинның жоғарғы жаққа жіберген жазбасында былай деп жазылыпты: «... в боях в районе д.Ляпичи Минской области, 30 июня 1944 года батарея, заняв без пехоты плацдарм на левом берегу р.Свислочь. В тяжёлом бою в течение минуты на поднос боеприпасы и немедленно заменил убитого наводчика, открыл огонь по танкам противника,

Гвардии полковник Железников. 10 июля 1944 года». Міне, осылайша Әлеукеш ағаны көзі тірісінде қаруластары батыр атағына лайықты деп санаған. Айта кету керек, шовинистік көзқарас майданда болмай қалмады. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені, ондай сөзге тек өзінің ерекше бағылдықпен танылмасаң, әлгідей үлкен марапат түгілі, медальдың өзіне қол жеткізу қиын. Командирі мойындап тұрғанда, сол жоғары награда неге дер кезінде ағамыздың кеудесіне тағылмай қалды. Міне, мәселе сонда.

Ұрпақтары ұмытпайтын уақыт: республикалық басшылардың жарық көрген мақаланы редакциямызға жеткізген Басуған ағамызбен бірге әлсін-әлсін сайттан барлық апаратың ақтарған Нұржамал ағамыздың шаңырақтының шаттығына біз де ортақтаса алмаймыз. Кең жайылған дастарқан басында батыр ағаның өмірі туралы біраз дерекке қаныға түстік. Өзіміздің аудандық мәслихаттағы Әсияның, осы жағдайдың бір шешімін білгенше тыным таппауды ұйғарған Сәлима аялайды қуаныштарында шек жоқ. Нақты деректерді алдымызға тосып, бөйек болып жүгіруде. Бір батырдың ерлігі түгел бір ауылдың ерлігі секілді кеудеде мақтаншым сезімі бұр жарды. Батырмын, ерлігімен өмірім өрген өңірдегі тың бастамаға түрткі болып отырғанымызға біз де қуанулымыз.

Толағай сөздің түйіні: Әлеукеш аға ұзақ жыл бүгінгі Құмқұдықтың алғашқы ауылдық кеңесінің төрағасы болып еңбек етті. Тың көтеру ісіне белсене атсалысты. Өзінің адалдығымен, батыр мінезмен, іскерлігімен тың деген желеумен келген теллер мен тектердегі тезге салды. Ешқандай жазға тарттырмай-ақ, тәубесіне түсірді талайды. Бұл жеке басының ерекше қадірінен еді.


«Шештен-кеш жақсы» деген жұбаты, сірә, осындай сөтке деп келетін шығар. Өткенді ұмытуға болмайды, ағайын. Оның ішінде ерлікті, батырлықты жырлаудың жүрегімізден алар орны асқақ. Парызға қарыз болған жаман. Біз осынау бейбіт тіршіліктің кілтін сақтай білген аға ұрпақтың майдандағы жан-аямас ерлігі үшін мәңгі қарыздармыз. Соның бірі – Әлеукеш Қорғанбекұлы ерлігі. Сондықтан ағаның есімін мәңгі есте қалдыру үшін Жеңістің 70 жылдығында лайықты бір марапатты ұмытпауымыз керек.

Егенберлі БЫРҒЫЗҰЛЫ. АҚТӨБЕ.

Соғыс жылдары жолданған хат

Әр кезеңнің өз қаһармандары бар. Ал қиын-қыстау шақта халқын дұшпан оғынан қорғау үшін иығына қару асынып, майдан шебіне аттанған азаматтар – нағыз қаһармандар. Сондай ержүрек ерлердің бірі – Баспақ Ғалиев. Ол 1915 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Майдангердің еңбек жолы 1932 жылы комсомолдық қызметтен басталады. Ал 1941 жылдың тамыз және 1945 жылдың қыркүйек айларының аралығы – оның өмір жолына айрықша із қалдырған белесті кезең. Себебі, дәл осы уақытта Баспақ Ғалиев кескілескен шайқастың бел ортасында жүріп, өзге отандастары секілді ерліктің қайталанбас үлгісін көрсетеді.

Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ, «Егемен Қазақстан».



Соғыс жылдары Баспақ Ғалиев әскери бөлімшенің партия ұйымының жетекшісі бола жүріп, рота командирі міндетін қоса атқарады. 1944 жылы Баспақ Ғалиевтің апайы Кәкен Ғалиеваның атына майдан дала-сынан жолданған бір хат келеді. Хаттың соңына 33455 пулеметтік полк әскери бөлімшесінің капитаны Бордюков деген азаматтың қолы қойылған екен. Онда: «Сіздің бауырыңызға үлкен құрмет және айрықша алғысымызды білдіреміз! Ол осындай зұлматты кезеңде халық және Кеңес мемлекеті алдындағы борышын асқан жауапкершілікпен атқарып қана қоймай, өзін адалдық секілді адами қасиетімен танытып келеді. Сіз бұл үшін өз бауырыңызбен мақтана аласыз. Ол партиялық ұйымының жетекшісі бола жүріп, өз қызметін сарбаздардың әскери міндеттерін мінсіз атқаруымен шебер үйлестіре білді. Біз осындай қайсар ұлды дүниеге әкелген, оның бойына еңбеккерлік, ержүректік, қайсарлық сынды ізгі қасиеттерді сіңірген ата-анасына алғыс білдіреміз!» деген жолдар береленді.

Иә, әр уақыттың өз қаһарманы болады. Отан халық басына қара бұлтайт тәнген қиын-қыстау шақта ғана емес, соғыс жылдарының кейінгі елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайын қайта қалпына келтіру жолында да Баспақ Ғалиев және оның қаруластарының қосқан үлесі дәлел бола алады. Баспақ Ғалиев 1945 жылы Отан алдындағы борышын адал

Майданда Мәншүкпен кездескен

Ұлы Отан соғысының ардагеріне сый-сияпат жасалды

Темір ҚҰСАЙЫН, «Егемен Қазақстан».



Иә, тақырыпқа шығарып отырғанымыздай, тарих қойнауына кетіп бара жатқан 9 мамыр – Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында «ҚазАвтоЖол ҰК» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының ұжымы өкілдері Орал қаласында тұратын қос майдангер – Қайыржан Бәйменов пен Ысқақ Өтеповтің үйлеріне барып Жеңіс мерекесімен құттықтап, сый-сияпат жасаған еді. Ішкі істер қызметінің отставкадағы полковнигі, отыз жылдан астам ғұмырын құқық қорғау саласына арнаған Ысқақ асақал сол сәтте әкімдікте өткізілетін құрметтеу рәсіміне кеткен екен. Сондықтан жаумен шайқаста қорсеткен батыл қимылдары мен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» және «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған майдангермен кездесе алмай қалғанымызға сәл өкініш те білдірген едік. Алайда мұның орнын тоқсаннның өткел бермес асуын емін-еркін бағындырған екінші майдангер Қайыржан Бәйменов толықтырған-тын. – Мен соғысқа 1942 жылдың тамыз айында алындым, – деп бастады әңгімесін «За отвагу» деді

мен «Отан соғысы» ордендерінің иегері Қайыржан Бәйменовты. – Көп кешікпей маршал Баграмян басқаратын 2-ші Балтық майданына қарасты 68-ші полктің құрамында Ленинград қаласы мен Балтық бойы маңында қиян-кескі шайқастарға кірісіп кеттік. Біздің майданның Новосольники түбінде 3-ші Балтық майданының жауынгерлерімен бетпе-бет кездесіп қалған сәттері де бар. Осыған бір тамаша мысал келтіргім келеді. – 1943 жылы ауыр жаракат алып госпитальда емделіп шыққаннан кейін соғысқа қайта кірдім, – деп жалғайды әңгімесін карт майдангер. – Бұл кезде мен снайперлер сапында болатынмын. Қанды жорық кезінде бір терең сайдың ішімен келе жатып, сәл мызғып алуға тоқтаған едік. Бір кезде өкпе тұсыман: «Бауырым, қазақысың?» – деп тіл қатқан әйел адамның дауысы естілді. От пен оқтың ортасында бұл не істеп жүрген

әйел деген ой санамнан жүгіріп өтті де, дауыс шыққан жаққа қарай жалт бұрылдым. Әйел дегенім өрімдей кыз екен. Көздері оттай жайпап тұр. Үстінде гимнастерка. Аяғында керзі етік. Қапелімде не дерімді білмей кіріріп қалдым. Тек содан кейін ғана: – Иә, қазақпын, – дедім. – Қайдансың? – деп ол тағы да тіл қатты. – Оралданмын, – дедім мен бұл жолы еш іркілімстен. – Тіпті жақсы, мен де сол жақтанмын. Ордада туып-өстім. Есімім – Мәншүк, – деді ол маған жылы жүзбен. – Біздің бұл тіл қатысуымыз ұзаққа созылмады. Соғыс жағдайы ұзақ әңгімені көтермейді ғой. Бұл қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметова еді. Осы қайталанбас көрініс пен кездесіскен кездесу көңілімде мәңгі ұмытылмайтын болып жатталып қалды, – дейді Қайыржан аға.

Әкесі жөнінде майдангердің қызы Бағдат Баспаққызы былай деп еске алады: «Менің әкем Баспақ Ғалиев бірнеше мәрте облыстық, қалалық және аудандық кеңестердің депутаты болып сайланды. Ол Сталинград үшін шайқаста екі рет ауыр жараланады. Соған қарамастан, мүгедектігі үшін мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды ешқашан алмаған, бас тартқан 90-шы жылдары ардагерлерге киім-кешектер, қажетті заттар алуға деп арнайы талондар үлестірілген кезде де олардан бас тартқан еді. Балаларына үнемі: «Біздің Отан алдындағы парызымыз бар, ал Отан бізге ешқашан қарыздар емес. Мен түрлі жәрдемақылар мен талондар алу үшін соғысқан жоқпын. Әрбір азамат өз Отанын қасық қаны қалғанша қорғап, оның игілігі жолында аянбай еңбек етуі керек», – деуші еді. Біз әкеміздің осы аманатын жүрегіміздің түкпіріне сақтауға тырыстық. Әкем туралы Ерейстентау ауданындағы соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы М. Баймұрынов «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты энциклопедияның 17-ші томына өте әсерлі етіп мақала жазған болатын. Бұл жерлерінің әкеміңіз азаматтығына берген бағасы деп санаймын».

Баспақ Ғалиев жары Макрузамен 5 бала тәрбиелеп, өсіреді. Олардың бойына ең алдымен, отансүйгіштік, ұлтжандылық сынды қасиеттерді дарытуға тырысады. «Біздің ата-анамыз өте бауырмал, ақжарқын, мейірімді жандар еді. Біздер үшін «алыс» немесе «жақын» туыс деген ұғым болмайтын. Біреулер ақыл-кеңес сұрап келсе, енді бірі әлдебір қиындықтарын шешу үшін үйіміздің табалдыруынан аттайтын. Кейбірі біздің отбасымыздан қамқорлық, жанашырлық күтетін. Ондай азаматтар «Барар жер, басар таулары» болмаған соң, шаңырағымызды ұзақ уақыт бойы паналайтын. Бұлардың барлығы – ата-анамың кеңпейілділігінен деп ойлаймын», – дейді өзінің сөзінде Бағдат Баспаққызы.

Оның айтуынша, Баспақ Ғалиев те, Макруза Әбділқызы да өз өңіріне сыйлы және еңбеккер жандар болыпты. Бағдаттың әкесінің майдандағы ерлігі ғана емес, анасының еңбексүйгіштік қасиеті де ерекше бағаланып, ұзақ жылдар бойы «Құрмет тақтасында» ілініп тұрған екен.

Бағдат Баспаққызы үшін ата-анасы туралы әрбір естелік құнды әрі қастерлі. Себебі, олардың өмір жолдары, қалдырған өсиеттері осы отбасының келер буынына әрдайым бағдаршам болып қала бермек.

ОРАЛ.



• 18 мамыр – Халықаралық музей күні

Ұлттық сананың ұстаханасы

Семейдегі Абай қорық-мұражайының директоры Жандос ӘУБӘКІРДІН айтуы бойынша, Абай мұрасы ұлттық тәрбиенің ең басты қайнар бұлағына айналуы тиіс. Ақын мерейтойына орай атқарылып жатқан іс-шаралардың дені осы ұстанымды негізге ала отырып жүзеге асырылуда.

– Жандос Мағазбекұлы, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Семейдегі Абай қорық-мұражайына арнайы атбасын тіреуі тек қала халқы үшін ғана емес, жалпы ел мәдениеті үшін де елеулі оқиға болып саналады. Әңгімемізді осы тарихи сәттен сабақтастыра жалғастырамыз.

– «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы», – деген болатын Елбасы өзінің сөзінде. Осы ойды біз темірқазық етіп ұстауымыз керек. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының ұлы тұлғаға деген сүйіспеншілігі оның «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайына арнайы соғып, ақын рухына көрсеткен құрметінен анық аңғарылып тұрды. Аса мәртебелі Елбасына «Абай дәуірі», «Абай және Семей», «Абайдың ақындық-айналасы», «Абайтану», «Абай халық жүрегінде» атты бөлімдерден тұратын экспозициялық туындыларды таныстыру бағыты маған бұйырды. Ақынның 1885 жылы Өлкетану музейіне тапсырған жеке заттары мен тарихи жәдігерлер, фотосуреттері, қолжазбасы және құнды кітаптары, түрлі деректі құжаттар Елбасы назарына ұсынылды.



Мемлекет басшысы Семей қаласының зиялы қауым өкілдерімен кездесуде сөйлеген сөзінде: «...Біз бүгін елдегі достықты, тұрақтылықты неғайтудамыз. Көптеген елдер 100 жылда да жетпеген нәрсеге біз небәрі 23 жылда қол жеткіздік. Егер тәуелсіздік сақталмаса, ел экономикасы дамымаса және әлеуметтік мәселелер шешілмесе, халық игілікке кенелмейді. Бүгінде барлық бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Жалпы, Қазақстан дұрыс жолда дамып келеді, саяси тұрақтылықты, өзара түсіністікті және достықты сақтау қажет», – деді.

Сол айтқандай, Абайдың өмірі мен шығармашылығын және оның ақындық-өнер айналасын, сол замандағы тарих пен мәдениет құбылыстарын, заттық, құжаттық жәдігерлерді зерттеу, сақтау, молықтыру, насихаттау ісінде Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы Елбасы сөздерін тікелей басшылыққа ала отырып, ұлт мұратына қызмет етуде.

– Республикалық мәртебесі бар осынау рухани орталықтың өңірдегі филиалдары туралы не айтпн бере аласыз?

– Қазақтың ұлылығын тану Абай мұрасынан бастау алары сөзсіз. Дала данышпанының ұлағатты сөздері – халқымыздың рухани азығы, баға жетпес асылы. Ендеше, сол асыл мұраны насихаттаумен айналысып келе жатқан мұражайдың атқару қызметі орасан зор екені даусыз болар. Хакім Абайдың қарапайымдылығын бүгінде ел тарихындағы тұңғыш әдеби-мемориалдық мұражай болып саналатыны өз алдына, ал сонымен қатар әрі тарихи-мәдени, әрі әдеби-мемориалдық, әрі қорық-мұражайы ролін атқаратындығы оның алуан қырын айшықтап береді. Қазақ даласында бұрын-соңды мұндай сан-салалы қорық-мұражай болған емес. Сондықтан, мұражай үйінің кезінде Абайдың қарапайымдылығын болғандығы ғимараттың тарихи мән-мағынасын одан сайын айшықтай түсетін дәстүрлі дәйек ретінде бағамдауға негіз бар.

Ал мұндағы бөлімдерге жеке-жеке тоқталып өтсек, ғұлама жазушы Мұқан дүниеге келген, балалық-жастық дәуірін өткен туған жері Бөрілідегі мұражай-үйі әлем жұртшылығының ұлылыққа тағзым жасап келетін бірден-бір қасиетті орнына айналса, дала данышпаны Шәкәрімнің саят қора экспозициясы, Абайдың шәкірті Көкбай ақынның мешіт-медресе, мұражайы мен кесенесі жалпы халқымыздың қадір тұтып, ардақтайтын абыз мекені саналады. Сірә, Жидебай аты тілге алынғанда, тебіренейтін жан болмас бұл өңірде. Қасиетті карт Шыңғыстаудың топырағында жаралған дара тұлғалардың дені, оның ішінде Абай мен Шәкәрімнің кесенелері, Абай қарапайымдылығын дәл осы Жидебайда мен мұндапал тұрған жоқ па... Хакім Абайдың 150 жылдық мерейтойы кезінде 16 ескерткіштен бірге қорғауға алынған 6400 гектар қорық алқабы өзінің әрдайым тарихи сипатымен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде Абай мұражайы еліміздегі ең ірі қорық-мұражайларының біріне айналды. Қысқаса ақпарат бере кететін болсақ, мұражай қорындағы жалпы жәдігерлердің саны – 20 263. Оның ішінде негізгі қорда – 11 551, қосалқы қорда 8712 жәдігер бар. Мұражай кітапханасындағы 12 мыңнан аса кітаптың 911 кітабы және қордағы кітаптардың 358 кітабы 1917 жылға дейін жарық көрген сирек баспалардан санатына жатады. Бұл Ресейдің баспаларынан басып шығарылған орыс классиктері мен Батыс Еуропа ойшылдарының кітаптары.

Қор бөлімінде сақтаулы кітаптардың 300-ге жуығы араб графикасындағы еңбектер. Ал олардың 252-сі Абай білім алған Ахмет Риза медресесінің кітаптары. Жоғарыда айтпн өткеніміздей, мұражай қорындағы әр жәдігер өзіне бір тарихи құндылыққа балаанады.

– Мақаншыдағы ақын Әсет Найманбайұлының мұражайы да сіз басқаратын қорық-мұражайдың қарамағында болғандықтан, Әсет ақынның дүниеден өткен күніне байланысты табылған тың дерекке қатысты бір сұрақ қойғыңыз келеді. Осы қаншалықты шындыққа жанасатын ақпарат? – Әйгілі энші, талантты композитор, ақын Әсет Найманбайұлының Мақаншы ауылындағы

әдеби-мемориалдық мұражайы ақын жөнінде тек ақпарат беру ісімен шұғылданып қоймайды, ол негізінен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысады, Әсеттің шығармашылық өмір жолының халыққа белгісіз тұстарын жан-жақты зерттейді. Бүгінде ақынның ғұмыры, білім алған ордасы, отбасы, ұрпақтары жайында мағлұматтар толықтай жинақталып бітті деуге толық негіз бар. Мақаншыдағы Әсет мұражайының меңгерушісі Әбен Разувекеевтің ақынға қатысты басқа да тың деректер жинау мақсатымен Қытай мемлекетіне арнайы ісапармен барып келді. Әсеттің өмірінің соңы Қытайда өткені баршамызға белгілі. Біз ондағы ақынның қабіріне барып зиярат еттік, Құран бағыштадық. Құлжа ауданының бір топ өнерпаз жігіттері Әсеттің әндерін шырқап, бір келелі басқосу өтті. Қазақстаннан арнайы Әсет ақынның мұраларын іздестіріп барғанмызға ол жақтағы аралық мәре-сәре қуанып, көңілдері көтеріліп қалды.

Ертеректегі зерттеулерде Әсеттің қайтыс болған жылы 1923 жылы деп жазылса, ал енді бір деректерде ол 1922 жыл деп көрсетіліп жүрді. Әсеттің өмірінің соңы Қытайда өткендіктен, онда әлі де біз біле бермейтін көп деректер жатқанына көзіміз айқын жетіп қайттық. Ақын жайында бұл жақтағы қарағанда ондағы мағлұматтар көбірек пе деген ой келді. Әсеттің қайтыс болған жері Шыңжаң өлкесі, Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы Құлжа қаласының желесіндегі Борқора тауының Еренқабырға жоталарында, Қайшы жайлауындағы Тасжота маны болатын. Бұл туралы Әсетті зерттеуші жазушы Жүмәділ Маман былай дейді: «Әсет 1923 жылы жазда жайлау үстінде қайтыс болды. Ертеңінде Құрбан айттың бірінші күні, айт намазына жиналған жұрттың алдында Әсеттің жаназасын шығарып, Тасжотадағы қорымға жерлеген». Бұл пікірді Зейнолла Сәнік, Нұртаза Қалиоллаұлы, Мәлік Шипанұлы, Бақыт Әлімбаевтың, Құрманбай Тольбаев сияқты жазушылар қолдады.

Ақынның қайтыс болған күні туралы Әсет мұражайының меңгерушісі, мәдениет қайраткері Әбен Разувекеев былай дейді: «Осы дерек бойынша 1997 жылдан бастап 1923 жылдың құрбан айт күні біздің қолданым жүрген Григорян күнтізбесі бойынша қай күнге келетінін іздедім. Самарканд, Бұхара, Ташкент қалаларындағы медреселерге сұрау салдым. Түркия қаласына да хат жаздым. Алайда, нақты дерек таба алмадым. Тек 2013 жылы Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасы шариғат және пәтуа бөлімінен хабар келді. Онда: «1923 жыл хижра жыл санауы бойынша 1341 жылға сәйкес келеді. Соған орай хижра жыл санауы бойынша жоғарыдағы 1923 жылдың 1-ші құрбан айт күні 24 шілдеге сәйкес келеді», – деген хат алдым. Бұл сұрауды Діни басқарма өкілдері Меккеден алғанын айтты. Сонымен, Әсеттің қайтыс болған күні белгілі болды».

– Абай мұражайы басқа елдердің мәдениет ошақтарымен шығармашылық байланысты жұмыс істеп жатыр деп естідік. Осы орайда өзінің Ресейдегі іргелі музейлерге барып қайтқаныңыз бар еді. Ондағы мен мұндағы жағдайды салыстырып көрдіңіз бе?

– Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы әсіресе, кейінгі жылдары шетелдік әріптестерімен тығыз шығармашылық байланыста жұмыс істеуде. Л.Толстойдың Ясная Полянадағы қорық-мұражайына, М.Лермонтовтың Тархан қорық-мұражайына, А.Пушкиннің Михайловское селосындағы мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи-ландшафты қорық-мұражайына тәжірибе алмасу мақсатында ісапармен барып келгеніміз рас.

Жоғарыда айтпн өткендей, Михайловскідегі Пушкин мұражайына тамашалудың сәті туды. Ол жақтағы ең бір қатты қызықтыратын нәрсе, Пушкинге деген халықтың ерекше құрметі. Не деген сұмдық, мұражайда сегіз жүзден астам адам жұмыс істейді екен. Тек қана Пушкин-тану орталығының өзінде алыстан астам адам ғылыми қызметпен айналысады. Бұдан бөлек іштаттан тыс, ел-елден, жер-жерден өз аяқтарымен келіп, мұражайға қол ұшын беріп жатқан жастар қаншама. Олар жыл бойы арнайы кестемен еш үзіліссіз, аптапал жатып қызмет жасайды. Ал енді салыстырыңыз, біз бен оларды. Мысалы, бізде Жидебайды қасиетті жеріміз деп тебірену,

бару, көру, тағзым ету бар да, ал оған қызмет ету жағы мүлде жоқ. Біздегі мұражайда, Семейдегі, Абай және Үржар аудандарындағы бөлімдерді қоса есептегенде, барлығы 82 адам ғана жұмыс істейді. Абайтану мен Пушкин-тану арасын міне, осы мысалдарға қарап, өзіңіз байқай беріңіз.

«Интермузей» халықаралық фестиваліне бірнеше мәрте қатыстық, ол бізге әлем музейлерінің озық тәжірибелерімен танысуға мүмкіндік туғызуда. Мысалы, 2012 жылы Душанбе қаласында өткен «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, пайдалану, жаңғырту және мемлекеттік қорықтардың мәселелері» конференциясына қатыстым. Абай мұражайы 2014 жылы «ІСОМ» халықаралық музейлер қауымдастығына мүше болып қабылданды. Басқару органы «Әлем астанасы» аталатын Париж қаласында орналасқан қауымдастыққа мүше болу мұражайымыз үшін үлкен мәртебе болып саналады. 2014 жылы «Мұражай ісінің дамуына қосқан зор еңбегі үшін» «ІКОМ Қазақстанның үздігі» аталымы бойынша жоғары марапатқа ие болдым.

Омбы қаласындағы А.Жүнісова басқаратын «Мәлі» қазақ диаспорасы орталығымен тығыз байланыста жұмыс істеудеміз. Қазіргі таңда Ресейдің ірі мұражайлары – Л.Толстойдың Ясная Полянадағы қорық-мұражайы және Мәскеу қаласындағы Л.Толстойдың, сондай-ақ А.Пушкиннің мемлекеттік музейлерімен шығармашылық ынтымақтастық жайлы өзара келісімдер жасалып, меморандумдарға қол қойылды. Аталмыш меморандумдар екі елдің ірі мұражайлары арасындағы өзара ақпарат, тәжірибе алмасу және мұнан да басқа түрлі бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Еуропадағы музейлермен байланыс орнатылуда. Атап айтатын болсақ, Германиядағы әріптестеріміз Ильменәу қаласындағы Гете музейі және Кассель қаласындағы ағайынды Гриммдер музейімен көрме әкелу бағытында келісімдер жасалуда.

Мұражай қызметкерлері шетелдегі мұрағаттар мен кітапханаларға ғылыми ісапарлармен барып келіп жатады. Мәскеу, Омбы, Қазан қалаларындағы мұрағаттарда әжептәуір жұмыс істедік. Осындай сапарлар нәтижесінде Абай және оның туыстарына, айналасына қатысты тың мұрағаттық деректер табылғаны хабарланған болатын.

– Биыл Абайдың туғанына – 170 жыл. Осыған орай қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?

– Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы негізінен ақынның өмірі мен өнерін зерттеумен, насихаттаумен айналысуда. Өкінішке қарай, мерейтой кезінде ғана бой көрсетіп қалуға тырысатын мекемелер жоқ емес. Біз ондай амалдан адамыз, өйткені, бүкіл тіршілігіміздің тірегі ақын мұрасына арналуда тұрады. Өйткені де Абайдың 170 жылдық мерейтойына орай ақымды іс-шаралар жоспарын әзірледік. Атқарылған жұмыстарымыздың негізгілеріне тоқталсақ, Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына және Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының 75 жылдығына орай «Хакім Абай ұлағаты» атты көрме тұңғыш рет Атырау қаласындағы облыстық Өлкетану мұражайында ашылған болатын. Болашақта қазақтың бас ақының мұрасын насихаттау мақсатында облысымыздың аудандары мен қалаларында, Алматы, Астана, Павлодар, Талдықорған қалаларында мұражай көрмелерін ұйымдастырмақпыз. («Абай – әлем тілдерінде», «Мерейлі белестер және рухани құндылық» сынды көрмелерге көпшілік ризашылықтары билдірсе, алдағы уақытта да түрлі тақырыпты қамтуға барыныша тырысып-бағамыз.

М.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен бірлесіп Абай мұрасын зерттеуші, әдебиеттанушы ғылым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Бөжеевтің туғанына 105 жыл толуына орай «Мұратбек Бөжеев – әдебиет тарихын зерттеуші» атты ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, алдағы жоспарда Әдебиет және өнер институтымен қосылып «Абай Құнанбайұлы: шығармашылық мұрасы және абайтану мәселелері» деген тақырыпта халықаралық ғылыми конференция өткізу міндеті тұр. Бұл жыныға еліміздегі белгілі абайтанушы ғалымдармен бірге шетелдік мамандар да шақырылып отыр. («Абай және Абайдың ақын-шәкірттерінің шығармашылық мұрасын оқыту мәселелері» атты қалалық ғылыми-тәжірибелік семинар ұйымдастырылды. Алдағы уақытта түрлі тақырыптарда аймақтық, республикалық дәрежедегі ғылыми-тәжірибелік семинар жұмыстары жүргізілмек. Ұлы ақынның тұңғыш биографиясын жазып, абайтану ілімінің негізін қалаған тарихи тұлға Әлихан Бөкейхановқа және халықаралық тарихи ескерткіштерді және тарихи орындарды қорғау жұніне арналған өзге де танымдық кештеріміз келген жұртты дән риза етті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының – 20, Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жылдығына орай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» атты достық фестивалі ұйымдастырылды. Ұлы ақын шығармашылығының салтанаты асқақтаған мерекелік кеште Абай өлеңдері мен қарасөздері моңғол, орыс, қытай, қазақ, орыс, неміс, корей, татар, араб тілдерінде оқылып, Абай әндері алуан тілде шырқалды. Бас ақынның әлем тілдеріне аударылған шығармалары хақында ауқымды мағлұмат берілді. Дәстүрлі түрде өтетін «Абайды оқы, танырқа...», «Мұхтар мұрасы – адамзат байлығы» және «Мұхтар мұрасы тағдыры» атты оқушылар мен студенттер арасындағы сайыстарға келсек, олар да ақын тойына көп тарту әзірлеуде. Сонымен қатар, Абай ауданымен, Шығыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасымен бірігіп өткізілетін мұнан да басқа көлемді іс-шараларымыз жеткілікті.

Әңгімелекен Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ, журналист.

СЕМЕЙ.

Батыс Қазақстандағы Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бірі Төлеген Иманғазиевтің өмірі мен қызметіне қатысты тарихтың тартпасынан әлі толық шығып үлгермеген, алдағы уақытта зерттелуді қажет ететін дүниелер аз емес. Соның бірі, Батыс Қазақстан қауіпсіздік комитеті департаменті қорынан табылған материалдар десек, Қазақстан тарихы үшін мұндай құнды құжаттардың ғылыми айналымға түсуін, рухани азыққа айналуын теңдессіз еңбек деу қисынды. Өңірдегі Алаш ардактыларын түгендеп жүрген сондай автордың бірі, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің доценті, Жаһанша Досмұхамедов атындағы «Қайраткер» қоғамдық қорының төрайымы, тарих ғылымдарының кандидаты Дәметкен СҮЛЕЙМЕНОВА жақында бізге осы бағытта атқарылып жатқан іс-шаралар мен алаш азаматының өмірі мен қызметіне қатысты халыққа беймәлім болып келген кейбір тың деректер туралы әңгімелен берді. Ол жеті жылдан бері осы саланы зерттеумен айналысатын ғалым 2004 жылы Батыс алашорда тарихы тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап, екі монография жазған, үш-төрт магистрлік диссертацияның, Алаш тарихына арналған 21 дипломдық жұмыстың жетекшісі.

Белгілі жайдың беймәлім беттері

Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында 1918 жылы 18 мамырда Ойыл ұлағаты атты уақытша үкімет Орал казактарының төртінші съезінде дүниеге келіп, ал ол іле-шала сол жылы 8 қыркүйекте Батыс алашорда үкіметі болып қайта құрылғаны, осылайша Алашорда үкіметі екі бөлікке – Шығыс алашорда және Батыс алашорда болып өмір сүргені жұртқа тарихтан жақсы мәлім. Батыс алашорданың жетекшісі Жаһанша Досмұхамедов туралы соңғы жылдардағы жарық көрген зерттеу еңбектері көңілге қанағат тұтқанымызбен, ал бірақ қайраткермен қатар қазақ үшін қалтқысыз қызмет еткен басқа алашордашылардың тағдыр-талығы талай жыл тасала қойғаны аңы да болса, анық ақиқат. Халқымыздың сондай аяулы азаматтарының бірі, Батыс алашорда үкіметінің белсенді мүшесі Төлеген Иманғазиев есімін бүгінде біреу білсе, енді бір адамға ол теңіздің түбіндегі тыным әлем сияқты беймәлім тұлға. Міне, осы бір азамат жайында сақталған кейбір деректерге жіті көз тігер болсаңыз, қазақтан шыққан небір маркаста тұлғалардың сауатты ұрпақ тәрбиелеу жолында, педагогикалық қызметтер бағытында қыруар іс тындырғанын көреміз.

Анығы, Батыс алашорда үкіметінің негізгі іс-әрекеті қазақ халқын сауаттандыруға бағытталған, ол үшін біріншіден, қазақтың ұл-қыздарын жеті жастан бастап білім алуға тартумен айналысқан. Екіншіден, мектепке дейінгі балаларды балабақшамен қамтамасыз ету ісін алғаш рет қолға алған олар мұнымен қатар мектепке дейінгі мекемеде жұмыс істейтін тәрбиешілерді Орынбор қаласына арнайы оқытуға жіберіп отырған. Үшіншіден, Орал қаласындағы қыздар училищесіне қазақ қыздарын оқыту жұмысын алғаш ұйымдастырған осы ұйым. Төртіншіден, қаладағы қолөнер училищесі негізінде қазақ балаларына арнап оқу орнын ашқан. Бесіншіден, Жымпиты қаласында юнкерлік мектеп ашпн, мұнда тәртіп сақшыларын оқытып шығаруға күш жұмсаған. Және де Ойыл қаласында 6 айлық кавалерия атты әскер полкінде қызмет ететіндерді тәрбиелеген. Алтыншыдан, мұғалімдер съезін өткізуге барыныша ден қойған. Жетіншіден, осы мұғалімдерді даярлау үшін жоғары мектептерді ашуды назардан тыс қалдырмаған. Осылайша, батыстық алаш ардактылары өңірді сауаттандыру ісіне өте-өте қатты мән берген. Ол жеті ай ғана өмір сүрген үкімет ел үшін қыруар іс тындырды, ал енді одан бөлек Сібір, Орал қазачестволарымен, Самара басшыларымен, сонымен қатар большевиктер басқарған кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу нәтижесінде Алаш автономиялық үкіметін мойындатуға қол жеткізген.

Оларды қызыл әскер өзге өңірдегі әріптестері секілді қарудың күшімен басып алып көзін жойған жоқ, бұлар өз еркімен 1920 жылы наурызда Кеңес өкіметінің билігін мойындады.

Батыс Қазақстан облыстық қауіпсіздік комитеті департаменті қорынан табылған материалдар бойынша, Төлеген Иманғазыұлы Иманғазиев 1874 жылдың 16 наурызында сол кездегі Орал облысы Ілбішін уезі Қалдығайты болысының №2 ауылында дүниеге келген. Әкесі Иманғазы Орал-Жымпиты-Ойыл жолы бойындағы Қарақұдық деген жерде лау аустыратынын бекет ұстаған дәулетті кісі болған. Тегі Байұлына жататын алаша руының Өтеулі бөлімі десек, шешесі Бозша үй шаруасындағы әйел болған.

Төлеген Иманғазыұлы 1887 жылы Гурьев уезіне қарасты Есбол (Индер) 2 кластық болыстық мектебін тәмамдаған, 1888 жылы Орал қалалық 2 кластық орыс-қазақ училищесіне түсіп, мұны 1890 жылы бітіріп шыққан. Сол жылғы 10 маусымда Орынбор орыс-қазақ мектептері мұғалімдері мектебінде оқып, төрт жылдан кейін халық мұғалімі дипломын иеленген.

1894 жылғы 24 маусымда Орынбор оқу округінің бастығының №2712 бұйрығымен Торғай облысындағы Әулиеқол болыстық орыс-қазақ мектебінде, Алышбай ауылында мұғалім, (1894-1896 ж.ж.), Орынбор орыс-қазақ мектептері мұғалімдері мектебінде дайындық класының оқытушысы (1896-1904 ж.ж.) қызметін атқарды. Ал, 1904-1917 жылдар аралығында елде оқу-ағарту ісімен айналысты. 1904 жылы Жымпиты уезі Соңалы болысының управителі болып сайланды. 1917 жылы Ақпан революциясынан соң жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру, земстволық оқу-ағарту ісін жолға қою ісіне белсене қатысқан ол Батыс алашорда оқу-білім комитетіне мүше болды. 1918 жылы ақпанда Қаратөбеде өткен 3-ші Орал облыстық қазақ съезінің делегаты болып сайланды, Алаш милициясының Ойыл мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. 1920-1929 жылдар аралығында ауыл шаруашылығымен шұғылданғаны қайраткердің жан-жақтылығын айғақтайтын тағы бір тарихи құжатқа жатады.

Алаш азаматының бір емес, бірнеше салаға жеткіктігі мен зеректігі оның 1929-1938 жылдары Жақсыбай орта мектебінде жағрафия, орыс тілі және еңбекке баулу пәндерінен қатар сабақ берген тәжірибесінен анық аңғарылады.

Тарихи құжаттан оны өктем үкімет 1937 жылы 2 ақпанда бұрын болған емес, «Батыс алашорда қызметіне қатысқаны үшін», «Діни қайраткерлер Құрманғали Қуанышқалиев, Хасан Нұрмұхамедовпен байланыс жасады, панисламизмді насихаттаушы, белсенді алашордашы» деген айыпмен тұтқынға алғаны мәлім. 1938 жылы РСФСР ҚК 58-ші, 58-2 баптарына сәйкес, УНКВД-ның Батыс Қазақстан облысы бойынша үштігі соттаған, 15 ақпанда түнде атылған. Төлеген Иманғазыұлы Иманғазиев туралы бұл деректер Батыс Қазақстан облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің №2368 ісі бойынша берілді десек, ал осы іс қаралған кездегі тұтқын Төлеген Иманғазиевтің жеке анкеталық парағындағы отбасының құрамы жазылған мына бір дерек айрықша мәнне ие:

Әйелі Иманғазиева Жанот – 57 жаста, ұлы Төлегенов Хасан – 26 жаста, ұлы Төлегенов Ғұсман – 20 жаста, ұлы Төлегенов Әсет – 15 жаста, ұлы Төлегенов Қали – 9 жаста, келіні Төлегенова Батима, қызы Хұсайынова Зияда.

Мұндағы Хұсайынова Зияда деп отырғаны Төлеген Иманғазиевтің інісі Хұсайынның қызы, әкесі 1932 жылы қаза болған соң, Төлеген Иманғазиевтің отбасы асырап алған еді.

Төлеген Иманғазиевтің ұлы Төлегенов Хасан 1961 жылы 26 мамырда Батыс Қазақстан қауіпсіздік комитетіне әкесінің 1937 жылы 2 ақпанда тұтқындалғанын, осы уақытта дейін хабар-ошарсыз кеткенін жазып, өтініш білдірген екен. Соған байланысты Төлеген Иманғазиев ісі қайта қаралады. Нәтижесінде Батыс Қазақстан облыстық соты президиумының қаулысымен 1961 жылдың 21 қыркүйегінде Т. Иманғазиевке тағылған айып-істің негізсіздігіне байланысты қылмыстық іс тоқтатылғаны айтылған. Сөйтіп, Төлеген Иманғазиев 1991 жылғы 26 сәуірде толықтай ақталды.

Иманғазиевтер әулетінен шыққан ұстаз-мұғалімдер өте көп. Мысалы, немересі, елімізге белгілі өлкетанушы, журналист Қайыржан Хасанов бүгінде Орал қаласында тұрып жатыр. Ағартушы-педагог, Алаш партиясының мүшесі Төлеген Иманғазиевтің туғанына 140 жыл толды. Алаш қайраткерінің мерейтойы өзінің қызмет істеген жерінде кеңінен атап өтілгені жатыр. Осы мерейтойға арнап, немересі Қайыржан Хасанұлы атасы Төлеген Иманғазиев туралы кітап жазып шықты. Қазақта: «Орнында бар – оналар» деген қанатты қағида бар емес пе? Сол айтқандай, осыдан бұрын бір ғасыр бұрын азап шеккен, қазақ халқының болашағы үшін күрескен Алаштың абзал азаматының есімі бүгінде ұрпақтары арқасында ардақталып жатқаны біз үшін үлкен мерей.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен Сырым ауданы әкімдігінің қаржылай қолдау көрсетуімен Жымпитыда Алаш аллесаының ашылуы арыстарымызға жаз ұрпақтың, туған халқының шексіз құрметі деп түсінеміз. Бұл бүгінде Алаш рухына арналып ашылған республикадағы бірден-бір жалғыз аллея болып табылады. Мұнымен қатар 2012 жылы Батыс алашорда жетекшісі Жаһанша Досмұхамедовтің 125 жылдығына арнап осы ауданда Алаш мұражайы ашылған болатын. Үш қабатты мұражайда Алаш көсемдері тұтыған тарихи жәдігерлер көптеп кездеседі. Соның бірі – Халел Досмұхамедов киген тері плащты кезінде әйелі өз қолымен әкеліп тапсырған екен. Басында ол «немістің зингер фабрикасында тігілген киім» деген атпен түсіндіріліп келсе, ал кейінгі ашылған ақиқат бойынша, Халелдің қызы Қарашап алайдан бұл бұл жәдігерді



• Туыстық туы

Қырғыз туғанның құрметі

Бішкек қаласында көрнекті қазақ жазушысы Сәбит Досановтың шығармашылық кеші ықыласты, ғанибет жағдайда өтті

Қорғанбек АМАНЖОЛ, «Егемен Қазақстан».

Басыма кидім ақ қалпақ Оюлап шетін сырғызған. Менің де бетім жап-жалпақ, Айырмам қайсы қырғыздан. Абыз ақын Әбділла Тәжібаевтың екі халықтың арасындағы жайдарман туыстықты білдіретін осы бір шуақты жыр жолдары шығармашылық кеш әп деп бастанған бетте-ақ мерейтой иесінің аузынан соншалықты жарасымды естілді. Сәбит ағамыздың осылай деп толғайтын жөні де бар екен. Өйткені, 29 жасында ең алғашқы талантты шығармасы «Ақ аруана» хикаятты жарыққа шыққан кезде оны заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының сол кездегі бірінші хатшысы, үлкен қаламгер Әнуар Әлімжановтың кабинетіне әдейілеп шақырып алып ақ батасын беріпті. Шықан кейінірек Сәбит інісіне: «Сен қазақ әдебиетінің дамуы үшін көп нәрсе тындырдың, сенің шығармаларыңды оқыды, жұрт сені жақсы көреді... Бұл жайдың үлкен мәні бар», деген жылы сөзін айтқан. Шықан айтса айтқандай, Қырғыз елінде қазақ жазушысы Сәбит Досановтың шынайы құрметке ие екенін, оның қырғыз оқырмандарының құрметіне бөленгендігін осы жолы өз көзімізбен көріп, қу болдық.

Аз-кем шеуің жасасақ, «Ақ аруананы» жазғаннан кейін өзіміздің Сәбит Мұқановтың, одан қала берді, жоғарыда айтқандай, Шыңғыс Айтматовтың ақ батасын алған екінші Сәбит содан бергі қырық жылдың көлемінде әлемнің көп елдеріне белгілі жазушылардың қатарына қосылды. «Тау жолы», «Екінші өмір», «Күн мен түн» романдары есімін әдеби қауымға таныта түсті. Ал «Жырымасының қасыр» деген ортақ атпен біріктірілген «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұйық» және «Намыс найзағайы» атты төрт кітаптан тұратын роман-эпопеясы қазақ халқының бір ғасырлық өмірін қамтыған шы мәнісіндегі кең ауқымды көркем полотно ретінде мойындалды. Осы ретте Сәбит Аймұханұлына еліміздің ең мәртебелі Мемлекеттік сыйлығының берілуі де жұртшылық әсіресе, халықаралық әдеби қауымдастық ризашылықпен қабылдаған болатын.

Бір айта кетерлік жай, халықаралық деңгейде танылған қазақ жазушыларының ішінде кейінгі жылдарда Сәбит Досанов ешкімге дес бермей жүргенін айту да артық емес. Ол – Ресейдің М.Шолохов халықаралық сыйлығының лауреаты. Сәбене Мәскеу, Санкт-Петербургтегі қаламдестері одан кейін В.Пикуль атындағы халықаралық сыйлықты, Сергей Есенин атындағы «Алтын күз» әдеби



сыйлығын, Василий Шукшиннің «Алтын медаль» табыс етіп қана қоймай, Ресей Әдебиет академиясының академигі етті. Ал, қырғыз ағайындар «Алтын қалам» ұлттық әдеби сыйлығымен марапаттады. Әлемнің көп елдерінде Сәбит Досанов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мерейін асырып жүргені сөзсіз. Біраз жылдар бұрын Парижде француз тілінде шыққан кітабының тұсаукесеріне арналған шығармашылық кеші өтіп, жақсы әсер қалдырды. Өткен жылы Қырғыз елінің театры жазушының «Жанұран» атты спектаклін қойып, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің бір кезеңін көрерменге сахна тілінде бейнелеп ұсынды. Ал жақында ғана 75 жылдығын Ресей Жазушылар одағының шақыруымен Мәскеу төрінде өткізіп үлкен абыройға бөленіп қайтқанын баршамыз білеміз. Өлбесте, бұл Сәбит Досановтың ғана емес, барша қазақ әдебиетінің, ұлт руханиятының абыройы екендігін көзқаратқы қауым түсініп те, соған сүйіншілей қуанып та жатыр.

Осы тұрғыдан келгенде Қырғыз елінде Сәбит Досановтың бейнебір өз жазушысындай, өз перзентіндей есептелуі соншалықты ғанибет болып, жарасым тұрды. Қазақ жазушысының шығармашылық кешіне қатысқан қауым бұл шараны жақсылық нышаны, игілік белгісі деп бағалады. Осы кеш айнакаресіз қазақ-қырғыздың туыстығын, бауырластығын, достығын паш етті. Қазақ қаламгерінің бұл жолғы сапары екі елдің бұрыннан келе жатқан мәдени-рухани байланыстарының сабақтасқан дәстүрлі жалғасы екендігі атап көрсетілді. «Манас» жырын алған Шоқанның хатқа түсіріп жария еткені, Мұхтар Әуезовтің бұл эпосты қорғағаны, Мұханның жас Шыңғысқа сәт сапар тілеуі, тағы басқа да бауырластық жағдайлар айтылмай қалған жоқ. Бүгінгі Сәбит Досанов та қырғыз жазушыларының, қырғыз әдебиеті мен мәдениетінің үлкен досы саналады.

Әуелі, шығармашылық кештің тізгінін ұстаған белгілі ақын, жақында ғана алпыстық асқарына шыққан Марқабай Ааматовқа қазақ тарабынан құттықтау хаты табыс етіліп, ығына шапан жабылды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, сенатор Нұрлан Оразалиннің аманат тапсырмасын белгілі жазушы Берік Шаханов орындады. Осыдан кейін сөзін сабақтаған шешен халықтар арасындағы байланыстың бірлігін жаңғырып жатқандығына разылық білдірді. Ал қаламдасы Сәбит Аймұханұлының қарапайымдылық, сабырлық және мейірімділік сияқты бірегей үш қасиетіне тоқталып, оны құрметтеп жатқан қырғыз бауырларға алғыс арнады.

Мерейтой иесіне Қырғыз Республикасы Жоғорку Кеңесінің құттықтау хатын Аппарат жетекшісінің бірінші орынбасары Сүйінбек Қасманбетов тапсырып, шапан жауып, қазақ жазушысының қырғыз жұртына кең танылған адам екендігі жайлы ілтипатты сыр шертті. Сегіз қырлы, бір сырлы Сәбит ағасына Қырғызстан Ұлттық жазушылар одағының төрағасы, ақын Ақбар Рыскулов ақ пейілі ақтарып салды. Қырғызстан Ғылым академиясының вице-президенті Адылжан Ақматалиев, Тоқтағұл атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кезінде Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығын біздің Олжаскеңмен қатар алған ағамыз Майрамхан Абылқасымов, осы кешке Мәскеуден арнайы ұшып келген К.А.Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясының профессоры Серік Тойғанбаев, қырғыз халық жазушысы Асан Жақсылықов, қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Сұлтан Раев және басқалар Сәбит Досановтың шығармашылық ерекшеліктеріне, ала-ми ізгілікті қасиеттеріне, үлкен жүректі парасат иесі екендігіне баса назар аударды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, өзіміздің айтулы ақынмыз Маралтай Райымбекұлының жырдан шашу шашып, Төлеген Айбергеновтың «Аруана бауыр дүниесімен» С.Досановтың «Ақ аруана» хикаятты арасына параллель тартып астастырғаны да көпшілікке ой салғаны анық.

Сәбит Досановқа қырғыз шапандары, жемізіміз Құралай Ахметқызына туысқан халықтың кәделі орамалдары ерекше жарасқандай. Қырғыз ақындарының Сәбене арнаған өлеңдері қандай керемет! Әдемі әсерді жазушының «Жанұран» спектаклін қойылған көріністер одан әрі ғажаптандырды. Бішкектің өнер шеберлері өздерінің тамаша шағын концертін Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасым» түйіндеді. «Нурборбор» шығармашылық академиясының мүшелері Сәбит Досановтың көптеген лирикалық жырларын оқып, жазушының ақындық қырын өрнектеді. Қазақ пен қырғыз бауырластығын гимни сияқты қалықтаған «Қомыз бен домбыра» әні жанымызды тербеді. Қазақ жазушысына көрсеткен қырғыз туғандардың құрметіне көңіліміз өрледі. Қайтарда қаладағы Шыңғыс аға Айтматов ескерткішіне барып тағзым етіп, гүл шоқтарын қойған соң елге бет алдық.

АЛМАТЫ – БІШКЕК – АЛМАТЫ.

Суретті түсірген Еркін ТӘЖІМҰРАТОВ.

• Мұрас

Еленбей келген еңбек

Ахмет ТОҚТАБАЙ, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Баязит Аяғөз ауданы, Шыңқожа ауылында келді отбасында дүниеге келген. Әкесі Сәтбай Келшібекулы Семейде Ахмет Риза – медресесінде дін оқуын оқып, өз жерінде молдалық құрған алам. Баязит 12 жасқа келгенде әкесі қайтыс болып, отбасы жағдайы ауырлап, тұрмыс тауқыметін тартқандықтан 1883 жылы 13 жасында шешесі Тұштыбаланың төркініне, Семейге жақын Белағаш деген жерге қоныс аударады. Отбасында төрт жан болады. Баязит жалдамалы жұмысқа кіреді. Татар байының жалшылығында болады. Иванов деген орыс байының қолында құрылыста жұмыс істеген уақытта үй тұрғызу, қоғамдық құрылыстар салу ісімен танысып, оның жазуы мен сызуды оқудан бастап, өзі сызып үйрену дәрежесіне жетеді. Алдымен тасқалаушы мамандығын алып, кейін дербес құрылыстар салып, оны басқару дәрежесіне жетеді. Кейіндеп Иванов бірталай құрылыс нысандарын

Зайсанға шақырылады. Артынан інісі Нұрмұхамбет, немере інісі Құмар Нұрмұхамбетұлы, жиендері Нұрқожа, Айтқожа Әлімжанұлы Аяғөзден Зайсанға қоныс аударады.

1900-1906 жылдары Зайсан қазақ-орыс әскерінің штаб үйі, Никольск шіркеуін, әскерлер казармасын салады. Одан кейін сол заманғы Қазақстандағы мешіт ғимараттарының ішіндегі көрнектілерінің бірінен саналатын татар мешіті бой көтереді. Оған тапсырыс беруші Үлкен қажа атанған Тұхпатолла Бекентаев екен. Саудагер Ерзин Қалелдің, Мұсабектің, Бидахмет Бобкиннің үйлерін салады. Бидахмет Бобкин – қазақтан шыққан алғашқы саудагерлердің бірі ретінде Нижний Новгородта сауда дүкені болғанын, орыс фабриканы Савва Морозовпен араласып тұрғанын, қызы Қалима белгілі қазақ тарихшысы Ермұқан Бекмахановқа тұрмысқа шыққанын еске сала кетсек дегіміз. Сол Б.Бобкин тұңғыш отырықтанған қазақ ауылы Қуаныштың бас жобасын Баязитке жасатқан. Жобада мешіт, медресе, мектеп ғимараттары



Айтқан өсиетім, сол», деп бастайтын сөзі әлі есімде. Әкемізді қарсы алып өз қарамағына алды да, неше түрлі кіріпші өртегі, өкіметке көп үйлер салғызды. Совет консул орындарын, совет орыс ауруханасын салды».

Қытай жерінде Баязиттің салған құрылыстарының ішінде жеке адамдарға салған мавзолейлері ерекше танылады. Олардың қатарында Жәке би Қойтанұлының, Өміртай Нашынұлы белгілері Баязит шығармаларының алтынның сынығындай, алмастың буындай десе болады.

«Шебердің қолы ортақ», дегендей, Баязиттің салған құрылыстарының көпшілігі әлі күнге дейін пайдаланылууда. Зайсанда салған әдемі мешіттің 1930-жылдары ділмен күрес кезінде мұнарасы мен күмбезі құлатылып, мәдениет үйіне айналдырылды. Зайсан мешіті 1985 жылы республикалық дәрежедегі архитектуралық мұралардың қатарына кірген еді. Құрылыстың негізгі өлшемдері де алынып, қалпына келтіру жобасы қолға алына бастағанда 1990-шы жылдардағы сапырылыста тоқталып қалды. Архитектуралық ерекшелігі бөлек бұл мешітке арнаулы республикалық дәрежедегі реставрация қажет-ақ. Осы тұрғыдан алғанда, Шауешектегі гимназия үйі мен қос азан шақыртың мұнаралардың тағдыры дұрыс шешімін тауып отыр. Біріншіден, құрылыс Қытай мемлекетінің сәулет мұраларының тізіміне кірген. Екі рет мемлекет тарапынан жөндеу-реставрация жұмыстары жоғары деңгейде жүргізілген. Қазір Тарбағатай аймақтық мұражайы болып тұр. Мұнараларда күрделі жөндеуден өткен. Қаланың ортасында, шығыстық мұсылмандар сәулет өнерінің ескерткіші болып бірден көзге шалынады. 1960 жылдары мәдени төңкерістен аман қалған Өміртай Нашынұлының күмбезі де 1990-жылдары қалпына келтіру жұмыстары мемлекет тарапынан жүргізіліпті. Сонымен қатар, кесененің әр кірпішіне дейін өлшеп, макегі жалғанып аймақтық музей санатында бейнебір сырлы ойыншықтай – көруші көзіңіз жауып алады.


ауылдың көрнекті жерлеріне орналасуына назар аударған.

1915-1917 жылдары Шыңжаңдағы татар капиталісі Рамазан Чанышевтің шақыртуымен Шәуешек қаласында мұсылмандар гимназиясы ғимаратын, Шәуешек қаласының төртбұрышына төрт азан шақыртың мұнара салады. А. Байтұрсынұов, М. Дулатов, Р. Мәскеков Зайсан қаласына келіп, Алашорданың шығыс бөлімшесін Баязит балған үйде құрған еді. Сол басқосуда Б.Сәтбаев келген қонақтарға Зайсанды аралатып, әзі салған татар мешітін бастап, Никольск шіркеуіне дейінгі құрылыстарды көрсетіп, ризалығын алған екен.

Қытайдағы Алтай аймағының губернаторы Шәріпхан Жемісханұлының шақыртуымен Сарысуембе қаласына көшіп барған. Ол туралы: Баязиттің ұлы Мұқатай былай дейді: «...1933 жылы Қытай жеріне өтіп Алтай облысы Сарысуембе қаласына қоныс аудардық. Алтай облысының бастығы Зайсандағы төре тұқымдары Дайыр Көгелдай ұрпағы Жемісханұлы Шәріпхан деген кісі төраға екен... Абыройлы, өте келбетті адам еді. Омбыда оқыпты. Он ұлттың тілін білем деуші еді. Мен Алтай қазақ-моңғол мектебінде оқыдым, бізге кезіп дәріс сөйлеп тұратын. Өлең үйрететін. «Орнық, отырықшы бол!



Саудагер Смағұл Манаповтың үйі.



Зайсандағы мешіт. 1908 ж.

Баязитке сеніп тапсырады. Шешесі жағынан Бозқызы деген кісінің Қадша атты қызына үйленеді. Қалың мал, той шығынын Иванов көтереді.

1890 жылы Семейдегі мешіт құрылысын салуға мұфти түрік архитекторы Абдолла Эфендилі Стамбулдан шақыртады. Баязит сол мешіт құрылысына қатысып, шығыс сәулет өнерінің қыр-сырына қаныға түседі. Осы жылдары ол орыс архитекторысы мен шығыс сәулет өнерін қабыстырып айшықты ғимараттар салу жоспарларын жүзеге асыруды ойлайды. Отбасында шешесі, інісі Нұрмұхамбет, немере інісі Құмар Қамысбайұлы, әйелі Қадша Бозқызымен біт адам болады. Жездесі Әлімжан мен апайы Қалима екеуі бірдей қалыс болып, жетім қалған Нұрқожа, Айтқожа Әлімжанұлы Баязиттің қолына қарап, тәрбиесінде болып, тас қалаушы, құрылысшы мамандықтарын игереді.

Сәтбаевтардың шеберлік жолында ағасы туған жері Аяғөзде жетеді. 1897 жылы туыстары: Жапар, Әбдірасыл, Сүлеймен, Арықмолла, Елшібек оларды Аяғөзге көшіріп алады. Аяғөзде біраз уақыт жергілікті ауқатты адамдарды тапсырысымен үй тұрғызып жүргенде, Ресей мен Қытайдың арасындағы өткел – Зайсан қаласында құрылыс істері ерекше қанат жайып, Баязит Сәтбайұлы

Абылай ханның қара жолы

үстінде Сәуле деген ауыл бар

Таяуда Арқаның көк моншағы – Көкшетауға жол түсті. Бұл сапарға шығуға қазақтың айыбын хәм айдыны болған Абылай ханның оққағарлары қазіргі Еңбекшілдер ауданындағы Сәуле ауылын мекендеген деген жорамал себеп болды.



Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ, «Егемен Қазақстан».

Ханның оққағарлары, негізінен, Ұлы жүздің шанышқылы руынан жасақталған қазақ тарихынан мәлім. Міне, осы шанышқылы оққағарлардың өмір сілемі бізді жетелеп Сәуле ауылына алып келді. Ғалымдар мен өнер адамдарынан тұратын топты шанышқылы Бердіқожа бағырды ондаған жылдан бері індетте зерттеп жүрген ғалым Бактыбай Қасымбеков бастап барды. Бізді Мұрат қажы атындағы мешіт алдында ауыл адамдары қарсы алды. Әуелі Алланың үйіне кіріп,

ата-баба аруағына бағыштап құран оқылды. Одан кейін мешіт аулына бірқатар жасыл желек отырғызылды. Сәуле жүзге жуық үйден құралған шағын ғана ауыл екен. Мемлекеттік қорықтың ортасына орналасқан. Айналасын қоршаған көк орман тым әсем, ығы-жығы қаладан келген адамның тынысын бірден ашады. Содан болар, мұнда атбасын бір тіреген адам, қайта айналып соққысы келіп тұрады. Тағы бір таңғалдырғаны, кішкентай ғана ауылда 11 жылдық мектеп бар. Себебін білмек болып едік, осы жақтың тумасы, белгілі ғалым Серік Негимов

бізге кішкентай көрінген ауылдан шыққан атақты азаматтар туралы сөз әңгімеледі. Олардың Қазақ елінің өрлеуіне қосқан бойын үлесін қалап-қалап айтты.

Мұрат қажы Ыдырысулы ауылдың арғы-бергі тарихынан мағлұмат келтіріп, жер мен елдің иесі мен киесі жөнінде баяндады. Ауыл іргесіндегі Ершік тасына алып барып, бөгет-көпірдің салыну тарихы жөнінде айтып берді. Сөйтіп, Ершік Тоқбаевтың өмір жолы туралы деректі оқиғалардың тізгінін қакты. Одан кейін Мұхамет-Салық әулиенің моласына зиярат еттік. Ол сондағы Құрттықолдың шығысынан өтетін, Абылай хан солтүстіктен онтүстікке төтеледі тартатын қара жолдың бойында екен. Киелі жолдың сүрлеуі әлі де сезіледі. Салық молданың әулие атануына да себеп бар. Бала күнінен жетім қалып, ес білер шағында аруақ қонған Салық дін исламды елдің жады мен жүрегіне сіңіріп, Алла парызын адамдарға терен ұғындыруға көп қызмет еткен. Мұсылмандығында мін болмаған Салық молда бақиға барған соң, оны аймақ ауылдары әулие тұтқан.

Жазғанымыз шағын болғанымен, аталған ауылдың Құрттықолы туралы айтпай кету айып деп білдік. Себебі, ол «құртты» емес «құтты көл» екен. Бір кездері бұл көлдің жағасында жыл сайын 400 бала демалатын лагерь болыпты. Көлдің бағысы ну қарағаймен көмкерілген. Суы мен балшығы өте шпалы. Көл орналасқан жердің 30 пайызға жуығы адам денсаулығына өте пайдалы, қазіргі кезде өте қат саналатын кремний көрінеді. Адам денесіндегі кремнийдің азаюы шаштың ағаруына, селдіреп түсуіне және тырнақтың жұқарып, түсінің өзгеруіне, сондай-ақ, сүйектің морт сынғыш болуына әкеліп соғады. Мұны, сала мамандары әлдеқашан дәлелдеген.

Қасиетті көл туралы жазуымыздың себебі, Үкіметте отырған үлкен қызметкерлер Құрттықолға назарын аударар деп үміттендік. Олай болған жағдайда, мыжырайып ерте қартайғысы келмейтін азаматтар жыл құрғатпай, жаз сайын Сәуле ауылына тартары кәдік.

Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы.

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне барыныша құрмет көрсету, қанды қырғыннан қайтпай қалған майдангерлердің рухын асқақтату мақсатында елді мекендерде еселі ескерткіштер тұрғызу тәрізді көптеген келісті көріністер кенінен қолға алынууда. Сондай салтанатты іс-шаралардың қатарына Алматы облысының Жамбыл ауданында өткен Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Шахмет Ғайнановтың туғанына 101 жыл толу естелі орайластырылып өткізілген жасөспірімдер арасындағы дәстүрлі бокс турнирі қосылды.

Тағзымды оқиғалар толастамайды

Айнаш ЕСАЛИ, «Егемен Қазақстан».

Шахмет Ғайнановты еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы бильды VI бокс турниріне Қазақстаннан өзге Қырғызстан мен Әзбекстан республикалары да таңдаулы билары қолғап шеберлерін аттандырыпты. Талай-талай жекпе-жектердің дәмін татып, шеберлік жағынан да, намыс жағынан да шаршы алаңда шынайы шыңдалған қазақстандық боксшылардың құрамын құрайтын командалардың сапында Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының, сондай-ақ, Алматы облысының Алақол, Райымбек, Іле, Тағар, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Жамбыл аудандарының және Алматы қаласының боксшы спортшылары болды.

Жанкүйерлер мен көрермендердің мол болуына байланысты ауыл мектебінің ашық аспан астындағы ауласына құрылған бокс рингінде тамаша ойын өрнектері орын алып, ондағы тамаша жекпе-жектер дүркін-дүркін жиналғандардың риясыз қошеметтеріне бөленіп жатты. Додады да думанды сәттің ең қызған кезінде қазақтың ою-өрнекпен көмкерілген шапаны мен қалпағын киіп, астындағы қара тұлпардың жүрісін ойнақытып, қалың көпшіліктің ортасына 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының

чемпионы Жақсылық Үшкөмпіровтің келуі – мұндағылардың делебесін қоздырып, ол кісіге деген құрметтен туындаған жарыс алаңындағы қазақи кыку айналаны көмкеріп кетті.

Жарыстың нәтижесі шығып, жеке және командалық есептегі орындар айқындалғанша соғыс және еңбек ардагері Шахмет Ғайнановты еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы VI халықаралық бокс турнирінің аяқталуына байланысты қорытынды сөз сөйлейтіндерге кезек беріліп, ортаға Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкөмпіров ағамыз көтерілді. Өз сөзінде қонақ әр жылдары өткен Олимпиадаларда Қазақстаннан шыққан чемпиондар туралы айта келіп, 200-ден аса мемлекет қатысқан Лондон Олимпиадасында Қазақстанның 7-ші орынға ие болғандығын үлкен мақтаныш сезімімен жеткізді. «Сол спортшылардың даңқты нәтижелерін жазадан жаңғыртып, болашақта Қазақстанның спорттық абыройын арттыратын сендерсіңдер, айналайын жасөспірім билары қолғап шеберлері!» деген Жақсылық Үшкөмпіров қырғыз және өзбек елдерінен келген спортшыларға да зор табыстар тіледі.

Одан кейін сөз кезегі берілген Білім және ғылым министрлігі денешынықтыру ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Марат Қошаев, Алматы облысындағы Жамбыл

аудандық маслихаттың хатшысы Саят Жұрын, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті спорт кешенінің басшысы Тағтай Дүйсенбаев осы өткізіліп отырған халықаралық спорттық бәсекенің Ұлы Жемістің 70 жылдығына жасалған үлкен сый, жас ұрпақ тәрбиесіне берері мол саяси шара екендігіне ерекше тоқталып, баянда бастаманың қозғалуы болып келе жатқан соғыс және еңбек ардагері Шахмет Ғайнановтың перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Әділ Шахметовке деген ризашылықтарын білдірді.

Бүгінгі спорт додасын ұйымдастыру барысында асқан белсенділік пен іскерлік танытқан азаматтарға арнайы марапаттарды табыстау үшін халық алдына шыққан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Манарбек Ізбасар жоғарыда сөз алған қонақтармен бірге Шахмет Ғайнановтың ұрпағы Данияр Жантықбаевтың, Алматы облысындағы Жамбыл ауданының бокс жаттықтырушысы Бекболат Нағашыбайдың, өзбекстандық жаттықтырушы Нұрлан Қаражігітовтің, қырғызстандық жаттықтырушы Нұрбек Өмірғазиевтің, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Аскар Омарқұловтың, Алматы облысындағы Көкезек орта мектебінің директоры Хамит Есбаевтың омырауларына ескерткіш медальдар мен төсбелгілерді тақты.

Осы кезде мерекелік спорт додасының нәтижелері де белгілі болып, жүлделер спортшылар салмақ категориялары бойынша кезек-кезегімен тұғырға көтеріліп, сый-сияпаттарға ие болып жатты. Ал, жалпы командалық есеп бойынша Алматы облысындағы Жамбыл ауданының құрама командалық бірінші орынға көтерілсе, екінші орын Өзбекстан құрама командалық еңшісіне бұйырды. Жеңіс тұғырының үшінші сатысына Алматы қаласының билары қолғап шеберлері лайық деп табылды.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы.

• Дүние және дағдарыс

ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ШЫРМАУЫ

Штат бюджеттерінің бүйірі солды

Төрткүл дүниенің тынысын тарылтқан әлемдік дағдарыс АҚШ-тың алып экономикасын да тығырыққа тірей бастаған сыңайлы. Оған бірқатар Америка штаттарының бюджеттерінде орын алған проблемалар дәлел болады. Кейбір штаттардың бюджеттері тапшылықтан тұралап тұр.

Үстіміздегі жылдың I шілдесінде басталатын жаңа қаржы жылында Луизиана штаты бюджетінің тапшылығы 1,6 миллиард долларды құрағалы тұр. Штат билігі бюджет бүйірін шығару үшін қолдан келген барлық шараларды жасаса да проблема шешім табар емес. Moody's Investors Service және S&P рейтинг агенттіктері шенеуніктер бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етпесе, Луизианың несиелік рейтингін төмендететінін мәлімдеді.

Өткен жұмада Луизиана штаты биылғы жылы алғаш рет біржаға 335 миллион доллар құрайтын қарыз акцияларын шығарды. Бірқатар құнды қағаздар бойынша несиелік рейтинг агенттіктері бұл қарыздың өсіміне қаршырақтарды шығарды. Бірқатар құнды қағаздар бойынша несиелік рейтинг агенттіктері бұл қарыздың өсіміне қаршырақтарды шығарды. Бірқатар құнды қағаздар бойынша несиелік рейтинг агенттіктері бұл қарыздың өсіміне қаршырақтарды шығарды.

байланысты болып отыр. Мұнай және газ сатудан түсетін табыс бюджеттің барлық табысының 13 пайызын құрайды. Ал, 2014 жылы мұнай бағасы 40 пайызға дейін төмендеп кетті. Сондықтан өңір билігі бюджеттің әлеуметтік шығындарын күрт азайтуға мәжбүр болмақ. Бұл ретте ең басты зардап шегетін жоғары білім беру саласы болмақ.

Американың мақтаулы экономикасы барған сайын күрделі проблемалар шырғауына оралады. Associated Press агенттігінің деректері бойынша алдағы қаржы жылы Американың 22 штатының бюджеттері тапшылыққа ұрынады. Бұл өз кезегінде жалпы ел экономикасының тұрақтылығына нұқсан келтіреді. «Экономика өсімі біршама көтерілген қазіргі уақытта бюджет тапшылығы осындай ауқым алып отырғанда, экономика өсімі төмендейтін болашақта бұл өңірлердің бюджеті қандай күйде болмақ?»



дейді белгілі несиелік сарапшы Габриэль Петек.

Салық жинаудағы тоқырау экономиканың барлық саласына салқынын тигізуде. Жұмысшылардың жалақысы да төмендеп барады. Тұрғындардың тапқаны барған сайын өсіп отырған денсаулық сақтау және білім беру салаларының ақысын жаба алмайды. Тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесінде де қордаланған кемшіліктер жетерлік. Соңғы 6 жыл ішінде тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі дағдарысқа дейінгі дәрежеге жете алмай келеді.

Алабама штатында бюджет тапшылығы 290 миллион

долларды құрап отыр. Жақын арада штатта бюджетті оңтайландыру мақсатында жедел шешімдер қарастырылмаса, бұл өңір толық тоқырауға ұшырайды, дейді ду-ағы ауыз сарапшылар. Жағдай тура осылай жалғасатын болса, енді біраз уақыттан кейін сот органдарында шешімдерді тиісті орындарына жөнелтуге қажетті қаржы да болмай қалуы мүмкін. Халық санағын жүргізу бюросы мәліметінше, 2014 жылы жалпы бюджет түсімі басқа жылдарға қарағанда 2,2 пайызға өскен. Алайда, 17 штатта салық кірістері өте төмендеп кеткен. Мәселен, Аляскада өткен жылы

бюджетке түсетін қаржы бірден 1,7 миллиардқа төмендеген. Ал, Иллинойс штатында алдағы қаржы жылы бюджет тапшылығы 6 миллиард долларды құрап отыр. Канзас штатында табыс салығының азайтылуына байланысты бюджетке түсетін түсім күрт төмендеген. Саяси бедел алу мақсатында табыс салығын азайту шарасы штаттың несиелік рейтингін төмендеткеніне қарамастан Канзас губернаторы Сэм Браунбек бұл қадамды дұрыс деп санайтындығын мәлімдеді. Бюджетке түсетін табыс салығының азайып кетуі өңірдегі бірқатар мектептердің жабылып қалуына себеп болды. Республикашылардың пікірі бойынша, салықты бұлай төмендету экономикаға оң әсер бермейді. Сондықтан, мұндай шараларды жан-жақты зерттеп барып қолданысқа енгізу керек. Канзас штатындағы табыс салығын азайту шарасының салдарынан бюджет түсімі 800 миллион долларға дейін кеміді. Алдағы уақытта АҚШ билігі бюджеттерінің бүйірі күрт түсіп кеткен штаттарды құтқару үшін Еуропалық одақта жүзеге асырылған шараларды қолдана бастауы керек сияқты.

Мұнай бағасының болжамы



Таяу болашақтағы онжылдықта мұнай бағасы барынша көтерілген күннің өзінде бір баррелі 76 доллардан аспайтын болады. Болашақтағы мұнай бағасын болжаған ОПЕК баяндамасында нақ осылай атап көрсетілген.

The Wall Street Journal газетінде жарияланған аталмыш баяндамада ең оптимистік болжам бойынша мұнай бағасы 2025 жылға дейін 1 баррелі 76 доллар көлемінен аспайтын болады, деп атап көрсетілген. ОПЕК мұндай болжамды Американың мұнай нарығындағы қалыптасқан аухалға байланысты келтіріп отыр. Сонымен бірге, газеттің атап көрсеткеніндей, баяндамада 2025 жылы мұнай бағасының әрбір баррелі 40 долларға дейін төмендеп кетуі мүмкіндігі де қарастырылған. Баяндамада атап көрсетілгендей, 2025 жылға дейін мұнай бағасының әрбір

баррелінің 100 долларға дейін көтерілуі тіпті де мүмкін емес көрінеді.

The Wall Street Journal басылымы алдағы жылдары мұнай бағасының тұрақсыздығы сақталатындығын айтады. Осы ретте газет ОПЕК ұйымына мүше мемлекеттер министрлерінің маусым айында болатын кездесуіне байланысты мұнай бағасының тағы да күрт құбылуын жокқа шығармайды.

«АҚШ-та орын алған «тақтатас төңкерісіне» байланысты мұнай бағасының күрт төмендеп кеткен оқиғасын ОПЕК әлі күнге жете зерттей алмай

отыр. Әдетте мұнай картелі әлемдік нарықтағы мұнай бағасын реттеу үшін мұнай өндіру көлемін азайтып, рынокқа шығарылатын мұнай көлемін реттеп отыратын. Алайда, өткен жылы ОПЕК мұндай тәсілдің енді тиімділік бермейтіндігін мойындады. Сонымен бірге, ұйымға мүше мемлекеттер, атап айтқанда, Сауд Арабиясы мұнай өндіру көлемін арттырып, рынокқа үлкен мөлшерде шикі мұнай шығаруды жүзеге асырды. ОПЕК басшыларының мәлімдеуінше, мұнай бағасы неғұрлым төмендеген сайын мұнай өндірудің өзіндік құны жоғары болып отырған компаниялар банкротқа ұшырайды. Әсіресе, мұнай бағасының төмендеуінен тақтатас мұнайын өндіретін компаниялар зардап шегетін болады.

Непал апаттан көз ашпай тұр


Апаттан көз ашпай тұрған Непалда осы аптада тағы да бір жойқын жер сілкінісі болды. Бұл зілзаланан зардабы Үндістанның Бихар, Уттар-Прадеш, Батыс Бенгалия және Ассам штаттарына дейін жетті.

Магнитудасы 7,1 балға жеткен бұл зілзаланан эпицентрі Эверест тауына жақын орналасқан Намче-Базар елді мекенінің жанында болған. Үндістан метеорологтарының дерегі бойынша, жерасты сілкіністері жергілікті уақыт бойынша 12.35-те басталып бірнеше минутқа созылған. Жер сілкінісінің нағыз кіндігі 10 шақырым тереңдікте орын алған. Сәуір айынан бері күн

сайын орын алатын зілзаладан зәрепап болған Катманду қаласының тұрғындары құрылыс ғимараттарының жанына жақын-дамай, үнемі ашық аспан астында түнеп келеді. Солай бола тұрса да, жергілікті биліктің мәлімдеуінше, соңғы зілзаладан ондаған адам қаза болып, мыңдаған тұрғындар зардап шеккен. Бұдан бұрын «Диалог» агенттігі Непалда лай көшкіні басталуына

байланысты жер сілкінісінен зардап шеккендерді іздестіру шаралары тоқтатылғанын мәлімдеген болатын. Соңғы жер сілкінісіне байланысты құтқару шаралары қайта жандандырылды. Тек бір тәуліктің ішінде құтқарушылар Лангтан ұлттық паркінде орналасқан деревнядан 120 адамның мүрдесін тапқан. «Алайда, Лангтан ұлттық парк орналасқан маңайда жиі-жиі лай көшкіндері орын алууда. Сондықтан, құтқарушылардың жұмысын жалғастыруына ешбір мүмкіндік болмай тұр. Олар қазір жұмыстарын уақытша тоқтатуға мәжбүр», деп хабарлады жергілікті билік шенеунігі Гаутама Римал Рейтер агенттігіне.

Соңғы мәліметтер бойынша, Непалда болған зілзала зардаптарының құрбандары 8 мыңнан асып, 17576 адам әртүрлі жарақаттар алған.



Цунами қаупі күшейді

Индонезияның солтүстік-шығыс өңірінде болған магнитудасы 5,3 балл жер сілкінісінің салдарынан бұл елде жойқын цунами қаупі орын алууда. Бұл туралы Индонезияның ұлттық метеорология, климатология және геофизика басқармасы мәлім етті.

Мамандардың айтуынша, зілзаланан эпицентрі Хальмахера аралынан солтүстікке қарай 40 шақырым қашықтықта орын алған. Жер сілкінісінің ошағы 120 шақырым тереңдіктен басталған. Негізінен жер сілкінісі теңіз аумағында болған. Осыған байланысты бұл зілзаладан зардап шеккендер жокқа тән.

Индонезия Тынық мұхитының «от сақинасы» деп аталатын өте күшті тектоникалық жартылай аймағында орналасқан.

Сондықтан бұл өңірде жердің тектоникалық қыртыстары белсенді қозғалыста болады. Мамандардың болжамынша, бұл қыртыстардың қозғалысы жыл сайын 7 см жылдамдықпен құрайды екен. Сейсмологтар жыл сайын бұл өңірде магнитудасы 4 балдан жоғары болатын 6-7 мың жер сілкінісін тіркейді. Көп ретте жер сілкінісінің зардабынан адамдарға үлкен апат әкелетін цунамилер орын алады.

Дайындаған Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ, «Егемен Қазақстан».

ЛҮБІРГЕ ТОЛЫ ДҮНИЕ Македония дауға айналмаса игі

Мамадияр ЖАҚЫП, журналист.

Өткен сенбіде Македония Республикасында бүкіл әлемді елең еткізген оқиға болды. Елдің солтүстігінде «жақсы жасакталған террорлық топ» «көрші ел аумағынан» Македония жеріне басып кіріп, 18 сағат бойы қауіпсіздік күштерімен шайқасқан. 8 полиция қызметкері, сондай-ақ, 14 қарулы адам қаза тауып, 30-дан аса адам жараланған.



Әлемді елең еткізді дегенде, бұл оқиғаға талай елдер, ұйымдар, ақпарат құралдары жедел түрде ұнқатты. Ел үкіметі «Балкандығы ең қауіпті террорлық ұйымның шабуылы» деп мәлімдесе, президент Георгие Иванов елде екі күндік аза жариялады. Елдегі оппозиция мұны биліктің өткір саяси дағдарыстан жұрт назарын басқаға аудару әрекеті деп мәлімдеді. Ал Еуроодақ пен НАТО басшылығы ашық зерттеу жүргізу керек десе, алыстағы Мәскеу Македонияда «түрлі-түсті революция» ұйымдастыру әрекетінің қауіпті салдарынан сақтандырды.

Соған қарамай, мұнда әлі жұмбақ жай көп. Македонияның ресми орындары кім екенін нақты айтпай, көрші ел дейді. Тұтқынға түскен 30 адамның біразы қосовольк болса, біразы македониялық көрінеді. Солардан қайдан келдіңдер, кімсіңдер деп сұрауға да болады емес пе? Скопьеде шығатын газетте бұл әрекетті мойнына алған «Азаттықтың ұлттық армиясы» дейтін ұйымның мәлімдемесі жарияланып, онда полицейлер мен әскерилердің «бірнеше күн қатарынан бейбіт халықты үрейде ұстағаны» айтылған.

Көрші елдер дегенде, бұлардың көңілінде Косово мен Албания президенті Атифет Яхьяга мен премьер-министрі Иса Мустафаның бірлескен мәлімдемесінде өз елінің адамдарының бұл шабуылға қатысы мұнай айыптап, бұл әрекетті Косово мен көрші елдердегі жағдайды ұшықтыруға бағытталғанына назар аударған. Албания басшылығы әрекет орын алған Куманово

жүрт әртүрлі болжам айтады. Біреулер Ресейдің «Түркия ағысы» арқылы келетін және осы елден өтетін газын еске алады, біреулер Ресей мен Македонияның негізнен православилік елдер екенін де алға тосады. Бұл қаттығыс Сербияның онтүстігін де шаруы мүмкін. Осының бәрине Мәскеу бейжай қарамайды дейді. Оларға туыстар қазір бұрынғыдан қажеттірек.

Осы жерде Косово ойға оралады. Бір кезде Сербия басшылығы өзін біршама аймағында этностық тазалау саясатын жүргізгенде, оны Мәскеудің қолдағаны бар. Батыс елдерінің, НАТО-ның араласуымен сонда оған жол берілмей, оның ақыры Косовоның тәуелсіздік алуымен аяқталған. Македония сонда да зардап шеккен. Жарты миллиондай босқан халық Македонияға ағылып, біраз күйзелткен. Сол этносаралық қайшылық бүгін Македонияның өзінде қайталануы мүмкін.

Айтты-айтпады, осынау 2 миллионнан сал гана асатын халқы бар шағын мемлекетте айтарлықтай күрделі жағдай қалыптасып отыр. Оған сырттағылар араласар болса, істің насырға шабары анық. Бұдан ұтатын ешкім болмайды.

Британдықтар консерваторларды қалады

Қауымдар палатасының сайлауында консерваторлар жеңіске жеткен соң, Ұлыбританияның қазіргі жүргізіп отырған ішкі-сыртқы саясаты өзгермейтін болды. Премьер-министр Дэвид Кэмеронның үкіметі өз билігін тағы да бес жылға ұзартты.



Бұдан бұрынғы сайлаудағыдай емес, бұл жолғы жеңістің орны бөлектеу. Бұрын сайлаушылар консерваторларға болжаммен үміт артса, бұл жолғы жеңісті олардың бес жылғы жұмысына баға деп қабылдауға да болады. Өткен жолы Британия алдында Шотландияның бөлініп шығу қаупі тұрса, Кэмерон үкіметі одан ойдағыдай өткен. Тіпті, осы сайлауда да сол Шотландияда ұлтшылар басым дауысқа жетсе де, бұл аймақтың бөлініп шығу мәселесі күн тәртібінде жоқ.

Әдетте, биліктегі партияға көп сын айтылады. Консерваторлар оны да бастан кешті. Соған қарай, сайлау алдындағы болжамда лейбористерге жұрттың ықыласы басымдау да көрінген. Бір сауалнамаларға қарағанда, олар көбірек дауыс жинауға тиіс еді. Лейбористер көсемі Эдвард Милибэнд сайлау қорытындысына оптимизммен қарады. Олар сайлаушыларды салықты азайту уәдесімен де қызықтырған. Сөйтсе де, олар ойсырай жеңілді.

Консерваторлар парламенттің заң шығарушы палатасындағы 650 орынның 338 орнына ие болды. Бұл дегеніміз – басқалармен коалиция құрмай-ақ үкімет құра алады, өз бастамаларын парламентке өткізе алады деген сөз. Өткен жолы олар либерал-демократтармен одақтасып барып, көпшілік дауысқа жеткен, сол үшін либералдарға вице-премьер орнын ұсынған. Енді ешкімнің

Кэмеронның үкіметі өз билігін тағы да бес жылға ұзартты. Олар сайлаушыларды салықты азайту уәдесімен де қызықтырған. Сөйтсе де, олар ойсырай жеңілді. Консерваторлар парламенттің заң шығарушы палатасындағы 650 орынның 338 орнына ие болды. Бұл дегеніміз – басқалармен коалиция құрмай-ақ үкімет құра алады, өз бастамаларын парламентке өткізе алады деген сөз. Өткен жолы олар либерал-демократтармен одақтасып барып, көпшілік дауысқа жеткен, сол үшін либералдарға вице-премьер орнын ұсынған. Енді ешкімнің

● Индустрия игілігі

Заманыңыз көз ілеспес жылдамдықпен дамып, технология сәт сайын түрленіп отырған мына кезеңде алаңсыз жүруге болмайды. Қонышына қамшыңды қыстырып, атқа бір жамбастан отырып, көкжиекке көз салып бейқам тұратын уақыт әлдеқашан өтіп кеткен. Ендігі жерде дәуір көшіне ілесіп, өркениеттің жалына өлермендікпен жармасып, әбжіл қимылдап, тез ойлап, жылдам іске көшпесе, қалғаны бекершілік болмақ. Онда да құр бозекпе боп жүгіру емес, жүйелі жұмыс жасап, қол жеткен игілікті елдің оңтайына қарай пайдаланып, мемлекеттің одан әрі дамып, жұрттың барлақатты өмір сүруі үшін жағдай жасаған ләзім. Замана желін дер шағында байқап, көштің қалай қарай бағыт аласа пайтының алдын ала білетін Елбасы осыдан бес жыл бұрын индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын алдымызға ұсынды. Содан бері ел бойынша қаншама зауыт салынды, фабрикалар жұмысқа қосылды, жаңа жұмыс орындары ашылды. Елдің енесі тіктелді. Жұрттың жұмысы жүрді. Мемлекет мерейлене түсті. Мұндай жалпыхалықтық бағдарламаның орындалуына Қызылорда облысы да айрықша үлес қосып келеді.

Не істеді?

2010-2014 жылдар аралығында үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы еліміздің барлық өңірлерінде үлкен белсенділікпен іске асты. Осы бағдарламаның негізінде индустрияландыру картасы жасалды. Осылайша, экономиканың түрлі саласында көптеген жаңа өндіріс орындары мен жұмыс орындары ашылып, салық жинау базасы кеңейіп, бірнеше кәсіпорындар жаңғырту мен қайта жаратандырудан өтті.

Осы ретте, аталған мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың бірінші бесжылдығы бойынша Қызылорда облысында атқарылған жұмысқа тоқталсақ.

2014 жыл қорытындысы бойынша Қазақстанның индустрияландыру картасы аясында облыста жалпы құны 189,9 миллиард теңге құрайтын 26 жоба қолға алынды. Аталған жобалар толық іске асқанда қосымша 3054 адам жұмыспен қамтыламақ. Осы 26 жобаның 25-і өңірлік картаға кіреді. Жобалардың жалпы құны 137,7 миллиард теңге. Ал республикалық карта есебін жасалатын қалған бір жобаға 52,1 миллиард теңге жұмсалмақ. Ол – Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы. Болашақта мұнда 300 адам жұмыспен қамтыламақ.

Енді өңірлік индустрияландыру картасына енген 25 жобаның ішінде 2010-2014 жылдары құны 82,0 миллиард теңгеге бағдаланған 17 нысан іске қосылды. Нәтижесінде мыңға жуық жаңа жұмыс орыны ашылды.

Реті келіп тұрғанда олардың бірнешеуін атап өтейік.

Бірінші, Қызылорда қаласында «Хуа Ю Интернационал Қызылорда» ЖШС «Химиялық реагенттер өндірісінің көлемін ұлғайту» жобасын іске асырды. Құны – 500 миллион теңге тұрады. 24 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Жылына 2,0 мың тонна өнім шығара алады. Мақсаты – жұмыс жасап тұрған химиялық реагенттер өндірісін ұлғайту. Аталған компания өндіретін химиялық реагенттер мұнай құбырларының шүрші, коррозияға ұшырауын, қас тұруын төмендетіп, пайдалану мерзімін ұзартады. Сонымен қатар, «Хуа Ю Интернационал Қызылорда» ЖШС аймақта химия реагенттерін өндіретін бірден-бір жалғыз компания. Жоба негізінен қолданыстағы химиялық реагенттер өндірісін кеңейтуге бағытталып, 2014 жылғы қаңтар айында іске қосылды.

Жер астынан мұнаймен бірге шығатын су құрамында көптеген бактериялар бар. Атап айтқанда, сульфатред, сапрофит және темір бактериялары. Бұлар суды ластан қана қоймай, мұнай құбырларын мерзімін бұзып коррозияға ұшыратады. Ал «Хуа Ю Интернационал Қызылорда» ЖШС өндіретін химия реагенттері осындай бактерияларды жоюға бағытталған. Кәсіпорын 5 түрлі химиялық реагент шығарады. Бүгінде химиялық реагенттерді сату бойынша «СНПС Айдан мұнай» және «ПетроКазакстан/Құмкөп/Ресорсиз» секілді компаниялармен келісімге келген. Былтыр 2003,5 тонна химиялық реагенттер өндіріліп, жоспар 125,2 пайызға орындалған.

Екінші, «Арал тұз» акционерлік қоғамы «Техникалық және ас тұзын өндіру» өндірісін жаңғырту жобасын іске қосты. Жоба құны – 1,5 миллиард теңгені құрайды. Дегенмен, жұмыс барысында қосымша 0,6 миллиард теңге қаржы жұмсалды. Осылайша, бүгінгі күні жобаға салынған жалпы инвестиция көлемі 2,1 миллиард теңгені құрап отыр.

Жаңа зауыт іске қосылғанға дейін кәсіпорын жылына 120,0 мың тонна тұз өндіп шығарған. Оның ішінде 80,0 мың тонна ас тұзы және 40,0 мың тонна техникалық тұз өндірген. Енді жаңа зауыт жұмыс істей бастағаннан соң өнім күрт көбейді. Қазір 213,0 мың тоннадан астам өнім шығарады. Бұл өндіріс қуаттылығы 2 есеге артты деген сөз. Оның ішінде 147,0 мың тонна ас тұзы және 66,0 мың тонна техникалық тұз шығарылады.

Жоба бойынша – 343 жаңа жұмыс орын құру көзделген. Оның ішінде 134 адам жаңа зауытта жұмыспен қамтылған. Жалпы алғанда «Арал тұз» АҚ пен жаңа зауытта жұмыс жасайтын адамдарды қоса есептегенде барлығы 800-ге жуық адам жұмыс істеп жатыр. Оның 95 пайызы жергілікті тұрғындар. Осы зауыттың арқасында жергілікті халық жұмыс іздеп басқа жаққа сабылмайтын болды.

Испанияда тұз өндіруден әлемдегі көшбасшы компания бар. «Construcciones Mecanicas J.SERRA, S.A.» деген. «Арал

тұз» өзінің жаңа зауытына осы компания құрал-жабдықтарын әкеп орнатты. Бүгінде Аралда өндірілген тұз ТМД елдерінде, әсіресе, Ресей нарығында аса зор сұранысқа ие.

Үшінші, «Бис групп» ЖШС «Мия тамырын өңдеу зауытын ашу және мияны өсіру» жобасын қолға алды. Нысан 2014 жылғы 28 желтоқсанда іске

Ержан БАЙТІЛЕС, «Егемен Қазақстан».

қосылды. Жоспар бойынша 2015 жылы ашылуы керек еді. Компанияның жедел қимылдауының арқасында жоба мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Айтпақшы, бұл жобаға Қытайдың «Борихунда» компаниясы да қатысып, қаржының 30 пайызын төлегенін айта кетейік. Ал жоба құны – 1,8 миллиард теңге. Қуаттылығы жылына 1000 тонна мия тамырының экстракттар мен 100 тонна глициризинат моноаммонийсын өндіруге жетеді. Жаңадан 156 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Ал маусымдық кезеңдерде 564 адамға дейін ұлғаяды. Аталған зауыт алғашқыда 3 түрлі өнім шығарады. Олар: глицирризин қышқылының ұнтағы, мия тамырының полисахариді, флавоноидтар. Соңғысы балаларға арналған дәрі екенін айта кетейік.

Соңғы бес жылда облыста бұрынсоңды болмаған әлеуметтік-экономикалық серпін пайда болды. Оған индустриялық-инновациялық бағдарламаның қосқан үлесі зор. Облыста атқарылған барлық жобаны құлағынан тізіп шығу міндет емес шығар. Дегенмен, жоғарыда айтылған жобалардан бөлек тағы бір екі нысан туралы сөз етпексіз болмас.

Былтыр Елбасының тікелей қатысуымен «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының бірінші бесжылдығының қорытындысы» атты телекөпір мен кәсіпкерлік саласының үздіктерін анықтауға арналған 3 байқаудың жеңімпаздарын марапатау рәсімі өтті. Міне, осы бесжылдықтың қорытындысында Қызылорда облысының 2 кәсіпорны 2 байқау бойынша жеңімпаз атанды. Біріншісі, «РЗА» АҚ. Ол Президенттің сана саласындағы жетістігі үшін берілетін «Алтын сапа» байқауының ірі кәсіпкерлік субъектісі ретінде «Халық тұтынатын тауарлар шығаратын үздік кәсіпорын» номинациясын жеңіп алды. Ал екіншісі, «ҚазГермұнай» БК» ЖШС. Бұл компания бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша берілетін «Парыз» конкурсының «Гран-при» иегері атанды. Осының өзінен-ақ біздің кәсіпорындардың жеткен жетістіктері айқын көрінеді.

Не істемек?

Толайым табыстың барына көз жетті. Алдағы уақытта не атқарыламақ? Қандай жетістіктерге қол жетпек? Нені көздеп отырмыз? Шамамыз қандай? Енді осы тақылеттес сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Биылдың өзінде аймақ бекер қарап отырған жоқ. Осы жылдың алғашқы тоқсанында іске қосылған жобалар



Берекенің бастауы

Қызылорда облысында индустриялық-инновациялық бағдарлама өміршеңдікпен орындалып жатыр



бойынша барлығы – 3,4 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Ал жалпы өнеркәсіп өнімінің көлемінде 161,9 миллиард теңгені құрады.

Аймаққа әкім болып келгеннен кейін Қырымбек Көшербаев облыс экономикасын ортақарапандыру керектігін айтты. Өйткені, мұнай мен газға тәуелді экономиканың тізгіні өз қолында болмайды. Әлемдік нарықта екеуінің бағасы кешегідей күрт төмендеп кеткенде, мұнай мен газға тәуелді экономиканыз шатақтатпай қалады. Сондықтан, өңірдің енесін тіктейтін басқа салаларға баымдық беру керек болды. Атап айтқанда, металлургия саласын дамытуды негізгі бағыт ретінде ұсынды. Осы себепті аймақ бойынша алдағы уақытта индустриялық-инновациялық бағдарламасы негізінде атқарылатын негізгі жұмыстың жүйесі жасалды. Осылайша, өңдеуші өнеркәсіптің металлургия, химия, мұнай-химия, машина жасау, материалдар құрылысы, тамақ өнеркәсібі секілді 14 сектордан тұратын алты басым бағыты таңдалынды. Олар: кара металлургия, түрлі түсті металлургия, мұнай өңдеу, мұнай-газ химия, азық-түлік өнімдерінің өндірісі, агрохимия, өнеркәсіптік химиялық заттар өндірісі, қозғалтқыш және жабдықтар бөлшектерінен тұратын автокөліктік құралдар өндірісі, электрлі машиналар және электр жабдықтарының өндірісі, ауылшаруашылық техникаларының өндірісі, теміржол техникаларының өндірісі, кен өнеркәсібі жабдықтары жөн машиналарының өндірісі, мұнай өңдеу және мұнай шығарушы өнеркәсіпке арналған машиналар өндірісі; құрылыс заттарының өндірісі секілді салалар.

Нәтижесінде өңірлік индустрияландыру картасы жаңа жобалармен толықтырылды. Яғни, құны 6,3 миллиард теңгені құрайтын 11 жоба жаңадан енгізіліп, 2015-2019 жылдарға арналған Қызылорда облысының өңірлік индустрияландыру картасы жасакталды. Ал Қазақстанның индустрияландыру

зауыты. Құны – 300,0 миллион теңге. Жұмыс орыны – 50 адам. Қуаты – 15,0 миллион дана. Бүгінде зауыттың құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ресейлік құрал-жабдық алынып, орнатылған. Құрылыс жұмысына 33 адам тартылған. Сондай-ақ, сазды барлау жұмыстарын аяқтаған. Енді сазды өндіру жұмыстары басталды. Кеніш Жезказған – Қызылорда автотжолының 42-ші шақырымында орналасқан, яғни Сырдария ауданында. Негізі осыған дейін 300,0 миллион теңгенен артық инвестиция игерілген.

Үшінші, «Азиз» ЖШС-нің «Сэндвич панель өндірісін ұйымдастыру» жобасы. Жоба құны – 90,0 миллион теңге. Жаңадан ашылатын жұмыс орынынң саны – 14. Қуаттылығы – 135 мың шарты метр. Желтоқсан айында іске қосылады деп жоспарланған. Сэндвич-панель дегеніміз құрылыс талаптарына сай келетін инновациялық материал. Оның ерекше қасиеттері: жылуды жақсы сақтайды, отқа төзімді, ұзақ уақытқа жарамды, салмағы аз, бұзу-құрастыру жұмыстары кезінде уақыт үнемдейді, ауа және су өткізбейді. Бұл құрылыс материалы үш қабаттан құралып, екі қатты материалдан және ортасы жылу сақтайтын жұмсақ жабдықтан тұрады. Жоба іске қосылғаннан кейін Қызылорда қаласындағы құрылыс саласының дамуына үлес қосатын болады. Сэндвич-панель – көбінесе зауыт ғимараттарын тұрғызуға, қоймаларды салуда пайдаланылады.

Төртінші, «Тоғыз-Аралотын» ЖШС-нің күйдірілген кірпіш шығару зауыты. Жоба құны – 30,8 миллион теңге. Жұмыс орыны – 45 адам. Зауыт Арал ауданында салынып жатыр. Жылына 4,0 миллион кірпіш шығаратын қауқары болады. Зауыт іске қосылған жағдайда Арал ауданындағы жұртшылықты сапалы құрылыс материалмен қамтамасыз ететін болады. Қыш тұрғын үй құрылысына пайдалануға өте қолайлы, арзан әрі сапалы. Оны түрлі құрылыс жұмыстарына пайдалана беруге болады. Зауытқа қажетті құрал-жабдықтар Қытайдан әкелінген.

Бесінші, «Адал су» ЖШС-нің су шығару зауыты. Жоба құны – 418 миллион теңге. Зауыт іске қосылғанда 40 адам жұмыспен қамтылады. Жылына 27,7 миллион литр су шығара алады. Іске қосылу мерзімі 2015 жылдың желтоқсан айы.

Жобаның негізгі мақсаты жаңа заманға сай инновациялық технологияларды қолдана отырып, өндірістік кәсіпорындардың ашылуы, жаңа жұмыс орындарын құру, сапалы және таза су шығару, аймақтың өндіріс әлеуетін кеңейту болып табылады. Бүгінде зауыт үшін Қызылорда қаласындағы индустриялық аймақтан бөлінген 1 гектар жер алу үшін құжаттары тапсырылып қойған.

Алтыншы, «Қазэнергосбережение» ЖШС-нің LED жарықтандыру құралдарын

шығару зауыты. Жоба Жалағаш ауданында іске асады. Жалпы құны – 98,3 миллион теңге, жұмыс орыны – 30 адам. Қуаты – жылына 31,2 мың дана. Іске қосылу мерзімі осы жылдың III тоқсаны.

Зауыт өнімін пәтерлерде, қоғамдық орындар мен офистік ғимараттарда, көшелерде, саябақтарда қолдануға болады. Нарықта үлкен сұранысқа ие.

Жалағаш ауданындағы индустриялық аймақтан 1 гектар жер алған. Құрылыс жұмыстары басталуда, қоршауын қоршап, іргетасын қалап, негізгі өндірістік корпус тұрғызылды, ішкі жұмыстар жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарына 15 адам тартылған.

Жоспар қандай?

Жасалған жұмыс пен алдағы уақытта нақты атқарылатын шаруалардың бір-сырғасын атадық. Дегенмен, мұның сыртында да жоспарланған тірліктер бар. Ол жұмыстар да аймақты индустрияландыру барысына тың серпін беріп, жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Осының өзінде Инвестициялар және даму министрлігіне жалпы құны 165,7 миллиард теңге құрайтын 4 жоба республикалық индустрияландыру картасына қосу үшін жолданды. Оның біреуі перспективалы жоба ретінде республикалық индустрияландыру картасына енгізілді. Әңгімені содан бастайық. Ол «Тау-Кен Самұрық» АҚ пен «Шалкия Цинк» ЖШС бірігіп атқаратын «Шалкия» кен орнында «Полиметалл кен орнын өнеркәсіптік байыту және кен-байыту фабрикасының құрылысы» жобасы. Мұндай ақымды шаруаны атқару үшін 75,9 миллиард теңге қажет. Жоспар іске асып кетсе, 1540 адам жұмыспен қамтыламақ. Қуаттылығы – жылына 66 мың тонна қорғасын, 230 мың тонна мырыш-қорғасын өндіруге жетеді.

Бұдан бөлек, «ЮЖИХАТОСтрой» ЖШС «Қуаттылығы 75 мВт жел электр станциясының құрылысы жобасы» жүзеге асыруды көздейді. Жоба құны – 52,5 миллиард теңге, жұмыс орыны – 40 адам. Іске асыру орыны – Жанақорған ауданы. «Global Energy Company» ЖШС «Қуаттылығы 24,94 мВт жел-күн электростанциясы құрылысы» жобасы қолға алмақшы. Ойдағы дүниені нақты жұмыс істету үшін 8,0 миллиард теңге қажет. Жұмыс орыны – 30 адам.

Ал «Корпорация «DANAKE» ЖШС «Цемент зауытының» жобасын ұсынып отыр. Құны – 29,3 миллиард теңге, жұмыс орыны – 50 адам, қуаты – 1,0 миллион тонна. Жоба Шиели ауданында іске аспақ. Аталған серіктестік «Цемент зауыты» жобасын іске қосу үшін Қытайдың «Gezhouba group» компаниясымен 200 миллион доллар сомасына келісім жасайды. Жобаның құрылысы үшін Қызылорда облысы, Шиели ауданы индустриялық аймағынан 49 гектар жер телімі қарастырылып, қазіргі күні ресімдеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде «Gezhouba group» компаниясының 10 маманы келіп жоба бойынша «Бизнес-жоспар» әзірлеуде. Жобаның құрылысын 2015 жылдың II жартысында бастау жоспарланған.

Аталған жобалар индустрияландыру картасына қосылғанда облыста жалпы құны 275 миллиард теңге құрайтын 25 жоба іске асырылатын болады.

Сонымен қатар, индустрияландыру картасынан тыс жобалар да іске аса бермек. Аймақта мұндай жобалардың саны – 6. Енді соларға аз-кем аялап кетелік. Айталық, «РМЗ-Шапағат» ЖШС-нің «Үй-құрылыс комбинатының құрылысы» жобасы. Қуаттылығы – жылына 80 000 м³ темір-бетон бұйымын өндіру. Жоба құны – 1454,0 миллион теңгені құрап отыр. Іске қосылғанда тұрақты 68 жұмыс орыны ашу жоспарлануда. Одан соң «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нің «Қысымдалған газ өнімін сату бойынша сервистік бекет» жобасы. Қуаттылығы – жылына 14 052 500 текше м/сағат. Жоба құны – 327,9 миллион теңге. Жаңадан 14 жұмыс орыны ашылады. Сондай-ақ, «Zhankent LTD» ЖШС-нің «Таза ауыз су өндірісі» жобасы. Жоба құны – 15,0 миллион теңге, бұл жерде сегіз адам тұрақты жұмыспен қамтылады. «Сыр Маржаны» ЖШС-нің «500 бас малға арналған бордақшалау алаңы» жобасы да индустрияландыру картасынан тыс жасалады. Жоба құны – 444,1 миллион теңге, іске қосылған жағдайда 16 адамға жұмыс орыны пайда болады. Сонымен қатар, «Сенім-Табиғат» ЖШС-нің «Көпсалалы ауылшаруашылық өнімдерін сақтау қоймасы» жобасы да осы қатарда. Қуаттылығы – жылына 1000 тонна өнім сақтау. Жоба құны – 500,0 миллион теңге. Жаңа жұмыс орыны – 30. Жеке кәсіпкер Шенеуісованың «Қармақшы ауданы, Ақай ауылында автокөліс газ-бетон өндіру цехы» жобасы. Қуаттылығы – жылына 4500 м³ газ-бетон өндіру. Жоба құны – 23,0 миллион теңге.

Түйін: Бір қарағанда сұқпаған сан, жансыз есеп сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ нағыз қайнаған өміріміз осы. Қаншама жоба қолға алынып, өмірге жолдама алып жатыр. Құр бекер емес, нарыққа қажетті, халықтың мұқтажын өтейтін өнім шығармақ. Өзгенің әулідей көріп сатып алып жатамыз ғой. Ал мынау өз өнімің. Отандық. Бұдан бөлек, екі қолға бір күрек таппай жүрген талай адам жұмыспен қамтылады. Сол жерлерден нәпақасын айырады. Қалай айтсаңыз да, индустриялық-инновациялық бағдарлама қайырлы болып тұр. Ең бастысы да сол.

Түйін: Бір қарағанда сұқпаған сан, жансыз есеп сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ нағыз қайнаған өміріміз осы. Қаншама жоба қолға алынып, өмірге жолдама алып жатыр. Құр бекер емес, нарыққа қажетті, халықтың мұқтажын өтейтін өнім шығармақ. Өзгенің әулідей көріп сатып алып жатамыз ғой. Ал мынау өз өнімің. Отандық. Бұдан бөлек, екі қолға бір күрек таппай жүрген талай адам жұмыспен қамтылады. Сол жерлерден нәпақасын айырады. Қалай айтсаңыз да, индустриялық-инновациялық бағдарлама қайырлы болып тұр. Ең бастысы да сол.

Қызылорда облысы.





Батырға ескерткіш орнатылды



Оралхан ДӘУІТ, «Егемен Қазақстан».

Таразда сұрмерген Ыбырайым Сүлейменовке ескерткіш орнатылды. Ұлы Отан соғысының тарихына көз жүгіртер болсақ, 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, құралды көзге атқан мерген болған Ы.Сүлейменов Калинин майданындағы алғашқы шайқастардың өзінде винтовкасымен 79 фашисті жер жастандырады. Великие Луки қаласы үшін болған шайқаста 60, ал, 1943 жылы күзінде Невель қаласы үшін болған кескілескен шайқаста 102 фашистің көзін жойып, өзі де ерлікпен қаза табады. Сол қанды шайқаста сұрмерген батыр қазақтың ауялы қызы, пулеметші Мәншүк Мәметова екеуі бір күнде, бір майдан шебінде Отан үшін жанын пида етті. Екеуінің де сүйегі Невель қаласындағы Ыбырайым Сүлейменов атындағы көшеде батырға арналған мемориалдықта ақталып жатыр.

«Біздің Ыбырайымға ешкім тең келмейді. Отан соғысында қазақ Сүлейменовтен асқан мерген жоқ. Біздің Сүлейменов Совет Одағының батыры болады» деген еді баталы командирі Ушаков», деп жазған екен ол туралы халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов. Ал, жыр алыбы Жамбыл Жабаев 1943 жылы 100-ші атқыштар бригадасынан алған хатына жауап қайырғанда:

Қырағы қырдың қыраны,
Даланың ұшқыр құланы.

Өңір өмірі

Біздің өнім тез өтеді



Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ірі шаруашылықтар тарап, жер бөлшек түсіп, ұсақ агроқұрылымдар құрылды. Осы кезде отбасымен кенесіп, біз де әрекет жасауды ұйғардық. Шаруа қожалығын құрып, оның атын «Қосағаш» деп қойдық «Қосағаш» – мал өсірумен шұғылданды. Алғашқы кезде мал басы аз болса, қазір ірі қара – 30, қой – 700 және жылқы 130 басқа жетті. Оларды бірнеше отбасы күтіп-бағады. Жалақыларын уақтылы төлейміз. Басқа да материалдық көмек көрсетеміз. Мал өсіру оңай емес. Кейде оның өнімдерін өндіруге жұмсалған шығын мен еңбек өтелмей жатады. Сондықтан да шикізат өңдейтін шағын кәсіпорын ашуды ұзақ уақыттан бері ойластырып жүрген болатымыз.

Соның сәті 2011 жылы түсті. Бауыржан Момышұлы ауылында сүт өңдейтін шағын цех аштық. Қазір онда 14 шаруа қожалығынан жазда – 5, қыста 3 тонна сүт қабылдап, одан сары май, қаймақ және басқа да сүт өнімдерін өндірудеміз. Оның 80 пайызы Алматы қаласына, қалғаны Тараз, Шымкент және Қызылорда қалаларына өткізіледі. Тауарларымыз қоймада жатып қалған кезі болған емес. Нарықта тұрақты тұтынушыларымыз бар. Қазір мұнда 9 адам жұмыс істейді. Қабылдап алған сүттің әр литріне 70 теңгеден төлейміз. Сапасы жоғары шикізат өткізгендер қосымша қаржылай ынталандырылып отырады. Біздің жұмысымызды отбасылық бизнес деуге болады. Осында келіңдерім – Жаншылсын Нұрбаева технолог, Эльвира Мешелова менеджер болып істейді.

Кейінгі кезде аудан және облысымызда ірі қара, оның ішінде сауын сиыр өсірушілер қатары көбейіп келеді. Сондықтан

Таудың жүйрік бұланы,
Фашистерді екі жүз,
Отыз тоғызын өлтірген,
Сүлейменов Ыбырайым,
Қазақтың батыр ұланы, – деп жырлаған екен.

Өйтсе де Ыбырайым Сүлейменов 1943 жылы шілде айында Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанымен белгісіз себептермен жіберілген құжат өзгертіліп, Ленин орденімен марапатталды. Енді, міне, Тараз қаласында батыр атындағы көшеде сұрмерген жауынгерге арналған еңселі ескерткіш бой көтерді.

– Халқымыздың мақтан тұтар арда ұлы, құралайды көзге атқан сұрмерген Ыбырайым Сүлейменов өзінің өмірін қасиетті Жеңіс жолында құрбан етті. Есімі Ұлы Отан соғысы тарихында алтын еріпін жазылып қалды. Халқымыз «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сактар» деп айтқанындай, елінің үмітін ақтап, халқының бейбіт болашағы үшін жанын қиған батырды ел де ұмытпақ емес, – деді ескерткіштің ашылу рәсімінде Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев.

Даңқты батыр Ыбырайым Сүлейменовтің мүсіні орналасқан жер аумағы 800 шаршы метрді құрайды. Мүсін авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Момыш Сейткерім.

ТАРАЗ

Суретті түсірген
Ақәділ РЫСМАХАН.

Орынбасар МЕШЕЛОВ,
«Кәсіпкер Мешелов» және
кәсіпорнының құрылтайшысы.

Жамбыл облысы,
Жуалы ауданы.

Суреттерді түсірген
Ақәділ РЫСМАХАН.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 2015 жылғы 2 маусымда сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында республикалық меншіктің жылжымайтын мүлік объектілерін сату жөнінде аукцион өткізу туралы хабарлайды

Республикалық меншіктегі объектілерді сату ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасына сәйкес орындалады.

Сауда-саттықтың голланд әдісімен аукционға республикалық меншіктегі мына объектілер қойылады:

1. Газ-2705 маркалы автокөлігі, 2001 ж.ш., м.н. А 085 ВР, Алматы қ., Жібек жолы к-сі, 15. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті. Бастапқы баға – 2 335 000 теңге, ең төменгі баға – 72 159 теңге, алғашқы баға – 467 000 теңге, кепілді жарна – 70 050 теңге.

2. Ваз-21150 маркалы автокөлігі, 2005 ж.ш., м.н. А 743 DM, Алматы қ., Жібек жолы к-сі, 15. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті. Бастапқы баға – 1 385 000 теңге, ең төменгі баға – 42 801 теңге, алғашқы баға – 277 000 теңге, кепілді жарна – 41 550 теңге.

3. Ваз-2115 маркалы автокөлігі, 2006 ж.ш., м.н. А 559 DP, Алматы қ., Жібек жолы к-сі, 15. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті. Бастапқы баға – 1 385 000 теңге, ең төменгі баға – 42 801 теңге, алғашқы баға – 277 000 теңге, кепілді жарна – 41 550 теңге.

4. ТОПАС-4 аспап жиынтығы, Алматы қ., Абай д-лы, 191. Баланс ұстаушы – «Ұлттық технологиялық болжау орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 26 818 900 теңге, ең төменгі баға – 828 789 теңге, алғашқы баға – 5 363 780 теңге, кепілді жарна – 804 567 теңге.

5. Mercedes-Benz 200E маркалы автокөлігі, 1997 ж.ш., м.н. А400EN, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 93/95. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. Бастапқы баға – 4 570 000 теңге, ең төменгі баға – 50 045 теңге, алғашқы баға – 914 000 теңге, кепілді жарна – 137 100 теңге.

6. Газ-3110 маркалы автокөлігі, 2001 ж.ш., м.н. А208ТС, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 93/95. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. Бастапқы баға – 810 000 теңге, ең төменгі баға – 88 629 теңге, алғашқы баға – 162 000 теңге, кепілді жарна – 24 300 теңге.

7. Ваз-21213 маркалы автокөлігі, 2006 ж.ш., м.н. 740AB02, Алматы қ., Макаатаев к-сі, 15. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. Бастапқы баға – 1 515 000 теңге, ең төменгі баға – 165 770 теңге, алғашқы баға – 303 000 теңге, кепілді жарна – 45 450 теңге.

8. Mercedes-Benz 280 маркалы автокөлігі, 1996 ж.ш., м.н. 736AB02, Алматы қ., Макаатаев к-сі, 15. Баланс ұстаушы – Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. Бастапқы баға – 2 500 000 теңге, ең төменгі баға – 273 547 теңге, алғашқы баға – 500 000 теңге, кепілді жарна – 75 000 теңге.

9. Hyundai elantra маркалы автокөлігі, 2003 ж.ш., м.н. 637AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 2 950 000 теңге, ең төменгі баға – 322 786 теңге, алғашқы баға – 590 000 теңге, кепілді жарна – 88 500 теңге.

10. Kia cerato маркалы автокөлігі, 2006 ж.ш., м.н. 618AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 3 165 000 теңге, ең төменгі баға – 346 311 теңге, алғашқы баға – 633 000 теңге, кепілді жарна – 94 950 теңге.

11. Volkswagen passat маркалы автокөлігі, 2004 ж.ш., м.н. 619AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 3 815 000 теңге, ең төменгі баға – 417 433 теңге, алғашқы баға – 763 000 теңге, кепілді жарна – 114 450 теңге.

12. Toyota hiace маркалы автокөлігі, 1993 ж.ш., м.н. 602AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 3 670 000 теңге, ең төменгі баға – 401 568 теңге, алғашқы баға – 734 000 теңге, кепілді жарна – 110 100 теңге.

13. Зил-131, маркалы автокөлігі, 1981 ж.ш., м.н. 213AD02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 4 455 000 теңге, ең төменгі баға – 487 462 теңге, алғашқы баға – 891 000 теңге, кепілді жарна – 133 650 теңге.

14. Зил-ММЗ 554 маркалы автокөлігі, 1980 ж.ш., м.н. 287AD02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 4 820 000 теңге, ең төменгі баға – 527 400 теңге, алғашқы баға – 964 000 теңге, кепілді жарна – 144 600 теңге.

15. Газ-66-02, маркалы автокөлігі, 1980 ж.ш., м.н. 094AD02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 2 910 000 теңге, ең төменгі баға – 318 409 теңге, алғашқы баға – 582 000 теңге, кепілді жарна – 87 300 теңге.

16. Газ-3110 101 маркалы автокөлігі, 2002 ж.ш., м.н. 611AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 1 540 000 теңге, ең төменгі баға – 168 505 теңге, алғашқы баға – 308 000 теңге, кепілді жарна – 46 200 теңге.

17. Иж-2715101 маркалы автокөлігі, 2002 ж.ш., м.н. 628AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 970 000 теңге, ең төменгі баға – 106 136 теңге, алғашқы баға – 194 000 теңге, кепілді жарна – 29 100 теңге.

18. Mercedes benz маркалы автокөлігі, 1996 ж.ш., м.н. 994AL02, Алматы қ., Әуезов к-сі, 107. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 2 460 000 теңге, ең төменгі баға – 269 171 теңге, алғашқы баға – 492 000 теңге, кепілді жарна – 73 800 теңге.

19. Газ-3307 маркалы автокөлігі, 1992 ж.ш., м.н. А575BV, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 71. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 3 050 000 теңге, ең төменгі баға – 333 728 теңге, алғашқы баға – 610 000 теңге, кепілді жарна – 91 500 теңге.

20. Тойота Хайэс маркалы автокөлігі, 1994 ж.ш., м.н. А264AR, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 71. Баланс ұстаушы – «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» РМҚ. Бастапқы баға – 2 760 000 теңге, ең төменгі баға – 301 996 теңге, алғашқы баға – 552 000 теңге, кепілді жарна – 82 800 теңге.

21. Nissan maxima маркалы автокөлігі, 2003 ж.ш., м.н. А513AV, Алматы қ., Мәметова к-сі, 3. Баланс ұстаушы – «Медицина және фармацевтика қараулау департаменті» ММ. Бастапқы баға – 2 605 000 теңге, ең төменгі баға – 285 036 теңге, алғашқы баға – 521 000 теңге, кепілді жарна – 78 150 теңге.

Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және аукцион өткізуге дейін жиырма төрт сағат қалғанда аяқталады.

Сәтіді жарна мына деректемелерге енгізіледі: «Ақпараттық есептеу

орталығы» АҚ, БИН: 050540004455, ИИК: KZ529261501102032004, БИК KZKOKZKX, банктің атауы: «Қазкоммерцбанк» АҚ, КНП 171, КБЕ 16 (кепілді жарна мөлшеріне банктік қызмет төлемі кірмейді).

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілім веб-порталында үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілім дерекқорында болуы турғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сатушының шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның аукцион басталғанға дейін жетпес екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталында өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Аукционға қатысушы кепілді жарнаны қайтару үшін сауда-саттық ұйымдастырушыға ағымдағы есепшоттың барын растайтын банк анықтамасының түпнұсқасын өткізуі қажет.

Аукционға қатысушы үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілді жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банкеті есепайырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail).

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы екі сағат ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде ЭЦҚ қойылған аукционға қатысуға өтінімді объект бойынша тізілімнің веб-порталында толтырып, екі сағат қалғанға дейін тіркелуі қажет.

Аукцион жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттарды:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың; заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспорттың немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілімнің веб-порталы үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілім дерекқорында болуы турғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

Қатысушының көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сатушының шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Тізілімнің дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталында бас тарту үшін негіз болып табылады.

Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, тізілім веб-порталында кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және қатысушының аукционға жіберу жүзеге асырылады. Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталында қатысушының өтінімі кері қайтарылады.

Автоматты түрдегі тексеру нәтижелері бойынша тізілім веб-порталында қатысушының өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау туралы электрондық хабарлама не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілім веб-порталында берілген аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат етіледі.

Сатушы аукционға қатысудан жазбаша нысанда не электрондық құжат объектісінде бас тартқан қатысушының аукцион нөмірін оны өткізгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

Электрондық аукционға қатысушылар электрондық аукцион басталуға дейін бір сағат ішінде аукцион залына ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдаланып кіреді. Электрондық аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша электрондық аукцион ережесі:

1) егер аукцион басталған кезде бастапқы екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционға жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісін бастапқы бағасы осы қағиданың 36-6-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды; 2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған

мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдау және қатысушының аукционға және коммерциялық тендерге жіберуді жүзеге асырады. Тізілімнің дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін кері қайтаралды.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілім веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат етіледі.

Аукционға қатысушылар аукционға бір сағат қалғанда аукцион залына ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдаланып кіреді. Аукцион сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана уақытымен, сонымен қатар аукцион залында жекешелендірілген объектінің бастапқы (алғашқы) бағасын автоматты түрде орналастырумен басталады.

Сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционға жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісін бастапқы бағасы осы қағиданың тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алуға ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алуға ниетін бірінші болып растаған қатысушы сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілді деп танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растама, онда аукцион өткізілмеді деп танылады.

Өрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдаланып аукцион аяқталғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына қол қойған кезінде тізілімнің веб-порталына сатып алу-сату шартына қол қойған кезде өтінімге тіркелген құжаттардың түпнұсқаларын не нотариатты куәландырылған көшірмелерін ұсынады. Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Аукцион өткізу туралы қосымша ақпаратты 8 (727) 313-07-85 телефоны және www.gosreestr.kz сайты арқылы білуге болады.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР



Мамыр айының малы

фотосетюд

Суретті түсірген Алтынбек ҚАРТАБАЙ

Спорт

Бұл күндері Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында «IBSA» атты заңшардың әлемдік ойындары өтуде. Осы байрақты бәсекеге еліміздің үмітін арқалап 14 азамат аттанған еді.



Екі Әнуар мен Ислам ерледі

Дастан КЕНЖАЛИН, «Егемен Қазақстан».

Осы аптада Сеулден сүйінші хабар жетті. Соңғы кезде жүзде алуан Қазақстан паралимпиадшыларының көш басында тұрған Әнуар Ахметов жүзден өткен жарыста қос күміс медальды иеленді. Бір күміс медальды Ислам Салимов жеңіл атлетикадан ұтты. Ал, боз кілемде жас дзюдошымыз Әнуар Сариев қола медальды жеңіп алды. «IBSA» ойындары паралимпиадшылар арасындағы ірі спорттық жарыстардың бірі. Бұл ойындар төрт жылда бір рет өтеді. Биыл бесінші мәрте өтіп жатқан жарыста спортшылар жеңіл атлетика, шахмат, футбол, голбол, дзюдо, пауэрлифтинг, шудуан, жүзу, жұптасқан веложары және боулинг сынды спорт түрлерінен бақ сынасауда. Қазақстан құрамының спортшылары тек жүзу, жеңіл атлетика, дзюдо және шахмат жарыстарына қатысауда. Енді, нақты нәтижеге келсек, Әнуар Ахметов 100 метрге шалқалмен және еркін жүзуден өткен сайыста жолы болмады. Тек бірнеше әдіспен жарыста 50 метрді 32,56 секундта жүзін өтіп бір күмісті олжаласа, кейіннен баттерфляй әдісімен 50 метрді 28,56 секундта уақытпен жүзін өтіп, тағы бір күміс медальды ұтты. Әнуардың әріптестері Әлібек Уақпаев, Бекжан Есіркепов, Мансурбек Ибрашевтардың әзірге қанжығалары майланар емес.

Жеңіл атлетика бәсекеінде қызылордалық Ислам Салимов үмітті ақтады. Ислам 400, 200 метрге жүгіруден жүзде ілікпесе де, ұзындыққа секіруде нәтижені 5,86 метрге жеткізіп, күміс медальды кеудесінде жарқыратты. Боз кілемдегі белдесулерде Орынбасар Құралбай, Теміржан Хасанғалиев, Самат Бимұратов алғашқы айналымдарда қапы кетіп, жеңіс жолынан шығып қалды. Тек атыраулық жас балуан Әнуар Сариев бес қарсыласын ұтып, ақырында қола медальға қол жеткізді. Бұл – Әнуар бауырымыздың халықаралық жарыстағы алғашқы ірі табысы.

Рахмет айтамыз!

«Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту жабағын сатып алды. Соған демеушілік көмегін көрсеткендері үшін TodiniCostruzioniGeneraliS.p.A. және SaliniCostruttoriS.p.A. компанияларына шексіз алғысымызды білдіреміз. Орталықтан көмек қажет ететін адамдарға көрсеткен мейірімділіктің бейн кайырымдылықтарыңызға ризамыз. Жоғарыда аты аталған компаниялардың барлық ұжымдарына зор денсаулық, жақсылық, жаналықтармен табыс тілейміз! Одан әрі өркендей беріңіздер!

«Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ ұжымы.

Ғажап!

Барыс қақпанға түсіп қалды

Гүлтайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ, «Егемен Қазақстан».

Климаттық жағдайы шөлді болып саналатын Маңғыстау өңірінде барыстың кезігуі жұртшылық тарапынан қызығушылық тудырады. Аталмыш оқиға мен қақпанда өліп жатқан барыстың суретін Sayat Lucky есімді азамат Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында хабарлаған.

Қарақия ауданының Құрық ауылы маңындағы шаруа қожалықтарының малына шауып тыным бермеген аңды қолға түсіру үшін шопандар қақпан құрып тастайды. Олар, әрине, малға шауып жүрген жұртқышты қасқыр деп ойлайды. Алайда, бірнеше күннен соң, айдаладағы қақпанды көруге барған шопандар онда өліп жатқан барысты көреді.

Дерек көздері елімізде мысық тұқымдас бұл аңның сегіз түрі таралғандығын айтады. Олардың ішінде қабылан, қамыс және шағыл мысықтары, сабаншы, қарақұлақ шөлейтті, шөлді, далалы-аймақтары мекендесе, сілеусін таулы алқаптардағы орман ішінде, ілбіс, яғни қар барысы биік таулы өңірде кездеседі. Негізінде орманды аймақта жүретін мысық тұқымдас барыс (леопард) бұрын Орталық Азияда тіршілік еткенмен, кейінгі кездері ол жойылып кеткен деп саналып келген болатын. Бірақ, аяғын қақпан қауып, мерт болған тарғыл барыс жергілікті тұрғындарды таңғалдырып отыр.

Маңғыстау облысы.

Зерде



Тұлға рухына тағзым

Алматыда кезінде Ермұхан Бекмаханов тұрған Панфилов көшесіндегі №126 үйге ескерткіш тақта орнатылды

Талғат СҮЙІНБЕЙ, «Егемен Қазақстан».

Салтанатты жиында сөз сөйлеген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Аманжолова ескерткіш тақтаның ашылуын – Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуы мен белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылғанын атап өтті.

Ермұхан Бекмаханов 1915 жылы Павлодар облысында дүниеге келген. Еңбек жолын Алматыда жоғары оқу орындарында оқытушы болып бастады. 1946-1947 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясында жаңадан құрылған Тарих, археология және этнография институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, 1947 жылдан 1966 жылға дейін Қазақ мемлекеттік университетінде өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды. Ғалымның ең басты еңбегі 1947 жылы Алматыда орыс тілінде жарық көрген «XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан» атты монографиясы болды. Осы тақырыпта 1946 жылы Мәскеуде тарих мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған. Алайда, 1951 жылы КСРО-ның басты басылымы – «Правда» газетінде сын мақала жарияланып,

ғалымды ұлтшыл деп қудалау басталды. Сол жылы университеттегі жұмысынан босатылып, партия қатарынан шығарылды. Ақыр соңында жоғарыдағы айыптау негізге алынып, 1952 жылы Е.Бекмаханов 25 жылға бас бостандықтан айырылды. Сөйтіп ГУЛАГ-тың Сібірдегі бөлімшесіне айдалды. 1954 жылы іс қайта қаралып, ақталып шықты.

Ескерткіш тақтаны ашу кезіндегі жиында кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетов таяуда еліміз бойынша прокатқа «Аманат» фильмінің шығатынын айтты. Кино шеберінің ұлы тұлғаның бейнесін сомдау жолында ұзақ жылдар тер төккенінен өнеруіер қауым хабарлар. Режиссер басты рөлге танымал актер Берік Айтжановты таңдапты. Кенесары ханды тағы бір белгілі актер Санжар Мәдиев сомдады. Қапшағай жағасында соңғы кадрлары түсірілген туындыда Қарлығаш Мұхамбетжанова, Әзіз Бейшенәлиев, Ерден Телемісов, Артем Минтнев және Дмитрий Скрита сияқты өнер иелері ойнады.

Жиналған қауым өмірі шырғалаңа толы ұлт қайраткерінің рухына бас иіп, тағзым етті.

АЛМАТЫ.

Суретті түсірген Айтжан МҰРЗАНОВ.

Айтайын дегенім...

Бұл – ұсақ-түйек емес

Көкшетау ежелден еліміздің солтүстік аймағындағы есті, басты саналған еңселі шаһарларымыздың бірі еді. Ұлттық шаралар да, ұлтжанды дәстүрлер де осы қаладан бастау алып жататын. Алайда, тәуелсіздік жылдары осы қаланың бұрынғы елжанды белсенділігі төмендеп, патриоттық сезімі сармаққалайып қалған секілді.

Жақсыбай САМПАТ, «Егемен Қазақстан».

Петропавлдан келе жатсаңыз шаһардың терістік қақпасынан кіресіз. Осы жерде алдындағы үлкен көпір кездеседі. Сол көпірдің терістік қақпасына, екі тілде, екі бөлек жерге жазып қойыпты. Ал осы көпір арқылы Астанаға да шығып кетуге болатыны еш жерде көрсетілмеген. Екі бірдей тақта тек Омбыны ғана көрсетіп тұрған соң, Астанаға шығаратын жол басқа екен деп ойлағанбыз, сөйтсек, Көкшетаудың шенеуніктері еліміздің бас қаласына осы көпір шығаратынын көрсетуді «ұмытып» кетіпті. Соған қарағанда, бұлға Астанадан гөрі Омбы маңыздырақ секілді көрініп қалды... Осыдан кейін көкшелік шенеуніктердің елжандылығы кемшіл бе деп ойлауға қақымыз бар ма? Біздіңше, бар.

Одан әрі... Көкшетаудың ортасымен жүріп келе жатып, шаһардың ішінен Астанаға шығаратын жол мына жақта деп көрсеткен бірде-бір бағдар тілді таба алмадық. Бұған да таңғалмасқа лайық жоқ. Көкшетау ауыл-аймақ емес, әжептәуір қала, тіпті, облыс орталығы емес пе? Ендеше, адамдарға барынша ыңғайлы болу жағы ескерілуі керек еді ғой.

Петропавл жақтан келетін жолға Көкшетаудың аумағынан 10-15 шақырымдай алыстағы ақ тақтаның фонына «Көкшетау» деп жазып қойылған. Мұнысы – қалаға әлі біршама қашық болса да сағатына 60 шақырыммен тепеде дегенді білдіреді. Ал өйтпесен, аңдып тұрған «жол-полдар» жол жерден шыға келіп, жолдың жесел... Ал жоғарыдағы сұрақтарды қойсаңыз, «біз білмейміз, оны әкімдікке айтыңыз», деп ат-тондарын ала қашады.

Осылар ұсақ дүние сияқты, алайда, осындай ұсақ-түйектен елге деген, жерге деген сүйіспеншілік оянтатынын немесе, керісінше, жекекүршілік туатынын көкшетаулық шенеуніктер ескерсе екен дейміз. Сонымен бірге, жол полициясы қызметкерлеріне айыппұл салудан бөлек, сыйайы, әдепті, елжанды болу жағын да ескертіп отыру артық болмас еді. Әйтпесе, астаналық нөмірді көрсетсе болды, жүгіре шығып тоқтау деген не әдет? Өкінішті оңдай әдет қызылжарлық полиция қызметкерлерінде де бар екен. «Бұларын не, осындай қызметте істеп, абыройы болып жүргендерің еліміз тәуелсіздігінің символы – Астананың арқасында емес пе десең, «Ваши наших тоже останавливаюот», деп қолдарын сілтейсің? Бұған не дейсің? Патриоттық сезім емес, «ваши, наши» деген бөлініс бастарына сіңіріліп қалған секілді.

Демек, ішкі істер қызметінде дәл бағыялді саяси сабақтар болмаса да тәртіп, әдеп сабақтары, патриоттық шаралар жиі өтіп тұруы керек екені анық байқалады.

Ақмола облысы.

Өнер

Бразилияны бағындырған Медет

«Астана Опера» театрының жетекші солісі Медет Шотабаев жақында бразилиялық Teatro Municipal (Сан-Паулу) сахнасында Дж. Вердидің «Отелло» операсына қатысып, үлкен табысқа қол жеткізді. Кассно партиясын қатарынан төрт күн орындаған эйімі дирижерлік тізгінде атақты Джон Нешлинг сүйемелдесе, операның қоюшы-режиссері – «Астана Опера» театрында «Абай» операсын сахналаған белгілі режиссер Жанкарло дель Монако.



дәрежедегі ұлы либреттошылар мен композиторлардың операларының тұсауесері бірінен кейін бірі алмасып жататынын атап өтті.

Еске сала кетейік, әртісті Бразилияға еуропалық опера агенті Стефания Гамба шақырған болатын. Ол қазақ әншісінің Марчелло Джордани қорының беделді халықаралық вокалдык байқауы барысында (2013 ж.) жарқырап ән салғанын байқап қалған, бұл Медет Шотабаевтың қанжығасына үшінші жүздені байлап үлгерген кезі болатын.

Сан-Паулудың Муниципалдық театрының қонақ сахнасында (Бразилия) Құдай-ау, кімдер ән салмаған десеңші. Энирко Карузо, Беньямино Джильи, Марио Дель Монако, Мария Каллас, Рената Тебальди, Артуро Тосканини, Камарго Гварнери, Эйтор Вилла-Лобос, Пьетро Масканы, Анна Павлова, Артур Рубинштейн, Дюк Эллингтон, Элла Фицджеральд, Айседора Дункан, Марго Фонтена... әлемдегі операның ең жарық жұлдыздары түгел осы сахнаның самалымен самғаған.

Бір кезіндегі ұлы либреттошылар мен композиторлардың операларының тұсауесері бірінен кейін бірі алмасып жататынын атап өтті.

Бір қызығы, оларда тұрақты опералық труппа деген атымен жоқ, шатта тек хор мен оркестр ғана болғанмен, негізінде опера солистерінің әлемнің әр шалғайынан таңдап шақыртып жатады. Сондықтан бразилиялық көрермен қазақстандық әртіске зор қошемет көрсетіп, аймай қол соғып отырды. Қойылымнан кейін олар өнер иесі жайында жылы лебіздерін білдіріп, қолтаңба алып қалуға асықты.

– Кейбіреуі менің Қазақстаннан ұшып келгеніме

Оқиға

Киіктер қырылып жатыр

Алғашқы күні қыстың ауырлығынан көтерем болған киіктер өліп жатыр деген болжам айтылған болатын. 13 мамырдың күні дала аруының жаппай қырылуы басталды. Сол күні мамандар өлген киіктердің 1000-ға жетіп жығылғанын хабарлады. Кеше облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Марат Бегімбетов ажал құшқан киіктің саны 1018-ге жеткенін айтты.



Нәзира ЖӨРІМБЕТОВА, «Егемен Қазақстан».

– Ақбөкеннің 941 ешкісі, 22 текесі және биыл өрген 55 құралайы өлген. Олардың барлығы дер уақытында жойылып, засызылдандырылды, – деді Марат Әбдірахманұлы. – Мамандар сол мандағы топырақтың, судың, ақбөкен өлекселерінің сынамасын алып, республикалық лабораторияға жетелді жіберді. Ол кемінде оншақты күн зерттелгеннен кейін ғана қорытынды шығарылады. Онда қауіпті жұқпалы аурулардың бар-жоғы анықталады.

Онда 926 ақбөкеннің ажалына пастереллез жұқпалы ауруы себеп болған еді. Дала еркесі оңтүстік облыстар төңірегінде қыстайды да, Торғай өңіріне келіп төлейді. Мамандардың айтуынша, қуанышты болған жаздан кейінгі ұзақ, ауыр қыстан көтерем шыққан ақбөкендер, әсіресе, ешкілері жұқпалы ауруларға төтеп бере алмайды. Қазір нақ төлдеп жатқан кезде қырылып жатыр.

– Киіктердің 11 мамырдан басталған жаппай қырылу оқиғасы әлі бір аптадай созылуы мүмкін. Өйткені, 2012 жылы Жангелдин ауданында олардың өлекселері 8 күн бойы жиналып, жойылып отырған еді, – деді Марат Әбдірахманұлы.

Бүгінде «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты мен «Охотзоопром» өндірістік бірлестігі мамандары Амангелді ауданында киік үйірлерін бақылауға алған. Залалсыздыру жұмыстары үшін эскаватор, жүк машиналары, дезинфекциялық дәрі-дәрмектердің барлығы қамтамасыз етілген. Өткен жылғы сияқ бойынша «Алтын дала» табиғи мемлекеттік резерватына жататын Амангелді ауданы төңірегінде 80 мыңнан аса киік болған. Міндет оларды аман сақтап қалу болып отыр.

Қостанай облысы, Амангелді ауданы.

Меншік иесі:

“Егемен Қазақстан” республикалық газеті” акционерлік қоғамы

Президент Сауытбек АБДРАХМАНОВ

Вице-президент – бас редактор Жанболат АУПБАЕВ

Вице-президент Еркін ҚЫДЫР

● МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, “Егемен Қазақстан” газеті көшесі, 5/13. 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58 А.

АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 341-08-12. БАЙЛАНЫС: Астанада: факс (7172) – 37-19-87, электронды пошта: egemenkz@mail.online.kz egemenkz@mail.ru, egemenkz@mail.kz. Интернет-редакция: ekazakhstan@mail.ru Алматыда: факс (727) – 341-08-12, электронды пошта – egemalm@mail.ru

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Астана – 8 (717-2) 37-61-21; Ақтау – 8 (701) 593-64-78; Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75; Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70; Атырау – 8 (712-2) 31-74-13; Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91; Қарағанды – 8 (721-2) 43-94-72; Қостанай – 8 (714-2) 39-12-15; Қызылорда – 8 (701) 772-70-74; Орал – 8 (777) 496-21-38; Өскемен – 8 (778) 454-86-11; Павлодар – 8 (718-2) 68-59-85; Тараз – 8 (726-2) 43-37-33; Шымкент – 8 (701) 362-63-76; Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ: Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, факс – 37-64-48, egemen_adv@mail.ru Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 341-08-11, gulnurekkz@mail.ru

Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне талпырысу беруші жауапты.

Газет мына қалаларда: 010000, Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС, 050000, Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБЖ ЖШС, 100008, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Арко» ЖШС, 110007, Қостанай қ., Мауленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС, 120014, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49, «Энергопроектсервис» ПБ» ЖШС, 130000, Ақтау қ., 22-м/а, «Сарпы Print» ЖШС, 030010, Ақтөбе қ., Рыскулов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС, 060005, Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Агартар» ЖШС, 160000, Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Енур print» ЖШС, 140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС, 150000, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 11, «Полиграфия» АҚ, 080000, Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖБ» «Сенім» ЖШС, 050000, Орал қ., Достық Дружба дан., 215 А, «WEST» ЖШС, 040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32, «Офсет» баспаханасы, 070002, Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС баспаханаларында басылып шықты.

Газетті есепке қою туралы №01-Г/күзлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті АҚ КР СТ ИССО 9001-2009 Сана менеджменті жүйесі. Тазаптар талаптарына сәйкес сертификатталған. Таралымы 203 394 дана. Нөмірді кезекші редакторы Дастан КЕНЖАЛИН.